SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION

2019

ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП

ЕСЕП ТУРАЛЫ

Қоғамның 2019 жылғы Жылдық есебі реті бойынша он бірінші болып табылады және жыл сайынғы корпоративтік есептілікті жариялау практикасын жалғастырады. Барлық есептер Қоғамның www.skcn.kz ресми сайтында қол жетімді. Осы есеп Қоғамның 2019 жылғы қаржылық және қаржылық емес есептіліктерінің біріктіруі болып табылады және Компанияның корпоративтік басқару жүйелерінің тұрақты дамумен өзара байланысын көрсетеді. Есептің тұжырымдамасын әзірлеу сатысында мүдделі тараптармен сұхбаттасу нәтижелерінің, тұрақты даму саласындағы алдыңғы есепке қатысты алынған Директорлар кеңесі ұсынымдарының, Қоғамның корпоративтік басқаруының диагностикасын өткізген сыртқы аудиторлар ұсыныстарының мониторингі, сондай-ақ салыстыруға болатын компаниялар есептерінің бенчмаркингі өткізілді.

Осы Жылдық есептің мақсаты оқырмандарды Қоғамның қызметіне әсер ететін барлық маңызды оқиғалар туралы хабардар ету. Қоғам өз мақсаты ретінде мүдделі тараптарға біз стратегиямызды қалай құрғандығымызды, біз өз активтерімізді қалай басқаратындығымызды, қажетті қаржылық көрсеткіштерге қалай қол жеткізетіндігімізді, тұрақты қызметті ұзақ мерзімді болашақта қалай қамтамасыз ететіндігімізді және акционер және біздің қызметімізде мүдделі барлық тараптар үшін шығарғымыз келетін құнды құру бойынша қалай жұмыс істейтіндігімізді түсінуге көмектесу әрекетін қояды.

Жылдық есептің мақсатты аудиториясы ретінде дәстүр бойынша, қызметкерлерді, Жалғыз акционерді және Директорлар кеңесін, қатысу аймақтарының тұрғындарын, мемлекеттік органдарды, қаржы институттарын, Компанияның клиенттерін және серіктестерін қоса алғанда, Қоғамның мүдделі тараптарының басым көпшілігі болып табылады.

Компанияда кері байланыс алудың алуан түрлі арналары жұмыс істейді. Жылдық есеп бойынша ескертулер мен ұсыныстар «Байланыс ақпараты» бөлімінде көрсетілген телефон және электрондық пошта арқылы қабылданады. Барлық келіп түсетін хабарламалар келесі Есеппен жұмыс істеу кезінде қаралатын және ескерілетін болады. Қызықтыратын сұрақтар бойынша қызметкерлерімізбен кеңестер өткізілетін болады.

Бірқатар жағдайларда Жылдық есепте ақпараттың қайталануын болдырмау үшін жалпыға қол жетімді басқа құжаттарға сілтемелер келтіріледі. Деректерді дайындау және беру барысында, Компания қаржы және өндірістік көрсеткіштерге қатысты алғанда GRI Standards, сондай-ақ, қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарын (ҚЕХС) қолдануға бағытталады.

Жылдық есептің 1-Қосымшасы Қоғамның мәмілелері туралы ақпарат болып табылады, 2-Қосымшасы құрамында GRI Standards бар болу индексі, 3-Қосымшасы – 31.12.2019 жылы аяқталған тәуелсіз аудиторлық аудиторлық есебі қамтылған жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігі болып табылады.

Есеп қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде бірдей жарияланады. Құжатпен Қоғамның интернет-ресурсында танысып шығуға болады.

МАЗМҰНЫ

Директорлар кеңесі Төрағасының жолдауы **2**
Басқарма Төрағасының жолдауы **4**

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ **6**
Жарғылық капиталдың құрылымы 9
Даму стратегиясы және оны жүзеге асыру 9
Бизнес-модель 12
Жылдың маңызды оқиғалары 12
Топтың құрылымы (31.12.2019 ж. жағдай бойынша) 13
Нарықтың қысқаша шолуы 14

ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ **18**
Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау 20
Жылжымайтын мүлікті басқару 23
Құрылысты басқару 23
Компаниялардың үлестерін жобалау және құрылысын салу сатысында сенімді басқару 28

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР **30**

НӘТИЖЕЛЕР **32**
Қызметтің басты көрсеткіштері 34
Қарыз қаражатын қайтару бойынша міндеттемелерді орындау 35

МАҢЫЗДЫ МӘМІЛЕЛЕР ТУРАЛЫ АҚПАРАТ*

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ **36**
ТБІБ жетілдіру бойынша іс-шаралар 39
Маңызды тәуекелдер 39

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ **40**
Корпоративтік басқару құрылымы 42
«Самұрық-Қазына» АҚ 2019 жылғы корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын орындау туралы есеп 42
Дивидендтік саясат 43
Директорлар кеңесі 43
Басқарма 52
Ішкі аудит 57
Сыртқы аудит 57

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП ТУРАЛЫ **58**

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ **62**
Тұрақты дамуды басқару 64
Маңызды тақырыптарды анықтау 66
Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу 67
Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер 71
Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес 72
Мемлекеттік саясатты қолдау 73
Жеткізілімнің жауапты тізбегі 73
Қоршаған ортаны қорғауға қатысты әсерді басқару 74
Кадрлық әлеуетті дамыту 75
Қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас 76
Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік 77
Ынталандыру жүйесі 78
Демеушілік және қайырымдылық 80
Байланыс ақпараты 80

ҚОСЫМШАЛАР **82**

* *2019 жылы жасалған, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер туралы ақпарат № 1 қосымшада берілген.*

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесінің Төрағасы
Тұтқышев Ержан

Құрметті әріптестер, серіктестер!

Сіздің алдыңызда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2019 жылғы қызметі туралы есеп. Компания өз дамуын жалғастыруда, өткен жылы таза кіріс 25 % артты және «Нұрлы жер» бағдарламасының аясындағы жылжымайтын мүліктің тұрақты пулы және құрылысты басқару және техникалық қадағалау қызметтері бойынша қызметтің жаңа түрлері арқасында соңғы жылдардағы максималды мәнге жетті.

Компания 2020 жылдағы мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтауда. Бүгінгі күні жалға алушылардың сапалы қоржыны қалыптасты, бұл өз кезегінде тұрғын үйлердің және коммерциялық жылжымайтын мүліктің шамамен 551 мың шаршы метрін құрайды. Бұл Компания жылжымайтын мүлікті басқару бойынша қызмет көрсетуді жалғастыратын 8 800 тұрғын пәтердің және 148 коммерциялық үй-жайдың жалға алушылары. Осылайша, 2019 жылы жалдау төлемдерін автоматты есепке алу жүйесіне көшу сәтті түрде аяқталды, ұялы клиенттік қолданбалы бағдарламаларды және банктік терминалдарды, «Қазпошта» АҚ сайтын қолданумен онлайн-төлем мүмкіндігі енгізілді.

2019 жылы Компания командасының күш-жігері Қор тобының арнайы экономикалық аймақтардың аумағында (бұдан әрі – АЭА) инфрақұрылым нысандарының құрылысын салу бойынша маңызды инвестициялық жобаларына бағытталды. «Karabatan Utility Solutions» ЖШС жобалары бойынша 2019 жылы Атырау облысындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» АЭА аумағында Бу-газ турбиналы электр станциясын пайдалануға беру жүзеге асырылды, соның шеңберінде 2019 жылдың желтоқсан айының өзінде 17 млн кВт*сағ астам мөлшеріндегі электр қуаты өндірілді. Сондай-ақ, «ХИМ-плюс» ЖШС және «Химпарк Тараз» АЭА БК» АҚ Жамбыл облысындағы «Тараз химиялық паркі» АЭА аумағындағы жобалары бойынша негізгі жұмыстар аяқталды. Сонымен бірге, Компания осы жобаларды техникалық қадағалау және басқару бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсету арқылы құрылыс сапасын бақылады.

Қажетті құзыреттіліктері бар тәжірибелі топтың бар болуы Нұр-Сұлтан қаласындағы және Түркістан қаласындағы нысандарда жобалау жұмыстарын қысқа мерзімде жүргізуге мүмкіндік берді, бұл өз кезегінде оларды 2020 жылы пайдалануға беруге мүмкіндік береді. 2019 жылы Қоғамның тікелей басқаруымен Нұр-Сұлтан қаласындағы Жекпе-жек сарайы және Түркістан қаласындағы Амфитеатр пайдалануға берілді. Сондай-ақ, Компания сүйемелдеген жобалар қоржынына Қожа Ахмет Яссауи мұражайы, Конгресс-холл, 7 000 орындық стадион, Оқушылар сарайы, Түркістан қаласындағы Цифрлық кеңсе, Нұр-Сұлтан қаласындағы Жеңіл атлетика спорт кешені және Қазақ драма театры кіреді.

> 2019 жылы Компания командасының күш-жігері Қор тобының арнайы экономикалық аймақтардың аумағында инфрақұрылым нысандарының құрылысын салу бойынша маңызды инвестициялық жобаларына бағытталды.

Арыс қаласындағы төтенше жағдайды жою үшін, Компания қысқа мерзімде өз ресурстарын білім беру, денсаулық сақтау, спорт мекемелерін және әлеуметтік инфрақұрылым нысандарын қалпына келтіруге, оқу жылының уақтылы басталуын қамтамасыз етіп, теміржол байланысының және медициналық жәрдемнің жұмысын қалпына келтіруге бағыттады. Сондай-ақ, тарихи-мәдени мақсаттағы нысандар, соның ішінде Батырлар аллеясы және Орталық алаң жөнделді.

Осылайша Компания «Самұрық-Қазына» АҚ тұлғасындағы акционермен қойылған қаржылық, операциялық және әлеуметтік тапсырмалар орындауды жалғастыруда. Мен Компанияның және оның серіктестерінің барлық қызметкерлеріне қол жеткізген нәтижелерге жалпы қосқан үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді және болашақта сәттілік пен амандық тілеймін.

Ержан Тұтқышев

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма Төрағасы
Сандықбаев Болатқан

Құрметті серіктестер, әріптестер, оқырмандар!

Сіздердің назарларыңызға «Samruk-Kazyna Construction» АҚ 2019 жылғы жылдық есебі ұсынылады.

Қоғам 2019 жылды тұрақты өндірістік және қаржылық нәтижелермен аяқтады: Нұр-Сұлтан қаласындағы екі тұрғын үй кешені және паркинг пайдалануға берілді, ішінара түрде Өскемен қаласындағы тұрғын үй кешені пайдалануға берілді, қарыздар бойынша берешекті төлеу және 35 млрд теңге мөлшеріндегі облигацияларды өтеу бойынша міндеттемелер орындалды. Таза кіріс 6,8 млрд теңгеге дейін өсті, бұл өз кезегінде 2018 жылғы көрсеткіштен 25% жоғары.

Бекітілген 2028 жылға дейінгі Даму стратегиясына сәйкес қызметтің 4 негізгі бағыты бойынша жұмыс жалғасуда:
1. Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
2. Жылжымайтын мүлікті басқару;
3. Құрылысты басқару;
4. Жобалау және құрылысын салу кезеңінде компаниялардың үлестерін сенімді басқару.

Компанияның мемлекеттік бағдарламаларға қатысуы жоспарлы түрде аяқталуда; «Нұрлы жер» мемлекеттік тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша тұрғын үй нысандарының басым көпшілігінің құрылысы аяқталды.

2019 жылы Қоғамның негізгі қызметі Түркістан қаласындағы бірқатар нысандар бойынша құрылысты басқару және техникалық қадағалау бойынша қызмет көрсетуге бағытталды, оның ішінде: 7 000 орындық стадион; Оқушылар сарайы; Қожа Ахмет Яссауи мұражайы; Цифрлық кеңсе; Конгресс-холл (пайдалануға беру 2020 жылға жоспарланған) және Амфитеатр (2019 жылдың желтоқсан айында пайдалануға берілді).

Осыған ұқсас жұмыс Нұр-Сұлтан қаласындағы нысандар бойынша жүргізілді, оның ішінде: Жекпе-жек сарайы (2019 жылдың маусым айында пайдалануға берілді), Жеңіл атлетика спорт кешені және Қазақ драма театры (нысандарды қолданысқа енгізу 2020 жылға жоспарланған).

Арыс қаласындағы қалпына келтіру және құрылыс жұмыстарына «Самұрық-Қазына» АҚ 7 млрд теңге бөлді, Қордың атынан осы жобаның әкімшісі «Samruk-Kazyna Construction» АҚ болды. Компания әлеуметтік инфрақұрылымның, білім беру, денсаулық сақтау және спорт мекемелерінің 68 нысанын қалпына келтірді, осылайша оқу жылының уақтылы басталуын қамтамасыз етті, теміржол байланысының және медициналық жәрдем жұмысын қалыпқа келтіру үшін қысқа мерзім ішінде ресурстарды жұмылдырды. Сондай-ақ, тарихи-мәдени мақсаттағы нысандар жөнделді, соның ішінде Батырлар аллеясы және Орталық алаң.

2019 жылы Fitch Ratings рейтингілік агенттігі эмитенттің «BB+» деңгейіндегі шетел және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді дефолт рейтингілерін және «AA(kaz)» ұлттық ұзақ мерзімді рейтингін кезекті рет растады, рейтингтер бойынша болжам – «Тұрақты». Сондай-ақ, листинг және облигацияларды KASE («Қазақстан қор биржасы» АҚ) орналастыру жүзеге асырылды.

Компанияның сәтті тәжірибесі және жүзеге асырылған жобаларының практикасы 2020 жылы да стратегиялық мақсаттарға қол жеткізіледі деген сенімге шабыттандырады.

Компанияның сәтті тәжірибесі және жүзеге асырылған жобаларының практикасы 2020 жылы да стратегиялық мақсаттарға қол жеткізіледі деген сенімге шабыттандырады.

Бізде алдымызға Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Жалғыз акционер қойған стратегиялық мақсаттарды тиімді дамыту және жүзеге асыру үшін барлық қажетті құралдар бар екендігіне мен сенімдімін.

Қоғамның ұжымына және серіктестеріне көрсеткіштерге қол жеткізуге қосқан үлесі үшін алғысымды білдіргім келеді және келесі жылы жаңа жетістіктерге жетуді тілеймін!

Болатқан Сандықбаев

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ қызметін 2009 жылдан бастап жүзеге асырады. Қазақстанның жылжымайтын мүлік нарығын тұрақтандыру міндетін жүзеге асыру үшін құрылған «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ қызмет еткен жылдары ішінде жылжымайтын мүлік саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың операторы ретінде сәтті түрде әрекет етті.

01.03.2019 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ мемлекеттік қайта тіркеуі өткізілді: атауы, заңды мекенжайы өзгерді, қызмет түрлері толықтырылды. Жаңа атауы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі – Қоғам).

Негізгі функциялары:

- тұрғын үй және коммерциялық үй-жайлар түрінде жаңа активтерді құру;
- құрылыс нысандарын қаржыландыру, құрылысы аяқталған немесе салынып жатқан жылжымайтын мүлік нысандарында тұрғын және тұрғын емес (коммерциялық) үй-жайларды сатып алу;
- жылжымайтын мүлікті басқару (жалға беру, соның ішінде кейіннен сатып алу құқығымен жалға беру, жылжымайтын мүлікті сату, пайдалану, ұстау және жөндеу бойынша және т.б. жұмыстарды ұйымдастыру);
- инженерлік іздестіру саласындағы қызмет және осы саладағы техникалық кеңестерді ұсыну.

Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасында жүзеге асырады.

Меншік сипаты және ұйымдық-құқықтық нысаны – жеке меншік нысаны, ұйымдық-құқықтық нысаны акционерлік қоғам болып табылатын заңды тұлға.

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



Барлық акциялар жай болып табылады.

Қоғамның бағалы қағаздарды ұстаушыларының тізілімін жүргізу «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі» АҚ жүзеге асырады.

ДАМУ СТРАТЕГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ

2018 жылы бекітілген Қоғамның 2018–2028 жылдарға арналған даму стратегиясына сәйкес, Қоғам мемлекеттік бағдарламалар операторы функцияларынан «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы үшін құрылысты және жылжымайтын мүлікті басқару саласындағы қызмет көрсетуге ауысты.

ПАЙЫМЫ

Біз жеткілікті ресурстарға ие, сенімді серіктестердің кең өрісі, сондай-ақ, жобаларды, құрылысты және жылжымайтын мүлікті тиімді басқару үшін құзіреттіліктері және тәжірибесі бар ұйымға айналамыз.

МИССИЯСЫ

Біз сапалы және қол жетімді тұрғын үйлерді ұсыну арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір сүру жағдайын жақсартамыз, сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының құрылысын және жобаларын басқару тиімділігін арттырамыз.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ	СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІ	НӘТИЖЕНІ ӨЛШЕУ
Мемлекеттік бағдарламаларда қатысуды аяқтау	• Мемлекеттік бағдарламалар бойынша жүзеге асырылатын жобалардың құрылысын аяқтау; • Тікелей сату, қаржылық немесе операциялық жалдау арқылы жобаларды жүзеге асыру; • Жалғыз акционер алдындағы негізгі берешекті және сыйақыны кестеге сәйкес өтеуге қатысты қаржылық міндеттемелерді уақтылы орындау.	• Жылжымайтын мүлікті жыл сайынғы пайдалануға беру көрсеткіші – 58,7 мың шаршы метр (28% – жоспарға; 11% – 2018 жылға); • Жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша өткізілген жылжымайтын мүлік көрсеткіші – 141,3 мың шаршы метр (78% – жоспарға; 345% –2018 жылға); • Коммерциялық тұрғын үй бойынша сатылған жылжымайтын мүлік көрсеткіші – 48,1 мың шаршы метр (277% жоспарға); • Қарыздар бойынша негізгі берешекті төлеу және облигацияларды өтеу – 35 млрд теңге (118% жоспарға; 43% 2018 жылға).
Жылжымайтын мүлікті басқару	• Маркетинг; • Жылжымайтын мүлік нысандарын жалға беру немесе сату; • Қаржылық менеджмент; • Қаржылық ағындар мен тәуекелдерді басқару.	• Ғимараттар мен құрылыстардың сенімділігін, қауіпсіздігін және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету.
Құрылысты басқару	• Жобалардың пулын қалыптастыру (Жалғыз акционердің тапсырмасы бойынша); • Жобалау тапсырмасын және техникалық сипаттаманы әзірлеу, нысандардың құрылысын жобалауға және салуға арналған әлеуетті компанияларды таңдау; • Кеңесші ретінде баға белгілеуді мониторингілеу, құрылыс барысын, қолданылатын материалдар сапасын, атқарылатын жұмыстар мерзімдерін, сондай-ақ, нысандарды уақытында пайдалануға беруді бақылау арқылы құрылысты басқару.	• Нысандарды пайдалануға уақытылы енгізу және «Самұрық-Қазына» АҚ портфельді компанияларына тапсырып беру.
Жобалау және құрылысын салу кезеңінде компаниялардың үлестерін сенімді басқару	• Құрылыс жобаларын біркелкі және тиімді басқару жүйесін ендіру; • Баға белгілеуді мониторингілеу, құрылыс барысын, қолданылатын материалдар сапасын, атқарылатын жұмыстар мерзімдерін, сондай-ақ, нысандарды уақытында пайдалануға беруді бақылау арқылы құрылысты басқару.	• Құрылыс нысандарын уақытылы пайдалануға беру, сапалы материалдарды қолдану, бөлінген инвестицияларды тиімді игеру және шығындарды айтарлықтай оңтайландыру.

Сондай-ақ, экономикалық тиімділікті және қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету шеңберінде төмендегі жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізілді:

Жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізу	• Таза кіріс – 6,8 млрд теңге (77% жоспарға; 125% 2018 жылға);
	• Таза активтердің құны – 48,6 млрд теңге (95% жоспарға; 116% 2018 жылға);
	• Борыш/капитал – 2,53 (жоспар бойынша 2,27; 2018 жылы – 3,57);
	• «Нұрлы жер» бағдарламасы аясындаақшалай қаражатты игеру:
	  • жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша – 3,3 млрд теңге (54% жоспарға; 18% 2018 жылға);
	  • коммерциялық тұрғын үй бағыты бойынша – 0,5 млрд теңге (13% жоспарға; 2,3% 2018 жылға).

БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

КАПИТАЛ

- **Қаржылық капитал**
  - акционерлік капитал
  - сыртқы қарыздар
- **Адам капиталы**
  - кәсіпқойлық
  - этикалық құндылықтар
- **Зияткерлік капитал**
  - лицензиялар
  - ақпараттық технологиялар
- **Әлеуметтік-бедел капиталы**

ҚЫЗМЕТТІҢ БАҒЫТТАРЫ

- **Мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау**
- **Жылжымайтын мүлікті басқару**
- **Құрылысты басқару**
- **Жобалау және құрылыс кезеңіндегі компанияның үлестерін сенімді басқару**

ҚЫЗМЕТТІҢ НӘТИЖЕЛЕРІ

- **Негізгі қызметтен түсетін кірістер**
  21,9 млрд теңге
- **Таза табыс**
  6,8 млрд теңге
- **Дивидендтер**
  1,3 млрд теңге
- **Қызметкерлер саны**
  118 адам

ЖЫЛДЫҢ МАҢЫЗДЫ ОҚИҒАЛАРЫ

Ақпан

18.02.2019 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен Қоғамның атауын «Samruk-Kazyna Construction» АҚ деп өзгерту, және Жарғыға өзгертулерді және толықтыруларды енгізу мақұлданды.

Наурыз

01.03.2019 жылы «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ мемлекеттік қайта тіркеуі жүзеге асырылды: атауы, заңды мекенжайы өзгертілді, қызмет түрлері толықтырылды. Жаңа атауы – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ.

05.03.2019 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның 124 адамдық штат санын көздейтін Қоғамның жаңа ұйымдық құрылымы бекітілді.

Сәуір

02.04.2019 жылы Қоғам сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы жобаларды басқару құқығына № 000024 Аккредиттеу туралы куәлікті 02.04.2021 жылға дейінгі мерзімге алды;

15.04.2019 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғамның 2018 жылғы Жылдық есебі бекітілді;

26.04.2019 жылы Қоғам жауапкершіліктің бірінші деңгейіндегі техникалық және технологиялық күрделі нысандарда техникалық қадағалау бойынша инжинирингтік қызметтерді көрсету құқығына № 01031 Аккредиттеу туралы куәлікті алды.

Маусым

24.06.2019 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының шешімімен Қоғамның 2018 жылғы аудиттелген шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігі бекітілді;

27.06.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы Хусейн бен Талал мен Еңбекшілер көшелерінің қиылысында тұрғын үй кешені пайдаланысқа енгізілді;

30.06.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы Жекпежек сарайы пайдаланысқа енгізілді;

AIX (Astana International Exchange) облигацияларды өтеу өткізілді;

листинг өткізілді және облигациялар KASE («Қазақстан қор биржасы» АҚ) орналастырылды.

Тамыз

19.08.2019 жылы Fitch Ratings рейтингілік агенттігі Қоғамға «BB+» деңгейіндегі шетелдік және ұлттық валютадағы ұзақ мерзімді эмитенттің дефолт рейтингтерін («ЭДР») және «AA(kaz)» ұлттық ұзақ мерзімді рейтингін берді. Рейтингтер бойынша болжам– «Тұрақты»;

21.08.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы 164 автокөлікке арналған бөлек тұрған паркинг пайдалануға берілді;

26.08.2019 жылы Қоғам жай акциялар бойынша дивидендтерді төледі.

Қараша

18.11.2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласындағы Сарыарқа даңғылы мен Кенесары көшесінің қиылысы ауданындағы паркингі бар тұрғын үй кешені пайдалануға берілді;

28.11.2019 жылы «ФН Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестің қалған 49% сатылды.

Желтоқсан

05.12.2019 жылы Түркістан қаласындағы Амфитеатр пайдалануға берілді;

20.12.2019 жылы Өскемен қаласындағы І.Есенберлин көшесі бойындағы ТК (8 үйдің 5 үйі) ішінара пайдалануға берілді;

25.12.2019 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен ұйымдық құрылымы ішінара түрде қайта қаралды және қызметкерлер саны 118 адамға дейін қысқартылды;

25.12.2019 жылы Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Қоғам Басқармасының құрамы өзгертілді.

ТОПТЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ (31.12.2019 ж. жағдай бойынша)

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ ▸ **«Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС**

31.12.2019 ж. жағдай бойынша «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС қатысу үлесінің 100% ие.

«Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС (бұдан әрі – «СҚ Девелопмент» ЖШС) Қоғамның Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 20 наурыздағы № 71 шешімімен «Жасыл орам» жобасын жүзеге асыру үшін құрылды. «СҚ Девелопмент» ЖШС 06.05.2013 жылы бекітілген Жарғысымен «СҚ Девелопмент» ЖШС 2014–2018 жылдардағы қызметінің негізгі бағыттары ретінде эко- және жасыл технологияларды қолданумен тұрғын үй құрылысын дамыту, пайда табу мақсатында тұрғын үй құрылысына инвестициялау, компанияның құнын арттыру белгіленді.

«Жасыл орам» жобасын аяқтаумен байланысты Қоғамның Директорлар кеңесінің 15.02.2019 жылы № 139 шешімімен «СҚ Девелопмент» ЖШС Жарғысына «Самұрық-Қазына» АҚ тобының еншілес компаниялары үшін төмендегі жобаларды жүзеге асыру барысында осы саладағы инженерлік іздестірулер және техникалық кеңестерді ұсыну саласындағы қызмет түрін 2025 жылға дейін кеңейтуге қатысты өзгертулер бекітілді:

- **Атырау облысы:** «KUS» ЖШС, «Біріккен химиялық компания» ЖШС нысандарының құрылысын салу;
- **Жамбыл облысы:** «Хим-плюс» ЖШС, «Тараз химиялық паркі» АЭА БК» АҚ, «Біріккен химиялық компания» ЖШС нысандарының құрылысын салу.

31.12.2019 ж. жағдай бойынша «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «Самұрық-Қазына Девелопмент» ЖШС қатысу үлесінің 100% ие.

«СҚ Девелопмент» ЖШС негізгі қаржылық-өндірістік көрсеткіштерінің серпіні

мың теңге

№	Көрсеткіштердің атауы	2016	2017	2018	2019
1	Жалпы кірістер	1 179 014	1 737 269	1 685 572	1 890 038
2	Сатудан түскен кірістер	824 442	1 357 089	1 499 268	1 468 732
3	Басқа кірістер	–	151	6 365	142 103
4	Қаржыландырудан түсетін кірістер	354 572	380 029	179 939	105 857
5	Жалпы шығындар	364 707	692 116	788 722	2 308 856
6	Өзіндік құны	164 983	517 844	564 073	530 124
7	Жалпы әкімшілік шығындар	189 640	174 143	186 293	206 545
8	Басқа шығындар	10 084	129	38 356	1 572 128
9	Табыс салығы бойынша шығындар	164 882	209 026	185 768	272 675
10	Таза кіріс +/Шығыс –	659 509	836 127	711 081	– 691 493

Сондай-ақ, 2019 жылы Қоғам Басқармасының 28.11.2019 жылғы шешіміне сәйкес «ФН Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталындағы үлестің қалған 49% сатылды.

«ФН Менеджмент» ЖШС Қоғамның Директорлар кеңесінің 10.12.2009 жылғы шешімімен (№ 17 хаттама) құрылды.

«ФН Менеджмент» ЖШС қызметінің негізгі бағыты Қоғамға тиесілі жайларды сатып алу құқығымен жалға беру, жалға беру және сату әдісімен өткізу, жалдау төлемдерін жинау және бақылау, нысандарға кешенді қызмет көрсету және пайдалану қызметтерін көрсету болатын, «ФН Менеджмент» ЖШС сенімді басқаруындағы жылжымайтын мүлікті басқару.

2019 жылдың қараша айына дейін «ФН Менеджмент» ЖШС қатысушылары ретінде болды:

1. 49% қатысу үлесімен «Samruk-Kazyna Consrtuction» АҚ.
2. 51% қатысу үлесімен «КАН Групп» ЖШС.

НАРЫҚТЫҢ ҚЫСҚАША ШОЛУЫ

Соңғы 11 жылдың ішінде елде тұрғын үй құрылысына инвестициялар көлемінің өсуі және нәтижесінде, тұрғын үйлерді пайдалануға беру көлемінің өсуі байқалды.

2019 жылда тұрғын үй құрылысына 1 423 млрд теңге бағытталды, бұл 2018 жылдың қаңтар-желтоқсан айларындағы кезеңмен салыстырғанда 22,4% көбірек.

ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫНА

1 423

МЛРД ТЕҢГЕ БАҒЫТТАЛДЫ

Тұрғын үй құрылысына инвестициялар



	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан	468	311	336	421	428	498	613	740	840	1 022	1 162	1 423
Нұр-Сұлтан	129	63	69	75	64	99	143	162	153	308	286	309
Алматы	127	67	56	86	74	83	129	145	169	147	177	243
Қазақстан	–5%	–34%	8%	25%	1,7%	16,3%	23,2%	20,6%	13,5%	21,8%	13,6%	22,4%
Нұр-Сұлтан	–20%	–51%	9%	9%	–14,2%	53%	44,8%	13,2%	–5,5%	101,6%	–7,3%	8%
Алматы	–14%	–47%	–16%	54%	–14,3%	12,6%	54,8%	12,3%	16,4%	–13,2%	20,5%	37,3%

Деректер көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Тұрғын ғимараттардың жалпы ауданын пайдалануға беру



	2008	2009	2010	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қазақстан	6 848	6 398	6 408	6 533	6 742	6 844	7 516	8 940	10 513	11 168	12 521	13 134
Нұр-Сұлтан	1 212	1 260	1 382	1 404	1 293	1 101	789	1 759	2 257	2 360	2 378	1 793
Алматы	1 010	1 050	1 056	775	786	832	717	1 374	1 862	1 902	2 006	2 102
Қазақстан	2,5%	–6,6%	0,2%	1,9%	3,2%	1,5%	11,8%	18,9%	17,6%	6,2%	12,1%	4,8%
Нұр-Сұлтан	5,2%	4%	9,7%	1,6%	–7,9%	–14,8%	4,4%	45,8%	28,3%	4,5%	0,7%	–24,6%
Алматы	2,7%	4%	0,6%	–26,6%	1,5%	5,8%	20,2%	3,2%	35,6%	2,1%	5,4%	4,7%

Деректер көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Өңірлік бөліністе есепті кезеңде Түркістан облысы бойынша тұрғын үй құрылысына инвестициялар өткен жылдың ұқсас кезеңінің көрсеткішінен 2 есе асты және 69,4 млрд теңгені құрады. Инвестициялардың ұлғаюы 2019 ж. жазында Түркістан облысының Арыс қаласындағы қалпына келтіру жұмыстарымен байланысты. Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларына сәйкесінше 243 млрд теңге (өткен жылдың ұқсас кезеңінен 37,3% көп) және 309 млрд теңге (өткен жылдың ұқсас кезеңінен 8% көп) млрд теңге бағытталды.

ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛГЕН ЖАҢА ҒИМАРАТТАРДЫҢ ЖАЛПЫ АУДАНЫ

17 399,4

МЫҢ ШАРШЫ МЕТРДІ ҚҰРАДЫ

2019 ж. қаңтар-желтоқсан айларында пайдалануға берілген жаңа ғимараттардың жалпы ауданы 17 399,4 мың шаршы метрді құрады. 2019 ж. қаңтар-желтоқсан айларында пайдалануға берілген тұрғын ғимараттардың жалпы ауданы 2018 жылдың қаңтар – желтоқсан айларымен салыстырғанда 4,9% дейін артты және 13 133,8 мың шаршы метрді құрады. Республикалық көрсеткіштердің өсуі Түркістан облысында тұрғын үй жайларын пайдалануға беру қарқынының айтарлықтай (+60%) өсуі салдарынан орын алды. Көшбасшылық жағдай – осы жылдың басынан бастап енгізілген тұрғын үйлердің 16% Алматы қаласына тиесілі.

Тұрғын үйлердің басым бөлігі – 11 268,9 мың шаршы метрді немесе 85,8% жеке салушылар, олардың ішінен халық 6 540,6 мың шаршы метрді пайдалануға берді, бұл өз кезігінде пайдалануға берудің жалпы көлемінде 49,8% құрайды. Тұрғын үйлерді пайдалануға берудің артуы Қазақстан Республикасының он алты облысында байқалды. Айтарлықтай өсім Түркістан облысында (1,6 есе), Алматы облысында (1,3 есе), Атырау облысында, Павлодар облысында, Солтүстік Қазақстан облысында және Шымкент қаласында (1,2 есе) байқалды. Сонымен бірге Нұр-Сұлтан қаласы құрылыс қарқыны бірден 24,6% төмендеген жалғыз аймақ болды.

Жаңа үйді сату бағасы



Деректер көзі: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

2019 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында құрылыс жұмыстарының (қызметтердің) көлемі 4 416,8 млрд теңгені құрады, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 14,9% жоғары. Республика бойынша құрылыс жұмыстарының жалпы көлемінің ең үлкен көлемін жеке құрылыс ұйымдары 88,3%, шетелдік – 11,6%, мемлекеттік – 0,2% орындады.

Құрылыс жұмыстары көлемінің артуы Қазақстан Республикасының он бес облысында байқалды. құрылыс жұмыстарының айтарлықтай өсуі Қарағанды облысында (2 есе), Қызылорда облысында (1,6 есе), Атырау облысында, Түркістан, Батыс Қазақстан облысында (1,3 есе), Ақмола (1,2 есе), Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе және Шығыс Қазақстан облыстарында (1,0 есе) байқалды. Нұр-Сұлтан қаласында құрылыс жұмыстарының көлемі 524 млрд теңгені құрады (2018 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 3,6% өсті). Құрылыс жұмыстары көлемінің төмендеуіне Маңғыстау облысында (өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 12,9%) және Шымкент қаласында (өткен жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 61,4%) жол берілді.

Тұрғын үйлер нарығындағы бағалар 2019 жылдың басынан бастап өсті. 2019 жылдың желтоқсан айында орташа есеппен алғанда ел бойынша жаңа тұрғын үйлердің 1 шаршы метрінің құны 293,5 мың теңгені құрады (2018 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 10% жоғары). Тұрмысқа жайлы тұрғын үйлерді қайта сату бағасы 2018 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда 7,8% өсті және 200,4 мың теңгені құрады. 2019 жылдың желтоқсан айында тұрмысқа жайлы тұрғын үйлерді жалға алудың орташа бағасы 1 шаршы метрге шаққанда 1500 теңгені құрады (2018 жылдың желтоқсан айымен салыстырғанда – 8,4% жоғары).

2018 жылмен салыстырғанда жаңа тұрғын үйлерге орташа бағаның өсуі Павлодар (26,6%), Семей (23,5%), Тараз (20,7%), Қостанай (17,5%), Орал (12,5%), Нұр-Сұлтан (9,7%), Алматы (9,1%), Шымкент (4,1%), Көкшетау (3,2%), Ақтөбе (2,8%) қалаларында байқалды. Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент және Атырау қалаларындағы жаңа тұрғын үйлердің 1 шаршы метрінің құны орташа республикалық деңгейден жоғары болып қалыптасты, және сәйкесінше 373,7 мың теңгені, 357,2 мың теңгені, 330,4 мың теңгені және 329,1 мың теңгені құрады.

Тұрғын үйлер нарығындағы бағалар 2019 жылдың басынан бастап өсті. 2019 жылдың желтоқсан айында орташа есеппен алғанда ел бойынша жаңа тұрғын үйлердің 1 шаршы метрінің құны 293,5 мың теңгені құрады.



ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

ҚЫЗМЕТТІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАРДА ҚАТЫСУДЫ АЯҚТАУ

Мемлекеттік бағдарламаларда қатысуды аяқтау және жылжымайтын мүлікті басқару мақсатының аясында 31.12.2019 ж. жағдай бойынша Дағдарысқа қарсы бағдарламаның шеңберінде жылжымайтын мүлік пулының 99% немесе 570,2 мың шаршы метр (тұрғын үй жайлар – 393,9 мың шаршы метр, коммерциялық үй-жайлар – 164,2 мың шаршы метр және 673 машина-орны) сатылды. Есепті кезеңде Ақжайық ТК ауданы 6,7 шаршы метр 1 коммерциялық үй-жай тікелей сату әдісімен сатылды; сатып алу құқығымен жалға беру әдісімен – 1 104,4 шаршы метр: Нұр-Сұлтан қаласындағы «Хан Тәңірі» ТК 1 пәтер және жалпы ауданы 286,5 шаршы метр 1 коммерциялық үй-жай, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Есіл» ТК ауданы 142,3 шаршы метр 7 паркинг орны, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ақжайық» ТК ауданы 512,5 шаршы метр 3 коммерциялық үй-жай және ауданы 16,10 шаршы метр 1 паркинг орны, Алматы қаласындағы «Эталон» ТК ауданы 147,0 шаршы метр 1 пәтер өткізілді. Операциялық жалдауға 1 521,2 шаршы метр берілді: Нұр-Сұлтан қаласындағы «Есіл» ТК ауданы 384,7 шаршы метр 22 паркинг орны, Нұр-Сұлтан қаласындағы «Ақжайық» ТК ауданы 1 136,5 шаршы метр 66 паркинг орны.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша Қоғам 31.12.2019 ж. 21 шарт жасады.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша Қоғам 31.12.2019 ж. жағдай бойынша Қоғамның 96,1 млрд теңге сомасына міндеттемелерімен тұрғын үй құрылысының 21 шарты жасады. 2018 жылы Қоғам бағдарламаның осы бағыты бойынша тұрғын үйлерді салу жобаларын қаржыландыру бойынша міндеттемелерді қабылдауды аяқтады. 31.12.2019 ж. жағдай бойынша жасалған шарттардың аясында Қоғам тұрғын үйлердің құрылысына 94,6 млрд теңге инвестициялады. Қоғам жасалған шарттар бойынша жылжымайтын мүліктің 642,5 мың шаршы метрін сатып алды. 31.12.2019 ж. жағдай бойынша 21 нысаннан 20 нысан және 2 нысанның тұрғын топтары пайдалануға берілді (Нұр-Сұлтан қаласындағы «Шығыс» ТК, Өскемен қаласының Ілияс Есенберлин даңғылындағы ТК), нысанның 1 бөлігінің (Өскемен қаласы, Ілияс Есенберлин даңғылындағы ТК), 1 нысанның (Қызылорда қаласы Шукуров көшесіндегі ТК) құрылысы құрылы жүргізілуде. Осы бағдарламаның аясында халыққа 496,5 мың шаршы метр сатылды. Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының қорландыру көзі ретінде Жалғыз акционер берген кредиттік желінің қаражаты болып табылады.

В 2019 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша 58 656 шаршы метр пайдалануға берілді, соның ішінде: Нұр-Сұлтан қаласы, Хусейн бен Талал және Еңбекшілер көшелерінің қиылысындағы ТК; Нұр-Сұлтан қаласы 36-көшесіндегі ТК паркинг; Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа және Кенесары көшелерінің қиылысындағы ТК., Өскемен қаласы, І. Есенберлин көшесіндегі ТК ішінара түрде пайдалануға берілді.

2019 жылы пайдалануға берілген нысандар

Нұр-Сұлтан қаласының Хусейн бен Талал және Еңбекшілер көшелерінің ауданындағы паркингі бар тұрғын үй кешені

Нысанның дайындығы – 100%	
Бас мердігер	«ASTI» ЖШС
Жоспар бойынша пайдалануға беру күні	27.06.2019 жылы
Нысан	Хусейн бен Талал және Еңбекшілер көшелерінің ауданындағы паркингі бар тұрғын үй кешені
Нысан құрылысының шарттары бойынша жалпы сома	3,4 млрд теңге
Қоғам пәтерлерінің саны	180 дана
Қоғам пәтерлерінің ауданы	19 443 м²
Автотұрақ орындарының саны	159 дана

Нұр-Сұлтан қаласындағы тұрғын үй кешенінің паркингі

Нысанның дайындығы – 100%	
Бас мердігер	«MELON» ЖШС.
Пайдалануға беру күні	21.08.2019 жылы
Нысан	№ 36 көшесіндегі (Ә. Бөкейханов көшесі, 31) көп пәтерлі тұрғын үйге арналған паркинг тұрағы
Нысан құрылысының шарттары бойынша жалпы сома	336,3 млн теңге
Көлік орындарының жалпы саны	164 көлік орны
Жалпы ауданы	2 952 м²

Нұр-Сұлтан қаласының Сарыарқа және Кенесары көшелерінің қиылысындағы ТК

Нысанның дайындығы – 100%	
Бас мердігер	«АДС-2001» ЖШС
Жоспар бойынша пайдалануға беру күні	18.11.2019 ж.
Нысан	Сарыарқа даңғылы және Кенесары көшесінің ауданындағы паркинг тұрағы бар тұрғын үй
Нысан құрылысының шарттары бойынша жалпы сома	2,9 млрд теңге
Қоғам пәтерлерінің саны	169 дана
Қоғам пәтерлерінің ауданы	19 382 м²
Көлік орындарының жалпы саны	202 дана

Сатылатын жобалар

Өскемен қаласының Ілияс Есенберлин даңғылындағы коммерциялық үй-жайлармен поз. 113/1–113/8 көп пәтерлі тұрғын үйлер

Нысанның дайындығы – 54%	
Бас мердігер	«Service СМУ» ЖШС
Жоспар бойынша пайдалануға беру күні	20.12.2019 ж. 8 үйдің 5 үйі пайдалануға берілді Қалған 3 үйді пайдалануға беру 2020 жылдың 1 жарты жылдығына жоспарланған
Нысан	Ілияс Есенберлин даңғылындағы коммерциялық үй-жайлармен поз. 113/1-113/8 көп пәтерлі тұрғын үйлер
Қоғам инвестицияларының	5,1 млрд теңге
Қоғам пәтерлерінің саны	546 дана
Қоғам пәтерлерінің ауданы	31 555,23 м² ішінен 16 879 м² пайдалануға берілді

31.12.2019 ж. жағдай бойынша коммерциялық үй-жайлар бағыты бойынша «Нұрлы жер» Тұрғын үй құрылысы бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қоғам жалпы сомасы 95,8 млрд теңгеге 11 нысан бойынша қаржыландыру шарттарын жасады, соның ішінде Қоғамның үлесі – 75,9 млрд теңге. Іс жүзінде Қоғам коммерциялық бағыт аясында 73,9 млрд теңгені қаржыландырды. Осы бағыттың аясындағы жылжымайтын мүлік пулы 31.12.2019 ж. жағдай бойынша 323,52 мың шаршы метрді құрады (100% жоспарға). Есеп беру күніне 10 нысандағы және бір нысанның тұрғын топтарындағы 282,9 мың шаршы метр пайдалануға берілді. Осы бағдарламаның қаржыландыру көзі ретінде Жалғыз акционер Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражаты есебінен берген кредит желісі болды, соның аясында Қоғам 73,6 млрд теңгені алды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан коммерциялық тұрғын үйлер үшін бөлінген кредит қаражатының 2018 жылдың соңына дейін қайтарылуын қамтамасыз ету бөлігінде «Нұрлы жер» бағдарламасының шарттарын орындау мақсатында, Қоғам 2018 жылдың желтоқсан айында Қазақстан қор биржасында 2019 жылдың маусым айында 5,2 млрд теңге сомасына 367 күндік айалыс мерзімімен облигацияларды шығарумен ішінара түрде қайта қаржыландырылған және листингпен AIX биржасына «Нұрлы жер» бағдарламасының коммерциялық бағыты бойынша берешекті мерзімінен бұрын өтеу үшін 25.06.2019 жылға дейінгі айалыс мерзімімен 20 млрд теңге сомасына облигациялар шығарғанын атап кеткен жөн.

ЖАЛПЫ СОМАСЫ

95,8

МЛРД ТЕҢГЕГЕ 11 НЫСАН БОЙЫНША ҚАРЖЫЛАНДЫРУ ШАРТТАРЫН ЖАСАДЫ

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІ БАСҚАРУ

Есепті кезеңде Қоғам төмендегі активтерді басқару бойынша функцияларды жүзеге асырды (маркетинг, жылжымайтын мүлік нысандарын жалға беру немесе сату, қаржылық басқару, қаржы ағындарын және тәуекелдерін басқару):

1) Нұр-Сұлтан қаласындағы «Жасыл орам» Бизнес-орталығының Т4 блогын Сенімгерлікпен басқару шарты жасалды.
2) «Қазына Тауэр» Бизнес-орталығы операциялық жалдауға үшінші тұлғаларға толығымен берілді;
3) Сондай-ақ, Қоғамға меншік құқығында тиесілі басқа жылжымайтын мүлік нысандары операциялық жалдауға берілді;
4) Жалғыз акционермен 2015 жылы Сенімгерлікпен басқаруға берілген нысандар бойынша («Аққент» және «Эдельвейс» ТК) жылжымайтын мүлікті Қоғаммен одан әрі сатып алу құқығымен жалға беру үшін төлемдер жиналды және бақылау жүзеге асырылды.

Салыстырмалы түрде жаңа бағыттар ретінде компаниялардың үлестерін жобалау және құрылысын салу кезеңінде техникалық қадағалау қызметтерін ұсыну, құрылысты басқару және сенімгерлікпен басқару болып табылады. Қоғамның компаниялардағы үлестерді басқару бойынша кірістері белгіленген төлем есебінен қамтамасыз етіледі. Осы бағыттардың аясындағы болжамды кезеңдегі негізгі мақсат жобаларды уақтылы жүзеге асыру және оларды пайдалануға беру болып табылатындығын атап кеткен жөн.

ҚҰРЫЛЫСТЫ БАСҚАРУ

Құрылысты басқару мақсатында Қоғам құрылыс жобаларын белгіленген бюджет, мерзім және тиісті сапа шегінде жүзеге асыру үшін жинақталған тәжірибені және ресурстарды пайдалана отырып, құрылыс жобаларын басқару бойынша кеңесші және/немесе құрылыстың, техникалық қадағалаудың тапсырыс берушісі ретінде әрекет етеді. Құрылысты басқару жүзеге асырылатын жобалар «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма төрағасының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің тікелей тапсырысы бойынша беріледі.

Түркістан қаласында жобаларды жүзеге асыру

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры »акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы» Үкіметтің 20.12.2018 жылғы № 853 қаулысына сәйкес, «Самұрық-Қазына» АҚ Түркістан қаласындағы бірқатар нысандар құрылысының қаржыландыруын жүзеге асыру тапсырылған, бұл Түркістан қаласын облыс орталығына айналырумен байланысты. «Самұрық-Қазына» АҚ қаржыландыру тапсырылған нысандар ішінде:

1. 7 000 орындық стадион,
2. Оқушылар сарайы,
3. Қожа Ахмет Яссауи мұражайы,
4. Цифрлық кеңсе,
5. Конгресс-холл,
6. Амфитеатр.

Осы жобалардың қаржыландыруы «Самұрық-Қазына» АҚ «Компания по строительству объектов» корпоративтік қоры (бұдан әрі – «КСО» КҚ) және «Самұрық-Қазына» АҚ тобының тапсырыс беруші болып әрекет ететін басқа компаниялары арқылы жүзеге асырылады, сол уақытта Қоғам құрылысты басқару және техникалық қадағалау бойынша қызметтерді көрсетеді.

2019 жылы Қоғам, КҚ «КСО» және «Қазпошта» АҚ арасында сәйкесінше шарттар жасалды. 31.12.2019 жылғы жағдай бойынша жоғарыда келтірілген нысандардан Түркістан қаласындағы Амфитеатр (05.12.2019 жылы) пайдалануға берілді. 31.12.2019 жылғы жағдай бойынша Түркістан қаласындағы қалған нысандардың дайындығы: Қожа Ахмет Яссауи мұражайы – 26%, Конгресс-холл – 37%, 7 000 орындық стадион – 29%, Оқушылар сарайы – 54%, Сандық кеңсе – 29% құрады.

1. Амфитеатр:

Құрылыстың құны	1 684 700 000 теңге
Қаржыландырылды	1 479 263 890 теңге
Пайдалануға берілді	05.12.2019 жылы
Қаржыландырушы ұйым	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ («КСО» КҚ арқылы)

2. Қожа Ахмет Яссауи мұражайы:

Құрылыстың құны	2 675 470 400 теңге
Қаржыландырылды	1 337 735 200 теңге
Пайдалануға беру мерзімі	30.06.2020 жылғы
Дайындық деңгейі	26%
Қаржыландырушы ұйым	KEGOC» АҚ («КСО» КҚ арқылы)

3. Конгресс-холл:

Құрылыстың құны	9 583 400 000 теңге
Қаржыландырылды	6 299 651 615 теңге
Пайдалануға беру мерзімі	01.07.2020 жылғы
Дайындық деңгейі	37%
Қаржыландырушы ұйымдар	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ, «ҚазТрансГаз» АҚ, «ҚазТрансОйл» АҚ («КСО» КҚ арқылы)

4. 7 000 орындық стадион:

Құрылыстың құны	12 618 000 000 теңге
Қаржыландырылды	9 116 734 472 теңге
Пайдалануға беру мерзімі	01.07.2020 жылғы
Дайындық деңгейі	29%
Қаржыландырушы ұйым	«ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ («КСО» КҚ арқылы)

5. Оқушылар сарайы:

Құрылыстың құны	5 093 881 913 теңге
Қаржыландырылды	4 051 315 958 теңге
Пайдалануға беру мерзімі	01.07.2020 жылғы
Дайындық деңгейі	54%
Қаржыландырушы ұйым	«ҚТЖ» ҰК» АҚ («КСО» КҚ арқылы)

6. Цифрлық кеңсе:

Құрылыстың құны	873 723 328 теңге
Қаржыландырылды	436 861 664 теңге
Пайдалануға беру мерзімі	30.06.2020 жылғы
Дайындық деңгейі	29%
Қаржыландырушы ұйым	«Қазпошта» АҚ

Нұр-Сұлтан қаласында жобаларды жүзеге асыру

Қоғам Құрылысты басқару бойынша ұқсас шарттарды Нұр-Сұлтан қаласындағы нысандар бойынша жасады: Жекпе-жек сарайы (нысан 30.06.2019 жылы пайдалануға берілді), Жеңіл атлетика спорт кешені (нысанның дайындық деңгейі 51%) және Қазақ драма театры (нысанның дайындық деңгейі 23%), құрылысын салу Қазақстан Республикасы Үкіметінің 11.03.2019 ж. № 93, 08.11.2018 жылғы № 729 Қаулыларымен шартталған.



1. Жекпе-жек сарайы:

Құрылыстың құны	9 089 014 773 теңге
Қаржыландырылды	9 089 014 773 теңге
Пайдалануға берілді	30.06.2019 жылы
Қаржыландырушы ұйым	«ҚазМұнайГаз-Сервис» АҚ («КСО» КҚ арқылы)



2. Жеңіл атлетика спорт кешені:

Құрылыстың құны	31 181 000 000 теңге
Қаржыландырылды	23 276 484 601 теңге
Пайдалануға беру мерзімі	1.07.2020 жылғы
Дайындық деңгейі	51%
Қаржыландырушы ұйым	«Самұрық-Қазына» АҚ («КСО» КҚ арқылы)

3. Қазақ драма театры:

Құрылыстың құны	26 036 600 000 теңге
Қаржыландырылды	18 019 334 337 теңге
Пайдалануға беру мерзімі	30.06.2020 жылғы
Дайындық деңгейі	23%
Қаржыландырушы ұйым	«Самұрық-Қазына» АҚ («КСО» КҚ арқылы)

Арыс қаласында жобаларды жүзеге асыру

Қоғам 2019 жылы осы мақсаттың аясында Түркістан облысының Арыс қаласындағы қаланың әскери бөлімшесінде орын алған жарылыстардың және өрттің нәтижесінде зақымдалған азаматтық құрылыс нысандарын қалпына келтіру бойынша айтарлықтай жұмыс мөлшерін жүзеге асырғандығын атап кеткен жөн. Қоғам барлығы 68 әлеуметтік нысанның құрылысын басқару бойынша қызмет көрсетті: 16 мектеп, 1 колледж, 36 балабақша, 8 денсаулық сақтау нысаны, 4 спорт нысаны, 3 басқа нысан (Темір жол вокзалы, Батырлар аллеясы және Орталық алаң).

Барлық 68 нысанда жұмыстар аяқталды, соның ішінде барлық 16 мектептегі жұмыстар 01.09.2019 ж. таман аяқталды.

Арыс қаласында зақымдалған әлеуметтік нысандарды қалпына келтіру

Нысандар	**Барлығы 68 әлеуметтік нысан:** 16 мектеп, 1 колледж, 36 балабақша, 8 денсаулық сақтау нысаны, 4 спорт нысаны, 3 басқа нысан (Темір жол вокзалы, Батырлар аллеясы және Орталық алаң).
Бөлінген қаражат	**7 млрд теңге** («Самұрық-Қазына» АҚ) + 1 млрд теңге («Халық» қайырымдылық қоры)
Жаңа құрылыс	**3 нысан** (жедел медициналық жәрдем ғимараты, стоматология бөлімшесі және балалар-жасөспірімдер спорт мектебі)
Ағымдағы жөндеу жұмыстары	**65 нысан**
Қаржыландырушы ұйымдар	«Самұрық-Қазына» АҚ, «Халық» қайырымдылық қоры («КСО» КҚ арқылы)

Сондай-ақ, 2019 жылы құрылысты басқару аясында Жарғысына қызмет түрлерін кеңейтуге қатысты тиісті толықтырулар енгізілген «СҚ Девелопмент» ЖШС (Қоғамның еншілес компаниясы) өз қызметін жүзеге асыра бастады: монополияға қарсы органдардан 2025 жылға дейін осы саладағы инженерлік іздестірулер саласындағы қызметті жүзеге асыруға және техникалық кеңес беруге қатысты рұқсаттар алынды.

«СҚ Девелопмент» ЖШС «Самұрық-Қазына» АҚ тобының төмендегі жобалары бойынша құрылысты басқарады және техникалық қадағалау қызметтерін ұсынады:

- газ турбиналық электр станциясын (ГТЭС) инженерлік қамсыздандыру нысандары: Инженерлік желілер дәлізі, сыртқы сумен жабдықтау, су өңдеу қондырғысы және ағынды суларды тазарту,
- ГТЭС Атырау қаласындағы «ҰИМХТ» АЭА аумағы ҚС 220 кВ қосылуды ескере отырып сыртқы электрмен жабдықтау;
- «ҰИМХТ» АЭА БК» АҚ (1-ші кезек) Қарабатан жалпы зауыттық өндірістік емес инфрақұрылымы.

КОМПАНИЯНЫҢ ҮЛЕСТЕРІН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСЫН САЛУ САТЫСЫНДА СЕНІМДІ БАСҚАРУ

Жобалау және құрылысын салу кезеңінде компаниялардың үлестерін басқару мақсатында Қоғам жобалауды және құрылыс-монтаждау жұмыстарын өткізу сатысындағы жобалау компанияларының үлестерін/акцияларын нысандарды/жобаларды пайдалануға беру сәтіне дейін басқарады.

2018 жылдың желтоқсан айында «Самұрық-Қазына» АҚ шешіміне сәйкес,«Самұрық-Қазына» АҚ еншілес компаниясы – «Біріккен химиялық компания» ЖШС, Қоғамның өзінің төмендегі компанияларының–«Тараз химиялық паркі АЭА» БК» АҚ, «ХИМ-плюс» ЖШС және «Karabatan Utility Solutions» ЖШС үлестерін және акцияларын сенімгерлік басқаруға берді.

Осы компаниялар инвестициялық – жобалау және құрылысын салу кезеңінде болды. Үлестерді басқару мерзімдері құрылыс нысандарын пайдалануға беруге дейін белгіленген. Осы шарттардың аясында, Қоғам сенімгерлік басқаруға берілген компаниялардың бүкіл өндірістік-шаруашылық қызметінің бақылауын және қадағалауын жүргізді, құрылыс барысының бақылауын, баға белгілеуінің, қолданылатын материалдар сапасының, сондай-ақ, атқарылатын жұмыстар мерзімдерінің бақылауын тиісті жүргізу мақсатында шаралар қабылдады және әрекеттерді атқарды.

«Тараз химиялық паркі» АЭА БК» АҚ жобалары. Инфрақұрылым.

Қоғам «Химпарк Тараз» АЭА БК» АҚ акцияларын 30.11.2018 жылғы № 10-13/94 Сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес басқарды. Шарттың әрекет ету мерзімі 01.04.2019 жылы аяқталды. Негізгі құрылыс-монтаждау жұмыстары аяқталды. АЭА газбен, электр қуатымен, сумен жабдықтау қамтамасыз етілді, сондай-ақ, темір жолдарын және станцияны іске қосу жүзеге асырылды.

«Тараз химиялық паркі» АЭА аумағындағы «ХИМ-плюс» ЖШС жобалары.

Есепті кезеңде Қоғам «ХИМ-плюс» ЖШС қатысу үлестерін сенімгерлікпен басқаруды 29.12.2018 жылғы № 10-13/95 Сенімгерлікпен басқару шартына сәйкес жүзеге асырды. Сенімгерлікпен басқару мерзімі нысандарды пайдалануға беру сәтіне дейін, бірақ 30.09.2020 жылдан кешіктірмей. Қоғамның басқаруымен төмендегі жұмыстар жүргізілді:

1. Глифосат (гербицид) өндірісінің және Үш хлорлы фосфор өндірісінің 1-ші және 2-ші іске қосу кешендері –15.01.2019 жылы пайдалануға берілді.
2. Каустикалық сода және хлор өндірісінің 1-ші кезегі – 25.10.2019 жылы пайдалануға берілді.
3. Глифосат (гербицид) өндірісінің және Үш хлорлы фосфор өндірісінің 3-ші іске қосу кешені – дайындық деңгейі 98%. Іске қосу және жөндеу жұмыстары жүргізілуде. ІЖЖ жылы уақытта өткізу орындылығына, сондай-ақ, ресурстармен (газ, су) үздіксіз жабдықтау бойынша мәселелерге байланысты қазандықтағы іске қосу және жөндеу жұмыстарын 2020 жылдың наурыз айына ауыстыру жоспарлануда.
4. Глифосат (гербицид) өндірісінің және Үш хлорлы фосфор өндірісінің 4-ші іске қосу кешенінің 1-ші кезегі – дайындық деңгейі 99%. Іске қосу және жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

«Karabatan Utility Solutions» ЖШС жобалары.

29.12.2018 жылғы № 10-13/96 Компанияның үлестерін сенімгерлікпен басқару шарты. Сенімгерлікпен басқару мерзімі нысандарды пайдалануға беру сәтіне дейін, бірақ 30.06.2021 жылдан кешіктірмей. Есепті кезең ішінде Қоғамның басқаруымен төмендегі жұмыстар жүргізілді:

1) Бу-газ турбиналы электр стансасының (БГТЭС) құрылысын салу. 2019 жылдың қараша айында нысанды пайдалануға қабылдау актісіне қол қойылды. 4 газ турбинасындағы іске қосу және жөндеу жұмыстары (ІЖЖ) аяқталды, бұл өз кезегінде станцияның 200 МВт өндіруге дайындық деңгейін қамтамасыз етті. Қазіргі уақытта 30.03.2020 жылы аяқтаумен бу генераторларын іске қосу бойынша ІЖЖ орындалуда, бұл өз кезегінде қуатты 110 МВт арттырады және БГТЭС 310 МВт дейінгі жиынтық қуатын қамтамасыз етеді. Энергетика министрлігі комиссиясының қорытындысын алу бойынша процедура өткізілді, бұл өз кезегінде «KUS» ЖШС өндіретін үйім ретінде тіркеуге және 12,1 теңге/кВт*сағ шекті тарифті бекітуге мүмкіндік берді. Іске асыру үшін АМӨЗ (50 МВт) жеткізілім шарты жасалды. АМӨЗ, сондай-ақ, басқа әлеуетті тұтынушылармен жеткізілімді 86 МВт дейін арттыру бойынша келіссөздер жүргізілуде.
2) «Инфрақұрылым АЭА «НИНТ». Сыртқы электрмен жабдықтау» нысанының құрылысы. 31.07.2019 ж. пайдалануға берілді. «KEGOC» АҚ теңгеріміне беру бойынша жұмыс жүргізілуде.
3) ГТЭС «Инженерлік желілер дәлізі, сыртқы сумен жабдықтау, суды өңдеу» инженерлік қамсыздандыру нысандарының құрылысы:

- Жұмыс 1 «Инженерлік желілер дәлізі» – жобалау жұмыстары 15.10.2019 ж. аяқталды. ҚМЖ бойынша дайындық деңгейі– 70%. БГТЭС үзіліссіз жұмысы қамтамасыз етілді;
- Жұмыс 2 «Сыртқы сумен жабдықтау» – жобалау жұмыстары 3.09.2019 ж. аяқталды. ҚМЖ аяқталады, БГТЭС сумен үздіксіз жабдықтау қамтамасыз етілді;
- Жұмыс 3 «Суды өңдеу» – жобалау жұмыстары 31.12.2019 ж. аяқталды. ҚМЖ бойынша дайындық деңгейі – 14%.

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

2020 ЖЫЛҒА ЖОСПАРЛАР

Келесі нысандарды пайдалануға беру жоспарланды: Түркістан қаласында: Қожа Ахмет Яссауи мұражайы; Конгресс-холл; 7 000 орындық стадион; Оқушылар сарайы; Цифрлық кеңсе. Нұр-Сұлтан қаласында: Жеңіл атлетика спорт кешені; Қазақ драма театры.

2020 жылы Қоғам маңызды инвестициялық жобаны жүзеге асыру аясында Алматы қаласында «Восточка» ТК 16 үйінің құрылысын аяқтауға – тұрғын үйлердің 52,6 мың шаршы метрін немесе 1,008 пәтерді пайдалануға беруге жоспарлап отыр.

Қоғам Атырау, Батыс Қазақстан облыстарындағы жобалар бойынша техникалық кеңес беруді жалғастыруда.

2020 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінде баяндалған тұрақты даму қағидаттарын ендіру бойынша практика жалғастырылады, Корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша жоспармен бекітілген іс-шараларды жүзеге асыру арқылы корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша қызмет жалғасатын болады. Сондай-ақ, Жалғыз акционермен Қоғамда корпоративтік басқарудың диагностикасын тәуелсіз кеңесшілермен өткізу жоспарлануда.

ТҰРҒЫН ҮЙЛЕРДІҢ
52,6
МЫҢ ШАРШЫ МЕТРІН НЕМЕСЕ
1,008
ПӘТЕРДІ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРУ

Келесі нысандарды пайдалануға беру жоспарланды: Түркістан қаласында: Қожа Ахмет Яссауи мұражайы; Конгресс-холл; 7 000 орындық стадион; Оқушылар сарайы; Цифрлық кеңсе. Нұр-Сұлтан қаласында: Жеңіл атлетика спорт кешені; Қазақ драма театры.

НӘТИЖЕЛЕР

НӘТИЖЕЛЕР

ҚЫЗМЕТТІҢ БАСТЫ КӨРСЕТКІШТЕРІ

№	Стратегиялық ҚНК	2018 факт	2019 жоспар	2019 факт	% жоспарға	% 2018 жылға таман
1	Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру, мың шаршы метр	515,9	207,0	58,7	28%	11%
2	Жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында өткізілген жылжымайтын мүлік, мың шаршы метр	40,95	182,0	141,3	78%	345%
3	Коммерциялық үй-жайлар бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасының аясындағы өткізілген жылжымайтын мүлік, мың шаршы метр	--	17,4	48,1	277%	--
4	Жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасының аясындағы ақшалай қаражатты игеру, млрд теңге	20,2	3,7	6,1	54%	18%
5	Коммерциялық үй-жайлар бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасының аясындағы ақшалай қаражатты игеру, млрд теңге	18,7	6,1	3,3	13%	2,3%
6	Корпоративтік басқарудың рейтингі	B	BB	--	--	--
7	Таза активтердің құны (NAV), млн теңге	41 812	51 377	48 635	95%	116%
8	Таза кіріс, млн теңге	5 437	8 875	6 791	77%	125%
9	Борыш/Капитал, коэф.	3,57	2,27	2,53	112%	71%
10	ROACE, %	3,4%	6,4%	5,2%	82%	152%

Жылжымайтын мүлікті пайдалануға беру, (мың шаршы метр). ҚНК Қоғамның барлық бағдарламалары және жобалары бойынша жылжымайтын мүліктің пайдалануға берілуін көрсетеді.

2019 жылы «Нұрлы жер» бағдарламасының аясында жалға беру бағыты бойынша пайдалануға берілген жылжымайтын мүліктің саны 58,7 мың шаршы метрді құрады (жалға беру бағыты бойынша жоспарға сәйкес 42%):

мың шаршы метр

Атауы	2018 факт	2019 Жоспар	2019 факт	% жоспарға	% 2018 жылға
Жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы	146,8	139,7	58,7	42%	40%
Коммерциялық үй-жайлар бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы	245,3	67,3	--	0%	0%
«Жасыл орам»	123,8	--	--	--	--
БАРЛЫҒЫ	**515,9**	**207,0**	**58,7**		

ҚАРЫЗ ҚАРАЖАТЫН ҚАЙТАРУ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ОРЫНДАУ

Қоғам есепті кезең ішінде «Нұрлы жер» тұрғын үй құрылысы бағдарламасының аясында сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй және коммерциялық тұрғын үй бағыттары бойынша және «Жасыл орам» жобасы бойынша іске асырған қызмет Жалғыз акционердің қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылды. Аталған қызметті іске асыру мақсатында Қоғам және «Самұрық-Қазына» АҚ арасында тиісті кредиттік шарттар жасалды. Есепті кезең ішінде қызметтің көрсетілген бағыттары бойынша қарыз қаражатын тарту төменде келтірілген.

мың теңге

Бағыттар	2016	2017	2018	2019 Жоспар	2019 Факт
Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы	20 802 330	--	15 869 667	4 692 192	2 280 184
Коммерциялық үй-жайлар бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы	42 875 500	12 108 303	18 658 046	--	--
Қазақстан қор биржасында облигацияларды шығару	--	--	--	--	5 203 442
БАРЛЫҒЫ	**63 677 830**	**12 108 303**	**34 527 713**	**4 692 192**	**7 483 626**

Қоғам және «Самұрық-Қазына» АҚ арасында жасалған кредиттік шарттарға бұрын жасалған қосымша келісімдерді ескере отырып, есепті кезең ішінде төменде келтірілген қарыздар өтелді:

мың теңге

Бағыттар	2016	2017	2018	2019 Жоспар	2019 Факт
Дағдарысқа қарсы бағдарлама	20 033 512	4 325 452	5 026 394	3 365 898	3 365 898
Сатып алу құқығымен жалға берілетін тұрғын үй бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы	4 291 237	5 447 496	5 580 442	8 868 827	5 845 529
Коммерциялық үй-жайлар бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасы	--	--	69 641 849	--	4 000 000
«Жасыл орам» жобасы	--	--	995 858	1 609 448	1 943 217
AIX облигацияларды сатып алу	--	--	--	16 000 000	20 000 000
БАРЛЫҒЫ:	**24 324 749**	**9 772 948**	**81 244 543**	**29 844 173**	**35 154 644**

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ



ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖӘНЕ ІШКІ БАҚЫЛАУ

Қоғамда Тәуекелдерді басқару тұрақты және үздіксіз үдеріс болып табылады және ықтимал қауіпті оқиғалардың уақтылы сәйкестендіруін қамтамасыз етуге және Қоғамның қызметіне және қойылған мақсаттарға қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдерді азайту бойынша шараларды қабылдауға арналған. Осындай оқиғалардың орын алуы шарасыз болған жағдайда, Қоғам жағымсыз салдарды азайту үшін барлық қажетті іс-шараларды жүзеге асырады.

Қоғамда тәуекелдерді басқарудың жалпы қабылданған тұжырымдамалық модельдеріне және Тредвей Комиссиясының Демеуші ұйымдар комитеті әзірлеген ұсыныстарға (COSO ERM «Ұйымның тәуекелдерін басқару: стратегиямен және қызмет тиімділігімен біріктіру») негізделген тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау (ТБІБ) жұмыс істейді.

Қоғамда ТБІБ негізгі қағидаттары Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген, Қоғамның ресми сайтында жария орналастырылған Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясатында белгіленген.

Қоғамда Тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы Қоғамның төмендегі органдары мен бөлімшелерін тартумен тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқарумен көрсетілген: Директорлар кеңесі, Басқарма, Тәуекелдерді басқару жөніндегі комитет, Ішкі аудит қызметі, комплаенс-бақылаушы, тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше.

Қоғамда менеджментке тәуекелдерді жедел анықтауға және болдырмауға бағытталған шешімдерді қабылдауға, және компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін құрал болып табылатын ішкі бақылау жүйесі жұмыс істейді.

Қоғамда Тәуекелдерді басқару комитетінің отырыстары тұрақты негізде ұйымдастырылады, есептер тыңдалады және маңызды тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар талқыланады, ТБІБ жетілдіру бойынша өткізілген іс-шаралар туралы есептер ұсынылады. Іске асырылған тәуекелдер туралы ақпарат Қоғамның Басқармасына және Директорлар кеңесіне уақтылы жеткізіледі.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



ТБІБ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ІС-ШАРАЛАР

Қоғамның ТБІБ бірыңғай үдеріске біріктірілген өзара байланысқан элементтер жиынтығы болып табылады, соның аясында Директорлар кеңесі, менеджмент және қызметкерлер Қоғамның қызметіне әсер етуі мүмкін ықтимал оқиғаларды анықтауда, сондай-ақ, осы оқиғаларды тәуекелдің қолайлы деңгейі аясында басқаруға қатысады.

Қоғам ТБІБ тиімділігін арттыру бойынша іс-шаралар кешенін жыл сайын әзірлейді және жүзеге асырады. ТБІБ жетілдіру аясында 2019 жылы іс-шаралар өткізілді, соның ішінде:

- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау саясаты COSO ERM 2017 қағидаттарын ескере отырып жаңартылды;
- Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесі аясында басқа құжаттар өзектілендірілді;
- Қоғамның бизнес-үдерістерінің жіктеуішісі бекітілді, кепілдіктер картасы, тәуекелдер және бақылаулар матрицасы өзектілендірілді;
- Іске асырылған тәуекелдердің дерекқорлары автоматтандырылды;
- Құрылымдық бөлімшелер басшылары және басқа мүдделі тараптар оқытылды;
- Тәуекел мәдениетін арттыру үшін жұмысқа жаңадан қабылданған қызметкерлерге тәуекелдер бойынша кіріспе тренингтер өткізіледі;
- Тәуекелдерді басқару жүйесінің қағидаттары бойынша білім деңгейін бағалау үшін тестілеу және сауалнамалар тұрақты негізде өткізіледі.

> Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс 2020 жылы жалғастырылатын болады.

Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін жетілдіру бойынша жұмыс 2020 жылы жалғастырылатын болады.

МАҢЫЗДЫ ТӘУЕКЕЛДЕР

2019 жылы Қоғам маңызды тәуекелдер тізіліміне және картасына 17 тәуекел енгізді, оның ішінде мыналар:

- Жылжымайтын мүлік нысандарын пайдалануға уақытылы бермеу;
- Жылжымайтын мүлік нысандарын меншікке қабылдаудағы кідірулер;
- Құрылыс салушылардан коммерциялық бағыт бойынша «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ақшалай қаражатты уақытылы қайтармау немесе қайтармау;
- Жайларды Қоғамның Бизнес-жоспарында 2019 жылға жоспарланған деңгейден төмен сату;
- Құрылыс салушыдан активтердің қайтарылмау тәуекелі сыни тәуекелдер болып табылады.

Есепті жыл ішінде бар тәуекелдерді қайта бағалау және жаңа тәуекелдерді сәйкестендіру салдарынан тәуекелдердің тізілімі мен картасы қайта қаралды.

Қоғам 2019 жылы тәуекелдерді іске асыру және оларды іске асыру салдарларын барынша азайту бойынша іс-шараларды өткізді, соның ішінде:

- Нысандарды өткізуді тұрақты бақылау, нысандарға шығу, құрылыс салушылармен жылжымайтын мүлік нысандарын пайдалануға беру мерзімдері өзектендірілген шарттарға қосымша келісімдерді жасасу;
- Жылжымайтын мүлік нысандарын сатып алушыларға кейіннен беру үшін анықталған кемшіліктерді жоюды бақылау және мониторингілеу;
- Жылжымайтын мүлік нарығының конъектурасындағы өзгерістерге байланысты өткізу әдісі мен бағасын өзгерту;
- Жылжымайтын мүлік нысандарын Құрылыс салушылардың берешегін өтеу есебіне Қоғамның меншігіне айналдыру және оларды кейіннен өткізу;
- Проблемалық дебиторлық берешекті қайтару бойынша жұмыс.

Жоспардың өзге тәуекелдерді барынша азайту бойынша іс-шаралары тұрақты негізде жүзеге асырылады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

Жарғыға сәйкес Қоғамның органдарына жатқызылады:

- **ЖОҒАРҒЫ ОРГАН – Жалғыз акционер**
- **БАСҚАРУ ОРГАНЫ – Директорлар кеңесі**
- **АТҚАРУШЫ ОРГАН – Басқарма**

Қоғам Директорлар кеңесі, Басқарма, Жалғыз акционер және өзге мүдделі тараптар арасында өзара қарым-қатынасты орнататын тиімді корпоративтік басқару жүйесін енгізу бойынша шараларды қабылдайды. Осы жүйенің арқасында қоғам бір мезгілде жалғыз акционердің және оның қызметіне қатысты басқа тараптардың мүдделерін қорғай отырып, құнын барынша арттыруға бағытталған үздіксіз жұмыс жүргізеді.

«САМҰРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ 2019 ЖЫЛҒЫ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ КОДЕКСІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫН ОРЫНДАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Қоғам дәстүрлі түрде басты рөлді әлемдік үздік тәжірибелерге негізделе отырып, корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құруға береді. Корпоративтік басқару кодексінің негізгі қағидаттарын сақтауды Қоғам Қоғамның ұзақ мерзімді сәтті дамуының, оның инвестициялық тартымдылығы артуының қажетті шарты деп санайды.

Корпоративтік басқару кодексінде қалыптасқан қағидаттар Қоғам үшін өзінің ішкі құжаттарды әзірлеудің маңызды көзі және корпоративтік басқарудың озық тәжірибесін қалыптастырудың бағдары болып табылады.

> Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша шараларды тұрақты негізде қабылдайды.

Қоғам корпоративтік басқарудың құрылымының Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес келуіне және басқару органдары арасындағы міндеттердің бөлінуін нақты айқындауға ұмтылады.

Корпоративтік басқарудың қағидаттарын ұстану компания қызметіне объективті талдау жүргізу үшін тиімді тәсілді құруға жәрдемдеседі.

Корпоративтік басқару әділдік, адалдық, жауапкершілік, ашықтық, есеп беруге міндеттілік, айқындық, кәсібилік және біліктілік негіздеріне құрылған. Корпоративтік басқарудың тиімді құрылымы барлық мүдделі тараптардың құқықтары мен мүдделерін құрметтеуді көздейді, Қоғамның сәтті қызметіне, соның ішінде құндылығының артуына және нарықтық құнының өсуіне, қаржылық тұрақтылықты және кірістілігін сақтауға жәрдемдеседі.

Қоғам корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру бойынша шараларды тұрақты негізде қабылдайды.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын сақтау туралы есеппен Қоғамның https://skcn.kz/ru/news/otchet-o-sledovanii-principam интернет-сайтында танысуға болады.

ДИВИДЕНДТІК САЯСАТ

«Самұрық-Қазына» АҚ дивидендтік саясаты дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі еншілес ұйымдарға қатысты әзірленген және «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі акциялар пакетіне немесе қатысу үлесіне дивидендтерді төлеу мәселелерін реттейді. Дивидендтер мөлшері туралы шешімді Жалғыз акционер қабылдайды.

26.08.2019 жылы Қоғам Жалғыз акционердің 24.06.2019 жылғы № 20/19 шешімімен бекітілген 1 331 236 000 теңге мөлшеріндегі дивидендтерді «Самұрық-Қазына» АҚ Еншілес ұйымдарға қатысты дивидендтік саясатына сәйкес төледі. Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивидендтің мөлшері 81,934614 теңгені құрайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ

Директорлар кеңесі Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің функциялары ретінде Қоғамның Даму стратегиясын, Бизнес жоспарын бекіту, тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімді жұмысын қамтамасыз ету, Қоғамның қаржылық-шаруашылық қызметін бақылауды жүзеге асыру және т.б. болып табылады.

2019 жылы Директорлар кеңесінің құрамына өзгертулер енгізілген жоқ.

Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына 3 мүше кіреді, олардың бірі – тәуелсіз директор, екеуі – Жалғыз акционердің мүдделерін білдіретін өкілдер.

> Қоғамның Директорлар кеңесінің құрамына 3 мүше кіреді, олардың бірі – тәуелсіз директор, екеуі – Жалғыз акционердің мүдделерін білдіретін өкілдер.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІ (31.12.2019 ж. жағдай бойынша)

ТҰТҚЫШЕВ ЕРЖАН БЕКСҰЛТАНҰЛЫ

Директорлар кеңесінің Төрағасы, Жалғыз акционердің өкілі.

Туған күні: 10.12.1981 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
Директорлар кеңесінің құрамына бірінші рет сайланған күні: 26.09.2016 жыл.

Білімі:
- Санкт-Петербург мемлекеттік экономика және қаржы университеті, РФ, «Қаржылық талдау және бухгалтерлік есеп», 2004 ж.;
- Иллинойс университеті, Урбана-Шампейн, АҚШ, «Қаржы магистрі», 2007 ж.

Соңғы бес жыл ішінде жұмыс орны және ұйымдардағы атқарған лауазымы:
- 10.2019 – қазіргі уақытқа дейін – Активтерді дамыту және жекешелендіру жөніндегі тең басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.
- 01.2018 – 10.2019 – Активтерді дамыту департаментінің директоры – «Самұрық-Қазына» АҚ Басқарма мүшесі.
- 12.2017 – 01.2018 – «Самұрық-Қазына» АҚ Жаңа салаларын дамыту жөніндегі басқарушы директор.
- 01.2016 – 12.2017 – «Самұрық-Қазына» АҚ Жаңа салаларын дамыту жөніндегі тең басқарушы директоры.
- 08.2014 – 01.2016 – «Самұрық-Қазына» АҚ Бас директорының Бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары.

Қосымша жұмыс және Директорлар кеңесіне мүшелігі:
- «Самұрық-Қазына» АҚ басқа еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді

ЖАҢАДІЛ ЕРНАР БЕЙСЕНҰЛЫ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі.

Туған күні: 15.12.1984 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні: 23.04.2018 жыл.

Білімі:
- Жоғары экономикалық білімі бар, Манчестер бизнес мектебінің Қаржы және есеп бойынша магистр дәрежесіне ие, Манчестер университеті, Ұлыбритания.
- Әр түрлі халықаралық кәсіби сертификаттарға ие, соның ішінде Басқару есепшілері институтының (CMA), АҚШ, Швейцария, Халықаралық жобаларды басқару қауымдастығының (IPMA), Ұлыбритания, Артықшылықты бухгалтерлер қауымдастығының (ACCA), сертификаттарына ие.
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік аудиторлық лицензиясы бар.

Соңғы бес жылдағы ұйымдардағы жұмыс орны және атқарған лауазымы:
- Түрлі жылдары Philip Morris Kazakhstan, «ЭлитСтрой» ЖШС, «PricewaterhouseCoopers» халықаралық аудиторлық фирмасында жұмыс істеді.
- «Самұрық-Қазына» АҚ келгеннен кейін Ішкі аудит қызметінің қызметіне жауапты болды, сондай-ақ, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесі маңындағы Аудит бойынша комитеттің және Қайта құруды бақылау комитетінің хатшысы қызметін атқарды және «Самұрық-Қазына» АҚ бірқатар еншілес ұйымдарының Директорлар кеңесі маңындағы Аудит комитеттерінің мүшесі болды.
- 2016 жылы кейіннен Қаржылар және операциялар жөніндегі басқарушы директор рөліне бекітумен «Самұрық-Қазына» АҚ қаржылық бақылаушысы лауазымына тағайындалды. Қазіргі уақытта Экономика және қаржы жөніндегі тең басқарушы директоры – «Самұрық-Қазына» Басқарма мүшесі АҚ болып табылады.

Қосымша жұмысы және Директорлар кеңесіне мүшелігі:
- «Самұрық-Қазына» АҚ басқа еншілес ұйымдарының Директорлар кеңестерінің құрамына кіреді.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларын иелік етпейді.

ЛАРИОНОВ ДМИТРИЙ ВЛАДИМИРОВИЧ

Директорлар кеңесінің мүшесі, Тәуелсіз директор.

Туған күні: 22.11.1973 г.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
Директорлар кеңесінің құрамына сайланған күні:
08.11.2017 жыл

Білімі:
- 1999 ж. ҚМЭБИ оқып бітірді, Іскери әкімшілендіру магистрі (MBA). Мамандығы: бухгалтерлік есеп және қаржы.
- 1995 ж. – Қазақ мемлекеттік халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетін аудармашы-референт (ағылшын тілі мамандығы бойынша оқып бітірді).

Соңғы уақыттағы қосымша тренингтер, курстар, семинарлар, тағылымдамалар:
- Мемлекеттің қатысуымен компаниялардың Директорлар кеңесінің мүшелері үшін Корпоративтік басқару, Дүниежүзілік банк, 2019 ж.;
- 2007–2018 ж.ж.– ҚМЭБИ университеті, Іскери әкімшілендіру докторы бағдарламасы бойынша курстар. Мамандығы: бухгалтерлік есеп.
- Корпоративтік басқару – басшыларға арналған біліктілікті арттыру бағдарламасы, Гарвард бизнес мектебі, 2013 ж.;
- Дипломды директор (Dip IoD), Ұлыбританияның директорлар институты, 2015 ж.;
- Сертификатталған директор (Cert IoD), Ұлыбританияның директорлар институты, 2013 ж.;
- Корпоративтік басқару бойынша сертификатталған директор (CCGD), Қазақстанның тәуелсіз директорлары қауымдастығы, 2013 ж.;
- Сертификатталған бухгалтер-практик (CAP), ICCAA, 2003 ж.;
- ҚР «Қазақстан Республикасының Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілеріне өзгертулерді және толықтыруларды енгізу туралы» Заң жобасы бойынша қорытындыны дайындау жөніндегі Жұмыс тобының мүшесі, ҚР Парламентінің Мәжілісі, 2005–2006 ж.ж.;
- ҚЕХС орыс тіліне ресми аудармасына шолу жөніндегі комитеттің мүшесі, 2009–2011 ж.ж.;
- Аудит Халықаралық стандарттарының орыс тіліне ресми аудармасының бірлесіп істейтін тең редакторы және жетекшісі, 2009, 2008 және 2006 ж.ж., ҚР Аудиторлар палатасы.

Жұмыс тәжірибесі:
- 2015 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Кеңесші, Қаржылық есептілік, аудит және корпоративтік басқару саласындағы реформалар орталығы, Дүниежүзілік банк;
- 2015–2005 ж.ж. – Серіктес, «BDO Қазақстанаудит» ЖШС;
- 2012, 2005 ж.ж. – Кеңесші, Дүниежүзілік банк;
- 2011/2012 академиялық жыл, Қаржы кафедрасының оқытушысы, ҚМЭБИ университеті;
- 2010–2003 ж.ж. – Халықаралық байланыстар бойынша комитеттің Төрағасы, ТҚ Төрағасының орынбасары, Кеңес мүшесі, ТҚ «Қазақстан Республикасының Кәсіби бухгалтерлер палатасы»;
- 2010–2008 ж.ж. – Дамушы елдер жөніндегі комитеттің мүшесі, Халықаралық бухгалтерлер федерациясы;
- 2009 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудиторлық қызмет мәселелері бойынша кеңес беру органының мүшесі.

Директорлар кеңесіне мүшелігі:
- 2013 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Тәуелсіз директор, «Астана ЭКСПО-2017» ұлттық компаниясы» АҚ;
- 2008 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Тәуелсіз директор, «Эйр Астана» АҚ;
- 2017–2015 ж.ж.– Тәуелсіз директор, «Қазақстан инжиниринг» ұлттық компаниясы» АҚ;
- •2015–2008 ж.ж. – Тәуелсіз директор, «Қазақтелеком» АҚ.

Компанияның, жеткізушілердің және Компанияның бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ДИРЕКТОРЛАРДЫ ІРІКТЕУ САЯСАТЫ ЖӘНЕ ҰСЫНУ РӘСІМІ

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Жарғысы 29-тармағының 4) тармақшасына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, Директорлар кеңесінің төрағасын сайлау, сондай-ақ, Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақылардың мөлшерін және төлем шарттарын анықтау мәселелері Жалғыз акционердің айрықша құзіретіне жатады.

Директорлар кеңесі туралы ережеге сәйкес Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткерлерде және Директорлар кеңесінің мүшелерінде тиісті жұмыс тәжірибесі, білімі, біліктілігі, сондай-ақ, Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесінде өз міндеттерін орындау және Директорлар кеңесінің тиімді жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті іскерлік пен (немесе) салалық ортадағы оң жетістіктері бар болуы тиіс.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері төмендегі талаптарға сай келуі тиіс:
1) Мемлекеттік органдарда, коммерциялық және басқа ұйымдарда басқару лауазымдарындағы не болмаса акционерлік қоғамдардың Басқармаларының немесе Директорлар кеңесінің құрамындағы жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес болуы тиіс;
2) мінсіз іскерлік беделге ие болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің мүшесі лауазымына төмендегі тұлға сайлана алмайды:
- жоғары білімі жоқ;
- өтелмеген соттылығы бар немесе заңда белгіленген тәртіппен сотталғандығы алынбаған;
- осыған дейін, мәжбүрлеп тарату туралы немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылдағанға дейін бір жылдан аспайтын мерзім ішінде басқа заңды тұлғаның директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші жетекші (басқар-

ма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болған. Көрсетілген талап мәжбүрлеп тарату немесе акцияларды мәжбүрлеп сатып алу, немесе белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған басқа заңды тұлғаны консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл бойы қолданылады.

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамы кемінде 3 (үш) тұлғадан тұрады, тәуелсіз директорлардың саны сандық Директорлар кеңесі құрамының кемінде үштен бір бөлігін құрауы тиіс.

Директордың тәуелсіздік критерийлері

«Акционерлік қоғамдар туралы» Заңының 1-бабының 20-тармақшасына, Жарғыға, Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес «тәуелсіз директор» Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде айқындалады, соңғысы:

- Қоғамның үлестес тұлғасы болып табылмайды және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл бойы сондай лауазымда болмаған (оның Қоғамның Тәуелсіз директоры лауазымында болу жайтын қоспағанда);
- Қоғамның үлестес тұлғаларына қатысты үлестес тұлға болып табылмайды;
- Қоғамның немесе қоғамның аффилиирленген тұлғалары – ұйымдардың лауазымды тұлғаларымен бағыныштылықпен байланысты емес және оның директорлар Кеңесіне сайланар алдындағы үш жыл ішінде осы тұлғалармен бағыныштылықпен байланысты емес;
- Қоғамның аудиторы болып табылмаған және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл бойы сондай лауазымда болмаған;
- Қоғамның аудитинде аудиторлық ұйымның құрамында жұмыс істейтін аудитор ретінде қатыспайды және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл бойы осындай аудитте қатыспайды;
- Мемлекеттік қызметкер болып табылмады;

> «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Жарғысына сәйкес Директорлар кеңесінің сандық құрамы кемінде 3 (үш) тұлғадан тұрады, тәуелсіз директорлардың саны сандық Директорлар кеңесі құрамының кемінде үштен бір бөлігін құрауы тиіс.

- Қоғам органдарының отырыстарында жалғыз акционердің өкілі болып табылмайды және оның Директорлар кеңесіне сайлануына дейінгі үш жыл бойы сондай лауазымда болмаған

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның Директорлар кеңесіне жұмысты және Директорлар кеңесінің мүшелері лауазымдарын басқа ұйымдарда қоса атқару туралы алдын-ала хабарлайды.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері Қоғамның бәсекелес ұйымдарында Директорлар кеңесінің құрамына кіре алмайды және атқарушылық лауазымдарды алмастыра алмайды.

Қоғамның Тәуелсіз директоры осы есепті құрастыру күніне «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында, Жарғыда және Корпоративтік басқару кодексінде келтірілген тәуелсіздік критерийлеріне толығымен сай келеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

Директорлар кеңесін бағалау Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қоғамның Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау саясатына сәйкес өткізіледі.

Осы саясатқа сәйкес Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесі комитеттерінің және Директорлар кеңесі әрбір мүшесінің жұмысын бағалау туралы шешімді Директорлар кеңесі қабылдайды.

Директорлар кеңесі мыналарды: :

- кеңесшіні тартумен;
- сауалнама, сұхбаттасу және т.с.с. өткізу арқылы;
- аралас әдісті қолдана отырып: үдерісті кеңесші тарапынан үйлестіре отырып өз күшімен бағалауды өткізе алады.

Сондай-ақ, Директорлар кеңесінің және оның комитеттерінің, Төрағасының, Директорлар кеңесі мүшелерінің және Қоғамның Корпоративтік хатшысының қызметін бағалау саясатына сәйкес Жалғыз акционер өз бағалауын өз бетінше немесе Кеңесшіні тартумен өткізе алады. Назарға ДК өз бетінше өткізген бағалау нәтижелері, Қоғам қызметінің нәтижелері, акционердің үміттерін орындау және өзге факторлар алынады.

2020 жылы Жалғыз акционер Қоғамда корпоративтік басқарудың диагностикасын тәуелсіз кеңесшілермен өткізуді жоспарлады, сондай-ақ, диагностика Қоғамның Директорлар кеңесінің 2019 жылғы тәуелсіз бағалауын қамтитын болады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ МҮШЕЛЕРІНІҢ БІЛІКТІЛІГІН АРТТЫРУ

Қоғамда «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру және Қоғам Директорлар кеңесінің сыртқы сарапшыларын тарту бойынша саясат әрекет етеді, Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыруға және сыртқы сарапшыларды тартуға қатысты олардың құқықтарын және міндеттерін анықтайды.

Сондай-ақ, Біліктілікті арттыру бойынша саясатта тәуелсіз директорлардың Директорлар кеңесінің құзыреттілік мәселелері және іргелес мәселелер бойынша өз біліктіліктерін арттыру бойынша іс-шараларда, сыртқы және ішкі оқыту бағдарламаларда, семинарларда (тренингтерде), конференцияларда, дөңгелек үстелдерде, форумдарда қатысып, біліктілікті арттырудың басқа жалпы қабылданған нысандарын пайдалана отырып, үш жылда бір реттен кем емес қатысу міндеттемесі бекітілген.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ

Директорлар кеңесінің қызметі бекітілген жылдық жұмыс жоспарының негізінде жүзеге асырылады. Қоғамда 2019 жылы Қоғам Директорлар кеңесінің 9 отырысы өткізілді, олардың ішінен 8 – қатысып дауыс беру түрінде, 1 сырттай дауыс беру түрінде. Қоғам қызметінің негізгі аспектілері бойынша барлығы 123 мәселе қаралды.

ҚОҒАМДА 2019 ЖЫЛЫ

9

ОТЫРЫС ӨТКІЗІЛДІ

123

МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің 2019 жылғы отырыстарына қатысуы:

Директорлар кеңесінің мүшесі	Тәуелсіз	ДК
Тұтқышев Е.Б.	жоқ	9/9
Жәнәділ Е.Б.	жоқ	9/9
Ларионов Д.В.	иә	9/9

Директорлар кеңесімен қаралған 2019 жылғы негізгі мәселелер

2019 жылы Директорлар кеңесінің отырыстарында оның құзыретіне кіретін қызметтің стратегиялық және ағымдағы мәселелері қаралды.

Директорлар кеңесінің шешімімен төмендегі негізгі мәселелер қаралды және бекітілді:

Стратегиялық даму:

- Қоғамның даму стратегиясын жүзеге асыру туралы есепті қарау;
- Қоғамның Жарғысына «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ атауын «Samruk-Kazyna Construction» АҚ атауына өзгертуге қатысты өзгертулер мен толықтыруларды енгізу және Қоғамның қызмет түрлерін құрылыстағы жобаларды басқару және техникалық қадағалау бойынша инжиниринг тік қызметтерге, инженерлік іздестірулер және осы саладағы техникалық кеңестерді беру саласындағы қызметті өзгерту мақұлданды;
- «СҚ Девелопмент» ЖШС Жарғысына, оның нарықтағы қызметін жүзеге асыру мерзімін 2025 жылға дейін ұзартып, инженерлік іздестірулер және техникалық кеңестерді беру саласындағы қызмет түрлерін кеңейтуге қатысты толықтыру мақұлданды;
- Коммерциялық үй-жайлар бағыты бойынша «Нұрлы жер» бағдарламасының жобаларынан Қоғам инвестицияларының қайтарылуына қарай ай сайынғы негізде айналымда болу мерзімі аяқталғанға дейін Қоғамның Astana International Exchange орналастырылған облигацияларын сатып алуын жүзеге асыру туралы шешім қабылданды;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ облигацияларын берешекті қайта қаржыландыру – Қоғамның Astana International Exchange орналастырылған облигацияларын 28.06.2019 жылға дейінгі мерзім ішінде өтеу мақсатында Қазақстан қор биржасына шығару шарттарын анықтау және листингі туралы шешім қабылданды;
- «ҰИМХТ» АЭА аумағындағы мұнай-химия жобаларды қажетті жалпы зауыттық инфрақұрылыммен уақтылы қамтамасыз ету үшін «Karabatan Utility Solutions» ЖШС (онда Қоғам жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің сенімгерлікпен басқарушысы болып табылады) «ҰИМХТ» АЭА аумағындағы жалпы зауыттық инфрақұрылымның құрылысы бойынша жобаның операторы ретінде тағайындау мақұлданды;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ «ФН Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталындағы 49% мөлшеріндегі қатысу үлесін иеліктен шығару туралы шешім қабылданды;
- 2020–2024 жылдардағы Бизнес-жоспарды бекіту;
- Нысанның құрылысын аяқтау және барлық инвестицияларды қайтару мақсатында мемлекеттік бағдарламаны іске асыру аясында басталған «VOSTOCHKA.KZ» көп функциялы тұрғын үй кешенінің құрылысы» маңызды инвестициялық жобаны жүзеге асыруды жалғастыру туралы шешім қабылданды;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ жобаларын басқару үшін берілетін сыйақы саясатын бекіту.

Қаржы–шаруашылық қызметі

- Қоғамның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері (бизнес-жоспарды іске асыру) туралы жүйелі шығатын есептерді қарау;
- Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның 2018 жылғы аудиттелген жылдық қаржылық есептілігін бекіту, Қоғамның 2018 жылғы таза кірісін үлестіру тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына шаққанда дивидендтің 2018 жылғы мөлшері туралы ұсыныс мақұлданды;
- Корпоративтік және Салықтық есеп саясаттарын жаңа редакцияда бекіту;
- Қоғамның Жалғыз акционеріне Қоғамның 2019 жылғы аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу бойынша ұсынысты және оның қызметтері үшін төлем мөлшерін алдын ала мақұлдау.

Корпоративтік басқару

- Қоғамның 2018 жылғы Жылдық есебін, соның ішінде тұрақты даму саласындағы есепті бекіту;
- Қоғамның Корпоративтік басқару кодексінің қағидаттарын және ережелерін сақтауы туралы 2018 жылғы есепті бекіту;
- Корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау;
- Қоғамның Директорлар кеңесінің және корпоративтік хатшысының қызметі туралы 2018 жылғы есепті қарау, сондай-ақ, Директорлар кеңесі тапсырмаларының жүйелі мониторингі;
- Қоғамның 2019 жылға басқарушы қызметкерлерінің, комплаенс-бақылаушысының, ішкі аудит қызметінің, корпоративтік хатшысының қызметінің ынталандырушы негізгі көрсеткіштерін бекіту және олардың қызметін бағалау;
- Басқарманың сандық құрамын анықтау және Қоғамның Басқарма мүшесі болып Жобалау және құрылыс жөніндегі басқарушы директорды сайлау;
- «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқармасы туралы ережені жаңа редакцияда бекіту;
- Қоғамның орталық аппаратының ұйымдық құрылымын бекіту;
- Саралау аясында лауазымдардың сипаттамасын және бағалауын, сондай-ақ, басшы қызметкерлердің және Директорлар кеңесіне есеп беретін қызметкерлердің лауазымдық жалақы схемаларын бекіту.

Тәуекелдерді басқару

- Тәуекелдерді басқару бойынша есептерді қарау;
- Қоғамның банк-контрагенттерінің міндеттемелері бойынша лимиттерді орнату;
- Қоғам тәуекелдер тізілімін, тәуекелдер картасын және олардың өзгеруін бекіту;
- Жорамалды жылға тәуекел-тәбетті, төзімділік деңгейлерін және негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту;
- Кепілдіктер картасын, тәуекелдер және бақылаулар матрицасын бекіту;
- Тәуекелдерді басқару бойынша жаңа редакциядағы саясатты бекіту;
- парақорлық тәуекелдерді бағалау туралы 2016–2018 жылдардағы есепті қарау және Тәуекелдерді барынша азайту бойынша 2019 жылға арналған іс-шаралар жоспарын бекіту;

Ішкі аудит

- Жылдық аудит жоспарын және оның өзгертулерін бекіту;
- Қоғамның Ішкі аудит қызметінің бюджетін бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің 2019–2021 жылдарға Стратегиялық даму жоспарын бекіту;
- Ішкі аудит қызметі туралы Ережедегі өзгерту мен толықтыруды бекіту;
- Ішкі аудит қызметінің өкілеттіктер мерзімін 27.08.2019 жылдан бастап 3 жылға ұзарту;
- Ішкі аудит қызметінің сәйкесінше 2018 жылғы және 2019 жылғы жылдық есебін және тоқсандық есептерін қарау;
- Директорлар кеңесінің Ішкі аудит қызметімен жабық кездесуін өткізу.

Сондай-ақ, 2019 жылы Директорлар кеңесі Қоғам Жарғысының қызмет түрлері, қоғамның атауы бөлігінде өзгеруіне және ұйымдық құрылымның өзгеруіне байланысты Қоғамның ішкі нормативтік құжаттары мен бизнес-процестерін өзектілеуге байланысты мәселелерді қарастырды.

Директорлар кеңесінің комитеттері

Директорлар кеңесінің қызметін қолдау мақсатында, Компанияда міндеттеріне өзінің функционалды міндеттері аясында мәселелерді қарау және қандай да бір мәселе бойынша ұсыныстарды жасау кіретін төмендегі комитеттер құрылды:

- Аудит жөніндегі комитет;
- Тағайындаулар және сыйақылар жөніндегі комитет;
- Стратегиялық және инвестициялық мәселелер жөніндегі комитет.

Директорлар кеңесі қарамағындағы Комитеттер туралы ережелерге сәйкес комитеттердің әрқайсысы Директорлар кеңесіне атқарылған жұмысы туралы есепті жыл сайынғы негізде ұсынады.

2019 жыл ішінде Директорлар кеңесі мүшелері санының өзгеруіне байланысты комитеттердің отырыстары өткізілген жоқ.

Директорлар кеңесі мен басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі ережелері

Қоғамның тәуелсіз директорларын қоспағанда, Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері өз қызметін тегін негізде жүзеге асырады. Тәуелсіз директорларға сыйақы төлеу тәртібі «Самұрық-Қазына» АҚ Компанияларының Директорлар кеңесінің құрамын құру жөніндегі Ережелерге сәйкес анықталады».

Сондай-ақ, тәуелсіз директорға оның тұрғылықты мекенжайынан тыс жерлерде өткізілетін Директорлар кеңесінің отырыстарына шығумен байланысты шығындар (жол жүру, тұру, тәуліктік ақы) өтеледі.

2019 жылы тәуелсіз директорға төленген сыйақы 6 млн теңгені құрады.

Қоғамның басшы қызметкерлері (Басқарма мүшелері) қызметінің тиімділігін бағалау Компанияның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігін және Басқарма мүшесі қызметтің функционалды бағыттары бойынша нәтижелерге қол жеткізген дәрежесін сипаттайтын қызметтің негізгі көрсеткіштерін орындау негізінде жүзеге асырылады. Қызметтің негізгі көрсеткіштерінің карталарын әзірлеу, бекіту және мониторингілеу үдерісі, сондай-ақ сыйақы сомасын есептеу тәртібі Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Қоғамның басшы қызметкерлерінің қызметін бағалау және сыйақы төлеу ережелерімен реттеледі.

БАСҚАРМА

Қоғамның ағымдағы қызметін басқаруды Басқарма төрағасы басқаратын Басқарма нысанындағы алқалы орган жүзеге асырады. Басқарманың қызметі Жалғыз акционердің мүдделерін барынша сақтауға, сондай-ақ Қоғамның тапсырмаларын орындауға және оның стратегиясын жүзеге асыруға бағытталған. Басқарманың жұмысын ұйымдастыру, оның отырыстарын шақыру және өткізу тәртібі, шешімдер қабылдау тәртібі Компания Басқармасы туралы ережемен анықталады.

Басқарма қызметінің негізгі қағидаттары: ұждандылық, адалдық, парасаттылық, сақтық, жүйелілік. Басқарма қатысу нысанындағы дауыс беру күйіндегі жүйелі отырыстарды өткізіп тұрады.

Басқарма жанында 4 Комитет қызмет етеді: Қызметті жоспарлау және бағалау жөніндегі комитет, Инвестициялық комитет, Тәуекелдерді басқару комитеті, Тұрақты даму комитеті.

Басқарма мүшелері (31.12.2019 ж. жағдай бойынша)

САНДЫҚБАЕВ БОЛАТҚАН АЙТҚОЖАҰЛЫ

Басқарма Төрағасы.

Туған күні: 06.05.1960 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Басқарманың құрамына сайланған күні: 27.11.2018 ж.

Білімі:
- Алматы сәулет-құрылыс институты, «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс», 1986 ж.

Жұмыс тәжірибесі:
- 03.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқармасының Төрағасы;
- 11.2018–03.2019 ж.ж. – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқармасының Төрағасы;
- 03.2018–11.2018 ж.ж. – «Компания по строительству объектов» корпоративтік қорының Бас директоры;
- 2016–2018 ж.ж. – «Астана ЭКСПО-2017 Құрылыс дирекциясы» Бас директоры, «Астана ЭКСПО-2017» ҰК» АҚ;
- 2009–2016 ж.ж. – «Астана-Құрылыс» ҰҚК» АҚ президенті.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ЖЕТПІСБАЙ АРМАН ШӘРІПБАЙҰЛЫ

Басқарма мүшесі, Бас директор – Басқарма төрағасының орынбасары

Туған күні: 24.04.1971 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы.
Басқарманың құрамына сайланған күні: 27.11.2018 ж.

Білімі:
- NAZARBAYEV UNIVERSITY, Нұр-Сұлтан қ., 2016 ж.
- Leadership Foundation for Higher Education, Лондон қ., Ұлыбритания, 2014 ж.
- Inteconference LTD with participation of molans and anier municipalitiens, Женева қ., Швейцария, 2008 ж.
- Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық институты, Алматы қ., 2002 ж.;
- Халықаралық бизнес академиясы, Алматы қ., 2000 ж.
- Халықаралық Мәскеу Қаржы-банк мектебі, Мәскеу қ., 1999 ж.
- Қазақ химия-технология институты, Шымкент қ., 1993 ж.;

Жұмыс тәжірибесі:
- 12.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – Бас директор – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары;
- 03.2019–12.2019 ж.ж. – Бас директор – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- 11.2018–03.2019 ж.ж. – Бас директор – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма төрағасының бірінші орынбасары;
- 02.2017–11.2018 ж.ж. – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Басқарма Төрағасы;
- 2015–2017 ж.ж. – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқарушы директоры;
- 2012–2015 ж.ж. – «ARNA Petroleum» ЖШС Қадағалау кеңесінің Төрағасы, Шымкент қ.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ҚҰСАЙЫНОВ АСҚАР АЙТБОЛАТҰЛЫ

Басқарма мүшесі, Жобалау және құрылыс жөніндегі басқарушы директор.

Туған күні: 20.04.1978 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Басқарманың құрамына сайланған күні: 25.12.2019 ж.

Білімі:
- Қарағанды политехникалық институты, Инженерлік-құрылыс факультеті, 1997 ж.
- Жезқазған университеті, инженерлік-механикалық факультет, 2000 ж.
- Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, 2017 ж.

Жұмыс тәжірибесі:
- 12.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Жобалау және құрылыс жөніндегі басқарушы директоры;
- 03.2019–12.2019 ж.ж. – Басқарушы директор – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Құрылыс департаментінің директоры;
- 01.2019–03.2019 ж.ж. – Басқарушы директор – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Құрылыс департаментінің директоры;
- 04.2018–12.2018 ж.ж. – «Компания по строительству объектов» ҚК Құрылыс департаментінің директоры;
- 07.2016–03.2018 ж.ж. – «Астана ЭСКПО-2017» АҚ Құрылыс департаментінің директоры;
- 05.2012–03.2016 ж.ж. – «Orda Glass ltd» ЖШС жобасының Бас менеджері.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

ДОСЖАНОВ ДАНИЯР ҚУАНДЫҚҰЛЫ

Басқарма мүшесі, Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор

Туған күні: 09.03.1983 ж.
Азаматтығы: Қазақстан Республикасы
Басқарманың құрамына сайланған күні: 27.11.2018 ж.

Білімі:
- Aberdeen University, MA in Econometrics and International Relations, 2006 ж. – бакалавриат және магистратура.

Жұмыс тәжірибесі:
- 03.2019 ж. – қазіргі уақытқа дейін – «Samruk-Kazyna Construction» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.
- 2018–03.2019 ж.ж. – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры;
- 2016–2018 ж.ж. – «Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ Стратегия және трансформация департаментінің директоры;
- 2014–2016 ж.ж. – «Горэлектросеть» ЖШС Төрағасының экономика жөніндегі орынбасары, «Горводоканал» РМҚК Директорының инвестициялар жөніндегі кеңесшісі.

Компанияның, Компания жеткізушілері мен бәсекелестерінің акцияларына иелік етпейді.

БАСҚАРМАНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ ЕСЕП

2019 жылы Басқарманың 52 отырысы қатысу тәртібінде өткізілді, оларда 337 мәселе бойынша шешімдер қабылданды.

Басқарма 2019 жылы қабылдаған негізгі шешімдер:

- Қоғамның 2019–2023 жылдарға Бизнес-жоспарын және Қоғамның 2020–2024 жылдарға Бизнес-жоспарын орындау бойынша есептерді алдын-ала мақұлдау мәселелері бойынша;
- құрылыс жобаларын іске асыру мәселелері бойынша;
- инвестициялық жобаларды іске асыру барысында туындайтын мәселелер бойынша;
- уақытша бос қаражатты орналастыру бойынша;
- тұрғын және тұрғын емес жайларды сенімгерлікпен басқару шарттарын жасасу бойынша;
- коммерциялық үй-жайлардың және тұрғын үй кешендеріндегі пәтерлердің жалдау бағасын және құнын бекіту бойынша;
- кейіннен Қоғамның Директорлар кеңесінің қарауына бағытталатын мәселелерді және ішкі нормативтік құжаттарды алдын ала қарау және мақұлдау бойынша;
- ұйымдар қатысушыларының жалпы жиналысының айрықша құзыреттеріне жатқызылатын қызмет мәселелері, акциялары «Samruk-Kazyna Construction» АҚ сенімгерлікпен басқаруға берілген жарғылық капиталындағы қатысу үлестері бойынша;
- Қоғамның және оның еншілес компаниялары-ның қызметін реттейтін ішкі құжаттарды бекіту және мақұлдау бойынша,

соның ішінде:

- Штат саны және ұйымдық құрылымы;
- Қоғамның және оның еншілес ұйымдарының жылдық бюджетін құру, бекіту, түзету және бақылау тәртібі;
- Қоғамның құрылымдық бөлімшелері туралы ереже;
- «ФН Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталындағы 49% мөлшеріндегі қатысу үлесін сатып алу-сату шартын жасасу;
- Дауларды (қақтығысты) шешу туралы келісімді;
- Еңбек тәртіптемесінің ережелері;
- Әкімшілік-басқару қызметкерлерін іздеу және іріктеу ережелері;
- Комплаенс тәуекелін басқару саясаты;
- Жобаларды басқару үшін сыйақы беру саясаты;
- Іс қағаздарын жүргізу бойынша нұсқаулық;
- Жалғыз акционердің күтулерін іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары;
- Негізгі тәуекел көрсеткіштерін ай сайынғы негізде бақылау;
- 2020 жылға басым сатып алулар тізілімін бекіту және т.б.

2019 ЖЫЛЫ

52

ОТЫРЫС ӨТКІЗІЛДІ

337

МӘСЕЛЕ БОЙЫНША ШЕШІМДЕР ҚАБЫЛДАНДЫ

ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудит қызметі ішкі аудитті ұйымдастыруды және жүзеге асыруды қамтамасыз етеді және Қоғамның Директорлар кеңесіне есеп береді.

Ішкі аудит қызметі Директорлар кеңесіне және Басқармаға Қоғамды басқару тиімділігін арттыруда, тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін талдауға және бағалауға жүйелік және бірізді тәсіл қолдану арқылы, сондай-ақ Қоғам алдында қойылған мақсаттарға қол жеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету құралдарын корпоративтік басқару арқылы оның қаржы-шаруашылық қызметін жетілдіруде жәрдемдеседі.

Ішкі аудит қызметі оған жүктелген міндеттерге сәйкес төмендегі функцияларды жүзеге асырады:

- Қоғамда ішкі бақылау жүйесінің барабарлығына және тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- Қоғамда тәуекелдерді бағалау әдістемесін және тәуекелдерді басқару рәсімдерін қолдану толықтығына және тиімділігіне бағалау жүргізеді;
- корпоративтік басқарудың қабылданған қағидаттарын, Қоғамның тиісті этикалық стандарттары мен құндылықтарын ендіру мен сақталуына бағалау жүргізеді және басқасы.

Директорлар кеңесі Ішкі аудит қызметінің тәуекелге бағытталған Жылдық аудиторлық жоспарын, сондай-ақ Ішкі аудит қызметінің және оның басшысының қызметінің негізгі көрсеткіштерін жыл сайын бекітеді. Ішкі аудит қызметінің тоқсандық және жылдық негіздегі есебі Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлер саны 2 адам болған жағдайда, 2019 жылы 12 жоспарланған тапсырма және жоспардан тыс 4 аудиторлық тапсырма орындалды.

Ішкі аудит қызметі өткізілген бағалау мен тексерулер нәтижелері бойынша оның құзыретіне кіретін кез келген мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар мен ұсынымдарды шығарады.

Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Біліктілікті арттырудың жылдық жоспарына сәйкес, біліктіліктің жетілдіруін арттыру және біліктілікті арттыру мақсатында семинарлардан және тренингтерден өтті. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері Ішкі аудит институты мүшелерінің кездесулеріне тұрақты негізде қатысады.

СЫРТҚЫ АУДИТ

Қоғам жылдық қаржылық есептілігінің шынайылығын растау үшін ашық конкурс негізінде аудиторлық ұйымды тартады.

2019 жылғы қаржылық есептіліктің аудиті «үлкен төрттіктің» өкілі – «Эрнст энд Янг» ЖШС өткізді. «Эрнст энд Янг» ЖШС 2019 жылғы қаржылық есептіліктің аудиті бойынша көрсеткен қызметтері үшін сыйақы мөлшері ҚҚС қоса алғанда 26.880.000 теңгені құрады. Сыртқы аудитор тарапынан басқа қызметтер көрсетілмеді.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕСЕП ТУРАЛЫ

Жылдық есептің құрамына кіретін Қоғамның 2019 жылғы тұрақты даму саласындағы есебі GRI стандарттарына сәйкес дайындалды: негізгі нұсқа.

Есеп Қоғамның Басқармасында, содан кейін Директорлар кеңесінің отырысында талқыланады және Жылдық есептің құрамында бекітіледі. Маңызды тақырыптарды жаңарту үшін Қоғамның қызметкерлері және сыртқы мүдделі тараптардың өкілдері арасында сауалнама жүргізілді.

Атқарылған жұмыстың негізінде маңызды тақырыптардың матрицасы құрастырылды. Маңызды тақырыптар ретінде балл көрсеткіші ең жоғары тақырыптар танылды. Маңызды тақырыптар Есепте толығымен ашылған, олардың ашылуына қатысты сілтеме GRI құрамында қамту индексінде келтірілген.

2018 жылғы Есепте ашылған аспектілермен салыстырғанда стейкхолдерлерді сұрастыру нәтижелері бойынша «Экономикалық көрсеткіштер», «Қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас» және «Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік» тақырыптары маңызды деп танылды, ал «Жанама экономикалық әсерлер», «Тұтынушының денсаулығы мен қауіпсіздігі» тақырыптары 2019 жылғы Есепте ашу үшін маңызды болуды тоқтатты.

Маңызды тақырыптар бойынша ақпаратты жинау шекаралары Есеп Қоғамның барлық ең маңызды әсерлерін сипаттайтындай қылып анықталған. Алдыңғы есепті кезеңмен салыстырғанда ақпаратты жинау шекаралары айтарлықтай өзгерген жоқ.

Осы есеп сыртқы куәландырудан өтпеген.



ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

ҚОҒАМНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

- Тұрақты дамуды басқару;
- Маңызды тақырыптарды анықтау;
- Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік;
- Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес;
- Мемлекеттік саясатты қолдау;
- Жеткізілімнің жауапты тізбегі;
- Қоршаған ортаны қорғауға қатысты әсерді басқару;
- Кадрлық әлеуетті дамыту;
- Қызметкерлер мен басшылық арасындағы қарым-қатынас;
- Денсаулық және жұмыс орнындағы қауіпсіздік
- Демеушілік және қайырымдылық.

ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫ БАСҚАРУ

Қоғамда Тұрақты даму саясатын жүзеге асырудың мақсаттары:

- Қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салалардағы қоғамның тұрақты дамуына үлес қосуын арттыру;
- мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді дамыту және олардың тарапынан Қоғамға деген сенім деңгейін арттыру;
- Қоғам қызметкерлерінің еңбек тиімділігін арттыру және әлеуетін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдай жасау;
- корпоративтік басқару жүйесін дамыту, бизнес үдерістерді жүргізу ашықтығын арттыру.

БҰҰ Жаһандық шартының қағидаттарын тани отырып, Қоғам өз қызметінде төмендегі қағидаттарды ұстанатындығын мәлімдейді::

адам құқықтарын қорғау саласында	• халықаралық деңгейде жарияланған адам құқықтарының қорғауын қамтамасыз етеді және құрметтейді; • адам құқықтарының бұзылуына қатыспауды қамтамасыз етеді.
еңбек қатынастары саласында	• жиналу бостандығын қолдайды және ұжымдық шарттарды жасасу құқығын таниды; • міндетті немесе мәжбүрлі еңбекті жоюда жәрдемдеседі; • балалар еңбегін жоюда жәрдемдеседі; • еңбек және жұмысбастылық саласындағы кемсітушілікті жоюда жәрдемдеседі.
қоршаған ортаны қорғау саласында	• қоршаған ортаға теріс әсерлерді болдырмауда жәрдемдеседі; • бастамаларды қабылдайды және экологиялық жауапкершіліктің таралуына жәрдемдеседі; • экологиялық тұрғыдан алғанда қауіпсіз технологиялардың дамуына және таралуына жәрдемдеседі.
сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саласында	• Сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және бопсалаушылық пен парақорлықты қоса алғанда басқа да заңсыз әрекеттерге қатысты төзімсіздік туралы мәлімдейді.

«Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративтік басқару кодексіне, тұрақты даму саласындағы саясатқа сәйкес Қоғамда тұрақты даму саласындағы басқару жүйесі құрылған, соңғысы қамтиды:

1) Директорлар кеңесі, атқарушы орган және қызметкерлер деңгейінде тұрақты даму қағидаттарына бейілділік;
2) ішкі және сыртқы жағдайдың үш құрамдас бөлік (экономика, экология, әлеуметтік мәселелер) бойынша талдауы;
3) әлеуметтік, экономикалық және экологиялық салалардағы тұрақты даму саласындағы тәуекелдерді анықтау;
4) мүдделі тараптардың картасын құру;
5) тұрақты даму саласындағы мақсаттарды және ҚНК анықтау, іс-шаралар жоспарын әзірлеу және жауапты тұлғаларды анықтау;
6) Тәуекелдерді басқаруды, жоспарлауды, адам ресурстарын басқаруды, инвестицияларды, есептілікті, операциялық қызметті және басқаларды қоса алғанда негізгі үдерістерге, сондай-ақ, даму стратегиясына және шешім қабылдау үдерістеріне тұрақты дамуды біріктіру;
7) тұрақты даму саласындағы лауазымды тұлғалардың және қызметкерлердің біліктілігін арттыру;
8) тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың жүйелі мониторингі және бағалауы, мақсаттарға және ҚНК қол жеткізудің бағалауы, түзету әрекеттерін қабылдау, үздіксіз жетілдіру мәдениетін енгізу.

2018 жылдан бастап күшіне енген GRI жаңа стандарттарына байланысты, Қоғам Директорлар кеңесінің мүшелері үшін нақтылау жұмыстарын өткізді.

Директорлар кеңесі және Басқарма тұрақты даму саласындағы тиісті жүйенің құрылуын және оның ендірілуін қамтамасыз етеді. Барлық қызметкерлер және лауазымды тұлғалар тұрақты дамуға барлық деңгейлерде өз үлестерін қосады.

Қоғам Басқармасы қарамағында кеңес беру-кеңесші орган – Тұрақты даму комитеті құрылды, оның басты мақсаты тұрақты даму саласындағы саясаттарды және рәсімдерді әзірлеу болып табылады, сондай-ақ, Басқарманың қарауына тұрақты даму жүйесін жүзеге асыру бойынша ұсыныстарды шығару. Комитеттің Төрағасы тұрақты даму бойынша жетекші ретінде қызмет ететін басқарушы директор болып табылады.

Тұрақты даму саласындағы Есепте біз біздің қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға қатысты әсеріміз (оң және теріс) туралы ақпаратты ашуға ұмтыламыз.

Осы бағыттарда қабылданатын іс-шаралар ұзақ мерзімді тұрақтылыққа қол жеткізу, Компанияның экономикалық тиімділігін және әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету тұрғысынан алғанда ең үлкен оң әсерге ие.

Тұрақты даму саясатын жүзеге асыра отырып, Қоғам Корпоративтік басқаруды жетілдіру бойынша жоспары аясында тұрақты даму саласындағы іс-шаралардың жүзеге асыруын көздейді. Осылайша, 2019 жылы тұрақты даму бойынша жоспарланған 14 іс-шараның 12 данасы ғана атқарылды. Тұрақты даму саласындағы іс-шараларды жүзеге асыру мәселелері Директорлар кеңесінің отырыстарында тоқсан сайын талқыланды.

2020 жылы жоспарланған іс-шараларды іске асыру жалғасатын болады.

Тұрақты даму саласындағы Есепте біз біздің қоршаған ортаға, қоғамға және экономикаға қатысты әсеріміз (оң және теріс) туралы ақпаратты ашуға ұмтыламыз.

МАҢЫЗДЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ АНЫҚТАУ

Тұрақты даму саласындағы есептің мазмұнын анықтау үшін тұрақты даму саласындағы мүдделі тараптарды сұрастыру жыл сайын өткізіледі. 2019 жылдың қыркүйек айында GRI Standards сәйкес сауалнама өткізу арқылы акционердің өкілі, Директорлар кеңесінің мүшелері, Басқарма мүшелері, қызметкерлер, еншілес ұйым, инвесторлар, тапсырыс берушілер, бас мердігерлер, сенімді басқарудағы кәсіпорындар, сатып алушылар, орталық мемлекеттік органдардың және жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, БАҚ, жеткізушілер, әлеуметтік желі қолданушылары, қаржы институттары атынан стейкхолдерлер сұрастырылды.

Сұрастырудың қорытындылары бойынша, Қоғам және стейкхолдерлер үшін аспектілердің маңыздылық арақатынасын көрсететін анықталған аспектілердің Маңыздылық матрицасы әзірленді.

Матрицаның көлденең осі бойымен аспектілер олардың Қоғам үшін маңыздылық деңгейіне байланысты, ал тік осі бойымен, мүдделі тараптардың бағалауын негізге ала отырып сараланады.

Маңызды аспектілерді саралау олардың басымдықтарын анық түсіну негізінде стейкхолдерлермен өзара әрекеттесуді сындарлы түрде қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Анықталған аспектілердің нәтижелерін негізге ала отырып, ақпаратты ашу төмендегі тақырыптар бойынша жүзеге асырылады:

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ТИІМДІ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ

Қоғам мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің құрмет пен өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген тиімді жүйесін құруға ұмтылады.

Қоғам стейкхолдерлердің үлесін және олардың мүдделерін сипаттаумен қатар, өз қызметі барысында өзара әрекеттестік жүзеге асырылатын стейкхолдерлердің толық тізімін анықтайды. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалау кезінде стейкхолдерлердің Қоғам үшін маңыздылығы бойынша саралауы екі фактор негізінде өткізіледі: мүдделі тараптардың Қоғамға әсер ету күші және стейкхолдерлердің Қоғамның қызметіндегі мүдделілік дәрежесі.

Қоғамның мүдделі тараптары (стейкхолдерлері) ретінде Қоғамның тұрғын үй жайларының сатып алушылары және жалға алушылары, Қоғам қызметкерлері, Жалғыз акционер және Директорлар кеңесі, еншілес және тәуелді ұйымдар, бас мердігерлер және құрылыс салушылар, сенімді басқарудағы кәсіпорындар, тапсырыс берушілер, жергілікті атқарушы органдар және мемлекеттік органдар, қаржылық институттар, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желі қолданушылары болып табылады. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік қағидаттарын және процедураларын Мінез-құлық кодексі және Тұрақты даму саясаты тұжырымдайды.

АНЫҚТАЛҒАН АСПЕКТІЛЕРДІҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ МАТРИЦАСЫ



«SAMRUK-KAZYNA CONSTRUCTION» АҚ СТЕЙКХОЛДЕРЛЕР КАРТАСЫ

Қоғам алуан түрлі байланыс арналарымен және нысаналы топтармен жұмыс механизмдері орнатылған Корпоративтік байланыс тәртібін басшылыққа алады.

№	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік стратегиясы	Өзара әрекеттестік әдістері және механизмдері
1	**Жалғыз акционер**	
	Негізгі шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаттары шеңберінде Жалғыз акционердің құқықтарының іске асырылуын қамтамасыз ету.	ДҚазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына, Жарғыға, Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына, Компанияның жоспарлары туралы қосымша мәліметтерге, жетістіктеріне, есептерге, тұсаукесерлерге сәйкес қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы ақпаратты орналастыру үшін Қоғамның корпоративтік сайты және әлеуметтік желілері қолданылуы мүмкін. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Кездесулер. Интернет-сайт. Хат алмасу мен сұратулар.
2	**Директорлар кеңесі**	
	Қоғам қызметінің, даму стратегиясының басым бағыттарын анықтау.	Жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қоғамның корпоративтік сайтында (қажет болған жағдайда) орналастыру. Директорлар кеңесінің отырыстары. Басқарушылық есептер. Қаржылық есептер. Жылдық есеп.
3	**Басқарма**	
	Қоғамның ағымдағы қызметін басқару	Жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес Қоғамның корпоративтік сайтында (қажет болған жағдайда) орналастыру. Басқарманың отырыстары. Басшылық есептері. Қаржылық есептер. Жылдық есеп. Хат алмасу мен сұратулар.
4	**Қызметкерлер**	
	Білікті және ынталандырылған қызметкерлер құрамын қалыптастыруға бағытталған ашық, айқын кадр саясатын жүргізу. Барлық қызметкерлерге олардың еңбек ету қызметі барысындағы әлеуетін жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктерді, олардың нәтижелерінің риясыз және әділ бағалануын, қызметкерлердің тек кәсіби қабілеттер, білім деңгейі және дағдылар негізінде ғана ірікте-уін және мансаптық өсімін қамтамасыз ету.	Қоғамның кадр саясатының жүзеге асырылуын ақпараттық қамтамасыз ету, қызметкерлерді конкурстық іріктеу нәтижелерін айқындау үшін интернет-ресурстар, атап айтқанда корпоративтік сайт қолданылуы мүмкін. Басшылықтың қызметкерлермен кездесулері. Тренингтер және семинарлар. Корпоративтік іс-шаралар. Нәтижеліліктің жыл сайынғы шолулары. Сауалнамалау және сауалнамалар. Корпоративтік БАҚ.

№	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік стратегиясы	Өзара әрекеттестік әдістері және механизмдері
5	**Тең инвесторлар**	
	Табыс алу мақсатында жобаларды іске асыруға инвестицияларды тарту.	Жеке секторды құрылысқа тартудағы шетелдік және отандық тәжірибе туралы ақпаратты тарату, Қоғамның мемлекеттік-жекешелік серіктестікті дамытуы, интернет-ресурстар, атап айтқанда корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер, корпоративтік БАҚ арқылы іскерлік іс-шараларда (бизнес-форумдарға, конференцияларға, іскерлік кеңестерге, көрмелерге және т.б.) қатысу. Жобалау мәселелері. Шарттар.
6	**Бас мердігерлер**	
	Құрылыс саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру аясында шарттарды жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау	Нысаналы аудиторияға Қоғамның жобаларды жүзеге асыруы туралы корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа материалдарды орналастыру арқылы хабарлау. Жобалау мәселелері. Іскери серіктестермен және жеткізушілермен кездесулер. Конференцияларға және іс-шараларға бару.
7	**Сенімгерлік басқарудағы кәсіпорындар**	
	Шарттарды жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақыла	Нысаналы аудиторияға Қоғамның жобаларды жүзеге асыруы туралы корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа материалдарды орналастыру арқылы хабарлау. Жобалау мәселелері. Шарттар. Есептер және хат алмасу.
8	**Тапсырыс берушілер**	
	Шарттарды жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау	Нысаналы аудиторияға Қоғамның жобаларды жүзеге асыруы туралы корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ-та баспасөз хабарламаларын, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа материалдарды орналастыру арқылы хабарлау. Шарттар. Есептер және хат алмасу.
9	**Жеткізушілер**	
	Шарттарды жасасу, шарттық қатынастардың орындалуын бақылау.	Өткізілетін сатып алулар, олардың нәтижелері туралы ақпараттық хабарламалар интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында орналастырылады. Шарттар. Сатып алу ережелері және өткізілетін сатып алулар туралы ақпарат. Жеткізушілердің өтініштерін қарау.

№	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттестік стратегиясы	Өзара әрекеттестік әдістері және механизмдері
10	**Сатып алушылар/жалға алушылар**	
	Сатып алушылардың/жалға алушылардың ҚР ҚНжЕ сәйкес сапалы және қол жетімді тұрғын үйлерді сатып алуындағы күтімдеріне сай келуін, жайлылыққа, қауіпсіздікке және үнемділікке қатысты қойылатын талаптарды сақтай отырып қамтамасыз ету.	Корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді, e-mail жіберілімді, мессенджерлерді, Басқарма төрағасының Блогын қолдану көмегімен баспасөз хабарламаларын, мақалаларды, есептерді, сұхбаттарды және басқа ақпараттық хабарламаларды жариялау, сондай-ақ, колл-центр арқылы кеңес беру, арнайы іс-шараларды, науқандарды, жарнамалық науқандарды және т.б. өткізу арқылы нысаналы аудитория арасында Қоғамның қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы. Жалға алу/сатып алу құқығымен жалға алу/сату шарттары. Клиенттердің қанағаттанушылығына қатысты шолулар. Үй-жайлар жалгерлерінің қанағаттану деңгейін анықтау.
11	**Мемлекеттік органдар, жергілікті атқарушы органдар**	
	Тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығын басқару, нысандар құрылысын мониторингілеу, техникалық аудитті, мемлекеттік сараптаманы өткізу, нысандарды пайдалануға қабылдау мәселелері бойынша өзара әрекеттесуді жүзеге асыру. Пайдалануға берілген тұрғын үйлерді жергілікті атқарушы органдардың кезектегі адамдарына сату туралы келісімдерді жасасу.	Тұрғын үй құрылысының мемлекеттік бағдарламасын (кеңестер, кездесулер, көпшілік тыңдаулар, есептер, сұхбаттар, сөз сөйлеулер, жұмыс топтары, форумдар, конференциялар және т.б.) іске асыруда Қоғамның қызметін ақпараттық жариялау үшін интернет-ресурстар, атап айтқанда корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер пайдаланылуы мүмкін. Хат алмасу мен сұратулар. Мемлекеттік органдармен заңнамалық және нормативтік реттеу мәселелері бойынша жұмыс. Жұмыс топтарына, форумдарға, конференцияларға қатысу.
12	**БАҚ, Қоғамның әлеуметтік желілерін пайдаланушылар**	
	Қоғамның қызметі туралы оң қоғамдық пікірді қалыптастыру.	PR-бағдарламаларын іске асыру, БАҚ-та, корпоративтік сайтта және әлеуметтік желілерде баспасөз хабарламаларын, баспаларды, есептерді, сұхбаттарды, фото және бейне материалдарын, тұсаукесерлерді тарату арқылы Қоғамның күшті жақтарын және мүмкіндіктерін нысаналы аудиторияға жеткізу арқылы ақпараттық қызметті ұйымдастыру. Интернет-сайт. Баспасөз хабарламалары, баспасөз-конференциялары және брифингтер. Жылдық есеп. Конференциялар және саммиттер.
13	**Қаржы институттары**	
	Шарттарды жасасу, шарттық қарым-қатынастардың орындалуын бақылау (қаражат құралдарын депозиттік шоттарда орналастыру, банктік қызмет көрсету, арнайы шоттарға қызмет көрсету).	ПШоғырландырылған қаржылық есептілікті, бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы ақпаратты және басқа ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес интернет-ресурстарда, атап айтқанда Қоғамның корпоративтік сайтында жариялау. Шарттар. Қаражат құралдарын қаржы институттарында орналастыру.

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Құрылған және үлестірілген тікелей экономикалық құны, мың теңге

Көрсеткіш	2016	2017	2018	2019
Жалпы капиталдандыру	36 605 679	39 995 285	39 567 822	45 058 729
меншікті капитал	36 605 679	39 995 285	39 567 822	45 058 729
қарыз капиталы	–	–	–	–
Мемлекеттен түскен қаражат[1]	–	–	–	–
Құрылған экономикалық құны	**24 256 709**	**21 794 861**	**27 534 119**	**28 963 975**
негізгі қызметтен түсетін кірістер	17 188 159	18 348 723	17 975 078	21 903 587
негізгі емес қызметтен түсетін кірістер	7 068 550	3 446 138	5 211 354	7 060 388
Үлестірілген экономикалық құн:	**21 744 550**	**19 692 994**	**23 462 801**	
еңбек ақыны төлеу бойынша шығыстар	747 380	776 101	771 720	1 187 098
Жалғыз акционерге төленген дивидендтер	220 079	613 390	1 151 138	1 331 236
Мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдар бойынша шығыстар	2 413 398	1 828 207	1 978 782	2 387 320
қайырымдылық және демеушілік көмек	–	–	–	–
басқа операциялық шығындар	16 471 202	14 925 356	18 027 376	17 117 364
басқа операциялық емес шығыстар	1 892 491	1 549 940	1 568 289	2 720 851
Үлестіруге жататын экономикалық құн	2 512 159	2 101 867	4 071 318	

Қызметкерлер саласындағы негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіш	2016	2017	2018	2019
Қызметкерлердің жалпы саны	72	72	102	118
Бөлімшелердің жалпы саны	16	17	15	13
Еңбек шарты бойынша	68	67	68	104
Қызмет көрсету шарты бойынша	30	33	23	18
Әйелдер	51	52	39	52
Еркектер	47	48	52	70
Тұрақтамау деңгейі, %	48%	40%	34%	22%
Жалақы қоры (соның ішінде ЖҚ кіретін жеңілдік төлемдер және бір жолғы сыйлықтар, жылдық сыйақы) (мың теңге)	547 319	465 393	514 400	812 817
Әлеуметтік сипаттағы төлемдер қоры (мың теңге)	9 406	10 777	12 142	20 354
Әлеуметтік салық (мың теңге)	75 356	74 578	60 548	98 269

1 Қоғамда Бас Компаниядан («Самұрық-Қазына» АҚ) кредиттік желілер бар

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ ЖӘНЕ ОҒАН ҚАРСЫ КҮРЕС

17.05.2018 ж. Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен Комплаенс-бақылаушы тағайындалды. Оның қызметінің негізгі мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі саясатты анықтау, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалауды қоса алғанда, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша іс-шаралардың жүзеге асырылуын бақылау болып табылады.

2019 жылы Комплаенс-бақылаушы сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг өткізді, оның нәтижесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді бұзатын жайттар, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасаған сыбайлас жемқорлықта кінәлі деп танылған тұлғалар анықталмады және келесі ұсыныстарды әзірледі:

1) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің, прокуратураның, құқық қорғау органдарының өкілдерін тартумен Қоғам қызметкерлері арасында семинарларды, дөңгелек үстелдерді өткізу арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру;
2) Қоғам қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты негізде өткізу.

2019 жылы сатып алу саласында, қызметкерлерді жалдау, бағалау, жылжыту және жұмыстан шығару кезінде және Қоғамның өзге де бизнес-үдерістерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне егжей-тегжейлі талдау жүргізілді.

Өнім берушілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтау, сондай-ақ Тапсырыс берушіні «жедел желі» арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың және сатып алу ережелерінің кез келген болжамды және нақты бұзушылықтары туралы хабардар ету міндеттемелерін көздейтін барлық үлгі шарттарға сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелер енгізілді.

Сондай-ақ, 2019 жылы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің қызметкерімен бірлесіп, Қоғамның барлық қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі заңнамасының ережелерін ашумен аудитория ысанында комплаенс-тренинг өткізілді.

Комплаенс-бақылаушы ішкі нормативтік құжаттарды, нақты айтқанда, Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес саясатын және Қоғамның Мүдделер қақтығысы саясатын өзектендірді.

Қоғамның лауазымды тұлғаларының жұмысқа үміткерлер ретінде қаралатын, сондай-ақ, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл», «Акционерлік қоғамдар туралы» және «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» заңдарына сәйкес Қоғамның басшы лауазымдарына тағайындалатын тұлғалармен үлестес болу процедурасын көздейтін Қоғам қызметкерлерін іріктеу және жалдау мәселелері жөніндегі бекітілген Ережеге өзгертулер енгізілді.

2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ портфельді компаниялары қызметкерлерінің арасында жедел желі қызмет етуде. Жедел желі құпия және қауіпсіз әдісті қамтамасыз етеді, сол арқылы қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар мәселелерді көтере алады немесе заңнаманың, құқықтық нормалардың, ішкі саясаттың кез келген бұзушылық жайты және қызметкерлердің немесе бизнес-серіктестерінің этикалық емес жосығы туралы хабарлай алады. Жедел желінің 8 800 080 19 94 бөлек телефон нөмірі, электрондық поштаның sk.hotline@deloitte.kz арнайы мекенжайы бар, ал байланыс қызметтері тәуелсіз провайдермен ұсынылады. Қызметкерлерге Жедел желінің жұмыс істеуі туралы мерзімді түрде хабарландырылады.

2019 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ-ға жеке тұлғадан коммерциялық (тұрғын емес) жайды сату бойынша аукционды өткізу кезіндегі бұзушылықтарға қатысты 1 өтініш келіп түсті. Осы жайт бойынша Комплаенс-бақылаушы қызметтік тексеру өткізді, соның қорытындылары бойынша Қоғамның тарапынан бұзушылықтар анықталмады.

> 2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ портфельді компаниялары қызметкерлерінің арасында жедел желі қызмет етуде.

МЕМЛЕКЕТТІК САЯСАТТЫ ҚОЛДАУ

2018–2028 жылдарға арналған бекітілген Даму стратегиясына сәйкес Қоғам жеткілікті ресурстарға ие, сенімді серіктестердің көптігі, сондай-ақ, жобаларды, құрылысты және жылжымайтын мүлікті тиімді басқару үшін құзыреті және тәжірибесі бар ұйым болуға ұмтылуда. Осыған байланысты, Қоғам мемлекет тұрғын үй құрылысы саласындағы жүзеге асыратын саясатты қолдайды.

Қоғам Yellow Pages Rule қағидаттарын сақтайды, олар бойынша сектордың экономиканың бизнес ұсынылған салаларына араласпау көзделген. Квази-мемлекеттік компания ретінде Қоғам өз қызметін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 28.12.2015 жылғы № 1095 Қаулысымен бекітілген қызмет түрлерінің тізіліміне сәйкес жүргізеді.

ЖЕТКІЗІЛІМНІҢ ЖАУАПТЫ ТІЗБЕГІ

Қоғамның сатып алу қызметі саласындағы негізгі мақсаты – барлық бөлімшелердің тұрақты жұмысы үшін ресурстардағы қажеттіліктерді, оларды сатып алудың оңтайлы шарттарымен уақтылы, тиімді және толығымен қамтамасыз ету.

Қоғамда ақпараттық ашықтық, айқындық, теңдік және адал бәсекелестікті дамыту қағидаттарына негізделген тиімді сатып алу жүйесі түзілген. Сатып алу процедуралары жария, айқын, стандартталған және қарапайым болып табылады.

Қоғамның сатып алу қызметінің басымдылықтары ретінде төмендегілер болып табылады:

- «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Мүгедектер ұйымдарының тізіліміне кіретін мүгедектер ұйымдарынан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алу;
- «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Тауар өндірушілері тізіліміне кіретін Сатып алынатын тауарлардың өндірушілерінен тауарларды сатып алу;
- білікті әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алуларды жүзеге асыру.

Жеткізушіні таңдау Қоғамда төмендегі әдістермен жүзеге асырылады:

- ашық тендер өткізу (соның ішінде бағаны төмендетумен сауда-саттықты пайдалану арқылы);
- баға ұсыныстарын сұрату (соның ішінде төмендетумен сауда-саттықты пайдалану арқылы);
- бәсекелес келіссөздер арқылы тендер өткізу;
- бір көзден.

	Сатып алу тәсілі, сомасы мың теңгемен							
№ р/б	ЭОТТ	ЭОТ	ОТ	ОИ	ЦПЭ	ТКП	Резиденттер	Бейрезиденттер
2015	166 946	7 583 430	1 801 454	298 106	14 317		9 856	8 670,00
2016	121 718	12 447 035	0,00	415 748	34 420		13 018	0,00
2017	39 904	–	–	492 248	36 916		550 404	18 664
2018	191 343	–	–	226 604	38 592		456 539	0
2019	655 933	72 500	–	650 432	27 661	2 368	1 408 394	500

Сатып алу тәсілдері қысқартуларының мағынасын ашу:

ЭОТТ – бағаны төмендетумен сауда-саттықты пайдалану арқылы ашық тендер әдісімен электрондық сатып алулар

ЭОТ – ашық тендер әдісімен электрондық сатып алулар

ОТ – ашық тендер әдісімен сатып алу

ОИ – бір көзден сатып алу

ЦПЭ – баға ұсыныстарын сұрату әдісімен электрондық сатып алулар

ТКП – бәсекелес келіссөздерді өткізу арқылы тендер

Компанияның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алу құрылымы

	Сомасы мың теңгемен		
Жыл	Тауарлар	Жұмыстар	Қызметтер
2015	98 442	9 342 229	423 582
2016	87 599	12 689 028	242 295
2017	74 016	152 885	323 503
2018	156 686	17 346	280 207
2019	228 370	250 959	929 566

Көрсеткіш	2015	2016	2017	2018	2019
Жергілікті жеткізушілерде сатып алуларға шығындалатын сатып алу бюджетінің үлесі, %	99,91	100	96,7	100	99,96
Импорттық сатып алу үлесі, %	0,09	0	3,3	0	0,04

Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің контрагенттерін таңдау кезіндегі негізгі өлшемшарттары ретінде тауарларды жеткізу/жұмыстарды орындау құны, сапасы, мерзімдері, тиісті техникалық және кадрлық ресурстардың, тиісті бағыт бойынша жұмыстарды орындау /қызметтерді көрсетудегі қажетті тәжірибенің бар болуына қатысты контрагенттің сенімділігі болып табылады.

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУҒА ҚАТЫСТЫ ӘСЕРДІ БАСҚАРУ

Қоғам экологиялық тепе-теңдікті сақтау және қоршаған ортаға ұқыпты қарау қажеттілігін түсініп, қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметіне өзінің ағымдағы жұмысының маңызды бір бөлігі ретінде қарайды.

Қоғам құрылыс салушылардың құрылыс алаңдарындағы құрылыс сапасын бақылау аясында қоршаған ортаға жанама шығарындылардың мониторингін жүргізеді.

Ауа ортасы құрылыс нысанынан үлкен теріс әсерге шалдығады. Көбіне жағдай құрылыс алаңдарының тұрғын үй құрылысынан тікелей жақын жерде орналасуымен шиеленіседі, құрылыс салынған аумақтардың атмосфералық ауасына және халықтың денсаулығына теріс әсер ошақтарын құрады.

Атмосфераға ластанулардың шығарындылары құрылыс алаңының аумағын инженерлік дайындаудан бастап және аумақты абаттандыру мен көгалдандырумен аяқтап, құрылыс үдерісінің барлық кезеңдерінде қалыптасады.

Құрылыс алаңдарындағы атмосфераны ластау көздері ретінде құрылыс машиналары және механизмдер – автокрандар, экскаваторлар, грейдерлер, өзі аударғыш жүк машиналары, бортты автокөліктер, бетон сораптары және бетон араластыратын машиналар, тегістейтін катоктар, асфальттөсегіштер, автогудронаторлар, дизельді генераторлар, дәнекерлеу аппараттары, кесетін станоктар, тегістейтін машиналар және т.б. болып табылады.

Қоғамның құрылыс нысандары атмосфераға түрлі дәрежеде теріс әсер етеді, және бірінші кезекте, бұл атқарылатын құрылыс-монтаждық жұмыстардың көлемдеріне байланысты келеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен қоршаған ортаға шығарылатын зиянды заттардың эмиссиялары реттеледі. ҚР Салық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялар үшін төлем алынады.

Қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялардың белгіленген нормативтері шегінде және (немесе) олардан астам қоршаған ортаға шығарылатын эмиссиялардың іс жүзіндегі көлемі салық салу нысаны болып табылады:
1) ластаушы заттардың шығарындылары;
2) ластаушы заттардың тасталынуы;
3) өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастыру.

Қоғам құрылыс салушылардың нысанның құрылысын салу және өзіне алған міндеттемелерді және нормативтерді орындау кезіндегі ластанудың кешенді бағалауын міндетті түрде өткізуін бақылайды. Жұмыс жобаларын зерттеу кезінде қоршаған ортаға әсерді бағалау жөніндегі ақпарат және экологиялық салдарлар туралы мәлімдемелер талданады. Сонымен қатар, құрылыс салушылармен облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармаларынан нысандардың құрылысын салу кезінде қоршаған ортаға шығарылатын эмиссияларға қатысты рұқсаттарды алуы тексеріледі.

КАДРЛЫҚ ӘЛЕУЕТТІ ДАМЫТУ

Қызметкерлер Қоғамның басты активі, тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізуде оның стратегиялық серіктесі болып табылады. 2019 жылы Қоғамның Директорлар кеңесі корпоративтік құндылықтарды бекітуге және жоғары өнімділіктің корпоративтік мәдениетін жетілдіруге қатысты Қоғамның 2018–2028 жылдарға Кадр саясатына енгізілетін өзгертулерді және толықтыруларды бекітті. Қоғамның Жалғыз акционері бекіткен Адам ресурстарын басқару бойынша корпоративтік стандарттың негізінде портфельді компанияларда адам ресурстарын басқаруға қатысты негізгі бизнес үдерістер анықтамалық модельге сәйкес жаңартылады. қызметкерлердің еліктіргендігі жыл сайын бағаланады. Тартылу индексі 2019 жылы 63% (2018 жылы – 61%) құрады. Осы көрсеткіш 2% жақсартылды және оң аймақта орналасқан.

Қоғамның адам ресурстарын басқаруға қатысты басым бағыттары ретінде Қоғам алдында тұрған тапсырмаларды жүзеге асыру үшін тиісті кәсіби құзыреттіліктері бар мамандардағы Қоғамның қажеттілігін қамтамасыз ету, жобаларды басқару саласындағы құзыреттіліктерді дамыту, инжиниринг тік қызметтерді көрсету болып табылады.

Қоғамның кадр саясатының маңызды бағыттарының бірі ретінде қызметкерлерді дамыту және қызметкерлерге кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерін беру болып табылады. Цифрлық технологияның дамуын ескере отырып, қашықтан оқыту курстары, вебинарлар және жұмыс орындарында оқыту, қызметкерлерде бағдарламалық өнімдермен жұмыс істеу дағдыларын дамыту, соның ішінде құрылыс саласында BIM технологиялары бойынша оқыту секілді оқыту әдістері белсенді түрде қолданылады.

Кәсіптік оқыту үдерісіне қатысты қойылатын талаптар Қоғамның қызметкерлерін кәсіби оқыту және дамыту ережелерінде реттеледі.

> Қоғамның кадр саясатының маңызды бағыттарының бірі ретінде қызметкерлерді дамыту және қызметкерлерге кәсіби және мансаптық өсу мүмкіндіктерін беру болып табылады.

2017 – 2019 жылдары қызметкерлерді оқыту туралы ақпарат (сағаттармен)

Көрсеткіш	2017	2018	2019
Қызметкерлер оқытудың орташа жылдық оқу сағаттарының саны	4 156	1 260	2 138
Қызметкерлер оқытудың орташа жылдық оқу сағаттарының саны, жынысы бойынша:			
Әйелдер	2 373	696	855
Еркектер	1 782	390	1 283
Қызметкерлер оқытудың орташа жылдық оқу сағаттарының саны, санаттар бойынша:			
Басқарушы және басқарма қызметкерлері	1 064	146	232
Орта буын басшылар	1 142	288	328,8
Бас менеджерлер және менеджерлер	1 950	708	1 577,2
Бір қызметкерге шаққанда оқытудың орташа жылдық оқу сағаттарының саны	–	–	20,5
Бір қызметкерге шаққанда оқытудың орташа жылдық оқу сағаттарының саны, жынысы бойынша:			
Әйелдер	–	–	20,3
Еркектер	–	–	20,8

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН БАСШЫЛАР АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС

Қоғамда өткізілетін барлық маңызды жобалар бойынша Басқарма төрағасының қызметкерлерге бағытталған жолдауы құрылады. Осылайша, 2019 жылы Қоғамның қызметкерлеріне бағытталған жолдау корпоративтік мәдениетті диагностикалау және дамыту жобаларына, сондай-ақ, лауазымдарды тегістеу жүйесін ендіру жобасына қатысты болды.

Осыған қоса, Қоғамның қызметкерлері мен басшылары арасындағы өзара қарым-қатынастар аясында жүйелі түрде мынадай іс-шаралар өткізіледі:

1) операциялық қызмет мәселелері бойынша басшы қызметкерлердің және құрылымдық бөлімшелер басшыларының қатысуымен апта сайынғы аппараттық кеңестер;
2) Басқарма төрағасының құрылымдық бөлімшелердің барлық қызметкерлерімен функционалды тапсырмаларды орындау және Мақсаттардың бекітілген карталарына есепті кезең барысында қол жеткізу мәселелері бойынша тоқсандық кездесулер.

Сондай-ақ, Қоғамда Басқарма төрағасымен қызметкерлердің мәселелерін, қиындықтарын және ұсыныстарын бейресми жағдайда «галстуксыз» нысанда талқылау үшін кездесулерді өткізу практикасы енгізілді. Басшылардың қызметкерлерді жеке сұрақтар бойынша апта сайынғы негізде қабылдау сағаттары бекітілді.

Қоғам басшыларының қатысуымен бірлескен топ тәуелсіз корпоративтік тренингтер және спорттық іс-шаралар өткізіледі.

Басшылардың қызметкерлерді жеке сұрақтар бойынша апта сайынғы негізде қабылдау сағаттары бекітілді.

ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ЖҰМЫС ОРНЫНДАҒЫ ҚАУІПСІЗДІК

Қоғам қызметкерлердің денсаулығына, еңбек жағдайларына және жұмыс орындарында қауіпсіздік техникасын қамтамасыз етуіне ерекше көңіл бөледі.

Қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерінің денсаулықтарының жеке әлеуетін арттыру үшін Қоғам:

- қызметкер үшін тәулік бойы кеңес берушілік-диспетчерлік қызметті (call-centre), жедел жәрдем қызметтерін, стационарлық емді, амбулаторлық-емханалық жәрдемді, медициналық профилактикалық байқауды қамтитын медициналық сақтандыру қызметтеріне (науқастану жағдайындағы сақтандыру), отбасылық дәрігердің және үйдегі медбикенің қызметтеріне, стоматологиялық қызметтерге, тұмауға қарсы егуге және т.б. қол жетімділікті қамтамасыз етеді; еңбек демалысына сауығуға жәрдемақы беру түрінде қаржылық қолдау көрсетеді;
- әкімшілік ғимаратта спорттық жабдықтары бар бөлмелерді қамтамасыз ету арқылы нығайту және қызметкерлерді салауатты өмір салтын ұстануға ынталандыру бойынша өткізілетін саясат аясында көмек көрсетеді және спорт мекемелеріне баруға арналған жеңілдіктерді алу мүмкіндігін береді.

Сондай-ақ, Қоғам қызметкерлердің жұмыс орнындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша ұйымдастырылған жұмысты өткізеді:

- міндетті нұсқаулықтан өткізу және қызметкерлердің қауіпсіздігі және еңбекті қорғау мәселелері бойынша білімді тексеру арқылы қызметкерлерді өндірістік үдерістер бойынша оқыту өткізіледі, нұсқама бірінші кезекте жаңадан қабылданған қызметкерлерге өрт қауіпсіздігі және еңбекті қорғау тақырыптары бойынша өткізіледі;
- әкімшілік ғимараттың кеңселік үй-жайларындағы жабдықтың және инженерлік желілердің, қызметкерлердің жұмыс орнындағы компьютерлердің және ұйымдық техниканың регламентделген профилактикалық жөндеуі өткізіледі.

ЫНТАЛАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ

Қоғамның еңбекақы төлеу жүйесі Қоғам қызметкерлерінің еңбек ақысын төлеу және сыйақымен марапаттау ережелерімен реттеледі, олардың мақсаты қызметкерлерді есепті кезеңдегі қызмет нәтижелері үшін көтермелеуге және олар қойылған мақсаттарға қол жеткізген кезде қызметкерлердің тиімділігін бағалауға мүмкіндік беретін еңбек ақыны төлеу жүйесін орнату арқылы Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуде жәрдемдесу болып табылады.

Қоғам қызметкерлері жалақысының бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін 2019 жылы лауазымдарды тегістеу және жалақы нарығының талдауы өткізілді.

2009 жылдан бастап Қоғамның қызметкерлеріне Әлеуметтік қолдау көрсету ережелері әрекет етеді, оларда қызметкерлерге арналған әлеуметтік қолдаудың түрлері және шарттары анықталған.

Қоғам қызметкерлеріне әлеуметтік қолдаудың төмендегі түрлері көрсетіледі:

1. Материалдық көмек;
2. Өтемақылы шығыстар;
3. Қызметкерлердің және олардың отбасы мүшелерін медициналық сақтандыру.

Қоғамда ерлер мен әйелдердің еңбегі үшін тең сыйақы көзделген.

Қызметкерлердің қызметін бағалау тәртібіне сәйкес есепті жылдың 31 желтоқсанына дейін әкімшілік және басшы қызметкерлердің кешенді бағалауы жыл сайын өткізіледі. Осылайша, 2019 жылы мансап тиімділігінің және дамуының тұрақты шолуларын алған әкімшілік қызметкерлердің пайыздық көрсеткіші 96 % құрады. Басшы қызметкерлер Қоғам қызметінің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізген соң бағаланады.

Қоғам қызметкерлері жалақысының бәсекеге қабілеттілік деңгейін бағалау үшін 2019 жылы лауазымдарды тегістеу және жалақы нарығының талдауы өткізілді.

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

«Самұрық-Қазына» АҚ Қайырымдылық саясатына және Қайырымдылық бағдарламасына сәйкес демеушілік және қайырымдылық қызмет 2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобының бірыңғай операторы – «Samruk-Kazyna Trust» Әлеуметтік жобаларды дамыту қоры арқылы жүзеге асырылады.

Қоғамның 2019 жылғы бюджетінде осы бағыттағы қызмет құралдары көзделмеген.

Демеушілік және қайырымдылық көмек Қоғамның қызметкерлерімен ерікті негізде жүзеге асырылады. 2019 жыл ішінде қызметкерлер тарапынан төмендегі әлеуметтік қайырымдылық бастамалар қолдау тапты:

- Жеңіс күніне орай Нұр-Сұлтан қаласының Ардагерлер кеңесімен Қоғамға бекітілген Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне атаулы көмек көрсетіледі;
- Жылдың ішінде қызметкерлер тарапынан Қоғамға көмек сұрап жүгінген халықтың әлеуметтік осал топтарының азаматтарына қайырымдылық көмек өз қаражаты есебінен көрсетіледі;
- Қызметкерлер, Донор күні, Экологиялық сенбіліктер, Арыс қаласында зардап шеккендерге көмек көрсету секілді және т.б. «Самұрық-Қазына» АҚ тобында басталатын еріктілік жобаларда белсенді қатысады;
- Арыс қаласындағы әлеуметтік маңызы бар нысандарды жөндеу және қалпына келтіру бойынша жобаны жүзеге асыру.

БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ

Сіздің осы Есеп бойынша сұрақтарыңызды, пікірлеріңізді және ұсыныстарыңызды, сондай-ақ, есептің қағаз нұсқасын алуға сұраныстарыңызды Сіз:

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ-ға келесі мекенжайға
010000, Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы,
Е10 – көшесі, 17/10-үй жолдай аласыз.
Тел.: +7 7172 570210 (қабылдау бөлімі),
факс +7 7172 575522, info@fnsk.kz

ҚОСЫМШАЛАР

№1 ҚОСЫМША

Маңызды мәмілелер туралы ақпарат

Қоғам 2019 жылы оларды жасауда мүдделілігі болған төмендегі мәмілелерді жасады:

- 7.06.2019 жылы «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен Нұр-Сұлтан қаласындағы ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 18 500 000 (он сегіз миллион бес жүз мың) теңгеге «5000 орындық Жекпе-жек сарайы» нысанының құрылысын салу жобасын басқару бойынша қызметтерді сатып алу туралы Шартты жасасу;
- 8.02.2019 ж. «Қазпошта» акционерлік қоғамымен төлемдерді қабылдау бойынша қызметтер көрсетуге қатысты Шартты жасасу;
- 16.08.2019 жылы «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 16 706 390 (он алты миллион жеті жүз алты мың үш жүз тоқсан) теңгеге Түркістан облысының Арыс қаласындағы нысандардың құрылысын техникалық қадағалау бойынша қызметтерді Сатып алу туралы шартты жасасу;
- 16.07.2019 жылы «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 41 560 691,20 (қырық бір миллион бес жүз алпыс мың алты жүз тоқсан бір теңге жиырма тиын) теңгеге Түркістан облысының Арыс қаласындағы нысандардың құрылысын техникалық қадағалау бойынша қызметтерді Сатып алу туралы шартты жасасу;
- 22.01.2019 жылы «Самұрық-Қазына» АҚ Нұр-Сұлтан қ., Есіл ауданы, Е10-көшесі, 17/10-үй мекенжайында орналасқан жер телімі бар тұрғын емес кеңсе ғимаратын сенімгерлікпен басқару шартын жасасу;
- 27.05.2019 жылы «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 214 537 074 (екі жүз он төрт миллион бес жүз отыз жеті мың жетпіс төрт) теңгеге «Түркістан қаласындағы 7000 орындық стадион» нысанның құрылысын техникалық қадағалау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шартты жасасу;
- 27.05.2019 жылы «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 70 319 418 (жетпіс миллион үш жүз он тоғыз мың төрт жүз он сегіз) теңгеге «Түркістан қаласындағы Х.А. Яссауи мұражайы» нысанының құрылысын техникалық қадағалау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шартты жасасу;
- 27.05.2019 жылы «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 178 465 301 (жүз жетпіс сегіз миллион төрт жүз алпыс бес мың үш жүз бір) теңгеге «Түркістан қаласындағы Конгресс холл» нысанның құрылысын техникалық қадағалау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шартты жасасу;
- 27.05.2019 ж. «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 114 818 951 (жүз он төрт миллион сегіз жүз он сегіз мың тоғыз жүз елу бір) теңгеге «Түркістан қаласындағы Оқушылар сарайы» нысанының құрылысын техникалық қадағалау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шартты жасасу;
- 27.05.2019 ж. «Компания по строительству объектов» Корпоративтік қорымен ҚҚС қоса есептегенде жалпы сомасы 260 400 000 (екі жүз алпыс миллион төрт жүз мың) теңгеге «Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ драма театры» нысанның құрылысын техникалық қадағалау бойынша қызметтерді сатып алу туралы шартты жасасу;
- 28.11.2019 ж. Төлемдерді Серіктестікте үлесті сатып алу-сату шартына қол қойылған күннен бастап 6 ай мерзімге бөліп жасаумен «КАН Групп» ЖШС-мен «ФН Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталындағы 12 500 000 (он екі миллион бес жүз мың) теңге үлесін Сатып алу-сату шартын жасасу.

№2 ҚОСЫМША

GRI қамту индексі

2019 жылғы тұрақты даму саласындағы есеп GRI стандарттарына сәйкес әзірленді: негізгі нұсқа

Әмбебап стандарттар

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпелер, сілтемелер, ерекшеліктер
	101 Негізгі ережелер	
	102 Есептіліктің жалпы стандартты элементтері	
1	**Ұйымның бағдары**	
102-1	Ұйымның атауы	Компания туралы
102-2	Компанияның негізгі брендтері, өнімдері, сондай-ақ, қызметтері	Бизнес-моделі Стратегиялық бағыттары
102-3	Ұйымның штаб-пәтерінің орналасқан жері	Байланыс ақпараты
102-4	Ұйым өз қызметін жүзеге асыратын елдердің саны және атауы	Компания туралы
102-5	Меншіктік сипаты мен ұйымдық-құқықтық нысаны	Компания туралы
102-6	Ұйым жұмыс істейтін нарықтар (географиялық бөлуді, қызмет көрсету салаларын, сондай-ақ, тұтынушылардың санаттарын және бенефициарларын қоса алғанда)	Стратегиялық бағыттар
102-7	Ұйымның масштабы: 1) қызметкерлердің жалпы саны; 2) бөлімшелердің жалпы саны; 3) таза кірістер; 4) қарыздық және меншікті капиталға бөлген күйдегі жалпы капитал; 5) жеткізілген өнімдердің немесе қызметтердің көлемі.	Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
102-8	Қызметкерлер және басқа жұмыскерлер туралы ақпарат. Еңбек шарты (тұрақты және уақытша) бойынша қызметкерлердің жынысына сәйкес жалпы саны. Еңбек шарты (тұрақты және уақытша) бойынша қызметкерлердің аймақтарға сәйкес жалпы саны.	Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
102-9	Ұйымның жеткізу тізбегі	Жеткізілімнің жауапты тізбегі
102-10	Ұйымдағы және жеткізу тізбегіндегі маңызды өзгертулер	Есеп беру кезеңі ішінде бәсекелес келіссөздерді өткізу арқылы тендер күйіндегі сатып алу әдісімен толықтырылды
102-11	Сақтық қағидаты немесе тәсілі	Тәуекелдерді басқару

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпелер, сілтемелер, ерекшеліктер
102-12	Сыртқы бастамалар Сыртқы экономикалық, экологиялық және әлеуметтік жарғылар тізімі, қағидаттар, немесе соларға ұйым қосылатын немесе ол мақұлдайтын басқа бастамалар.	Қазіргі уақытта Қоғам формальды түрде қандай да бір осындай бастамаларға қосылмады. Сонымен бірге Қоғам ISO 26000 (Әлеуметтік жауапкершілік жөніндегі нұсқаулық) халықаралық стандартында және Корпоративтік басқару кодексінде бекітілген қағидаттарды басшылыққа алады, сондай-ақ, GRI стандартын пайдалана отырып тұрақты даму туралы есептілікті жариялайды.
102-13	Қауымдастықтардағы мүшелік: а. Салалық немесе басқа қауымдастықтардың, сондай-ақ, ұлттық немесе халықаралық насихаттық ұйымдардың негізгі мүшелерінің тізімі.	Қазіргі уақытта Қоғам формальды түрде қауымдастықтың қатысушысы болып табылмайды.
2	**Стратегия**	
102-14	Ұйымда шешім қабылдаушы ең үлкен тұлғаның өтініші	Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі Басқарма төрағасының үндеуі
102-15	Негізгі әсерлер, тәуекелдер және мүмкіндіктер	Тәуекелдерді басқару
3	**Этика және адалдық**	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес
102-16	Құндылықтар, қағидаттар, стандарттар және мінез-құлық нормалары	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы Тұрақты дамуды басқару
102-17	Этикаға қатысты кеңес беру және қауіптену механизмдері	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес
4	**Басқарма**	
102-18	Басқару құрылымы	Корпоративтік басқарудың құрылымы
102-19	өкілеттіктерді табыстау	Тұрақты дамуды басқару
102-20	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптар бойынша атқарушы билік деңгейіндегі жауапкершілік	Тұрақты дамуды басқару
102-21	Мүдделі тараптарға экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мәселелер бойынша кеңес беру	Есеп туралы Тұрақты дамуды басқару Байланыс ақпараты
102-22	Жоғары басқару органының және оның комитеттерінің құрамы	Директорлар кеңесі
102-23	Жоғары басқару органының төрағасы	Жоғары басқару органының төрағасы ретінде ұйымдағы атқарушы лауазымды тұлға болып табылмайды.
102-24	Жоғары басқару органын ілгері тарту және таңдау	Директорлар кеңесі
102-25	Мүдделер қақтығысы	Мүдделер қақтығысын реттеу бірқатар ішкі нормативтік құжаттарда көзделген: Қоғамның Жарғысымен, Директорлар кеңесі туралы ережемен, Мінез-құлық кодексімен.
102-26	Жоғары басқару органының мақсаттарды, құндылықтар мен стратегияларды анықтаудағы рөлі	В Қоғамның Жарғысына сәйкес сұрақтар: Қоғам қызметінің басым бағыттарын анықтау; Қоғамның даму стратегиясын бекіту және оның жүзеге асырылуын бақылау Директорлар кеңесінің айрықша құзыреттілігіне жатқызылады

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпелер, сілтемелер, ерекшеліктер
102-27	Жоғары басқару органының ұжымдық білімі	Директорлар кеңесі мүшелерінің біліктілігін арттыру
102-28	Жоғары басқару органының жұмысын бағалау	Директорлар кеңесінің қызметін бағалау
102-29	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік әсерлерді анықтау және басқару	Тұрақты дамуды басқару
102-30	Тәуекелдерді басқару үдерістерінің тиімділігі	Тәуекелдерді басқару
102-31	Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік тақырыптардың шолуы	Тұрақты дамуды басқару
102-32	Жоғары басқару органының тұрақты даму бойынша есептіліктегі рөлі	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы Тұрақты дамуды басқару
102-33	Сыни мәселелер туралы хабарлау	Тәуекелдерді басқару Маңызды тақырыптарды анықтау
102-34	Сыни мәселелердің сипаты және жалпы саны	Тәуекелдерді басқару Маңызды тақырыптарды анықтау
102-35	Сыйақымен марапаттау саясаты	Директорлар кеңесі және Басқарма мүшелерін сыйақымен марапаттаудың негізгі ережелері
102-36	Сыйақыны белгілеу үдерісі	Директорлар кеңесі мен Басқарма мүшелеріне сыйақы берудің негізгі ережелері
5	**Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестік**	
102-40	Мүдделі тараптардың тізімі	Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу
102-41	Ұжымдық шарттар	Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу
102-42	Мүдделі тараптарды анықтау және іріктеу	Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу. Анағұрлым толық ақпарат Қоғамның 2018 жылғы тұрақты даму саласындағы Есебінде баяндалған: www.skcn.kz
102-43	Мүдделі тараптармен өзара әрекеттестікке қатысты тәсіл	Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу
102-44	Мүдделі тараптар ұйыммен өзара әрекеттесу аясында көтерген негізгі тақырыптар және қауіптенулер	Маңызды тақырыптарды анықтау
6	**Есептілік практикасы**	
102-45	Шоғырландырылған қаржылық есептілікте қамтылған ұйымдар	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ «СҚ Девелопмент» ЖШС
102-46	Есептің және тақырыптың мазмұнын анықтау Шекаралар	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы
102-47	Материалдық тақырыптар тізімі	Маңызды тақырыптарды анықтау
102-48	Ақпаратты қайта қарау	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы
102-49	Есептіліктегі өзгерістер	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы
102-50	Есеп беру кезеңі	Жылдық есепте 01.01.2019 ж. бастап 31.12.2019 жылға дейінгі кезең ішінде тұрақты дамуы мәнмәтініндегі Компанияның негізгі экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметі келтірілген.
102-51	Соңғы есептің күні	2018 жылғы жылдық есеп 2019 ж. тамыз айында жарияланған

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпелер, сілтемелер, ерекшеліктер
102-52	Есеп беру циклі	Жылына 1 рет
102-53	Есепке қатысты сұрақтарға арналған байланыс ақпараты	«Samruk-Kazyna Construction» АҚ 010000, Нұр-Сұлтан қ., «Есіл» ауданы, Е 10 көшесі, 17/10-үйі Тел.: +7 7172 570210 (қабылдау бөлімі), пошта: info@fnsk.kz
102-54	GRI стандарттарына сәйкес есептілікті дайындаудың таңдалған нұсқасы туралы ақпарат	2019 жылғы тұрақты даму саласындағы есеп GRI стандарттарына сәйкес әзірленген: негізгі нұсқасы
102-55	GRI қамту индексі	83-бет
102-56	Сыртқы кепілдік	Тұрақты даму саласындағы есеп туралы

Тақырыптық стандарттар

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпелер, сілтемелер, ерекшеліктер
GRI 200 Экономикалық тақырыптар		
GRI 103 – Басқару саласындағы тәсілдеме	GRI 103-1 – Тақырыптардың және олардың шекараларының мәнділігін негіздеу	Есеп туралы Маңызды тақырыптарды анықтау
	GRI 103-2 – Басқару саласындағы тәсілдеме және оның компоненттері	Басқарма төрағасының үндеуі Қызметтің стратегиялық бағыттары Тұрақты дамуды басқару Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес
	GRI 103-3 – Басқару саласындағы тәсілдеменің бағалауы	Ішкі аудит
GRI 201 – Экономикалық көрсеткіштер	GRI 201-1 Құрылған және үлестірілген тікелей экономикалық құн	Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
	GRI 201-4 Үкіметтен алынған қаржылық көмек	Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
GRI 203 – Жанама экономикалық әсерлер	203-2 Маңызды жанама экономикалық әсерлер	Жеткізілімнің жауапты тізбегі Қатысу аймақтарындағы экономикалық әсерлер
GRI 205 – Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	GRI 205-1 Сыбайлас жемқорлықпен байланысты тәуекелдер бойынша бағаланатын операциялар	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясаттары және әдістері туралы хабарлау және оларға үйрету
GRI 300 Экологиялық тақырыптар		
GRI 103 – Басқару саласындағы тәсілдеме	GRI 103-1 – Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу	Маңызды тақырыптарды анықтау
	GRI 103-2 – Басқару саласындағы тәсілдеме және оның компоненттері	Тұрақты дамуды басқару Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес
	GRI 103-3 – Басқару саласындағы тәсілдеменің бағалауы	Тұрақты дамуды басқару
GRI 305 – Шығарындылар	GRI 103-1 – Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу	Маңызды тақырыптарды анықтау

GRI стандарттары	Ашылатын мәліметтер	Ескертпелер, сілтемелер, ерекшеліктер
	GRI 103-2 – Басқару саласындағы тәсілдеме және оның компоненттері	Қоршаған ортаны қорғауға қатысты әсерді басқару Тұрақты дамуды басқару Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес
	GRI 103-3 – Басқару саласындағы тәсілдемені бағалау	Қоршаған ортаны қорғауға қатысты әсерді басқару
GRI 307 – Экологиялық нормаларға сәйкестік	GRI 307-1 – Экологиялық заңдарды және ережелерді сақтамау	Тұрақты дамуды басқару Қоғамда есеп беру кезеңі ішінде осындай оқиғалар болған жоқ.
GRI 400 Әлеуметтік тақырыптар		
Оқыту және білім беру		
GRI 103 – Басқару саласындағы тәсілдеме	GRI 103-1 – Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу	Маңызды тақырыптарды анықтау Кадрлық әлеуетті дамыту
	GRI 103-2 – Басқару саласындағы тәсілдеме және оның компоненттері	Кадрлық әлеуетті дамыту Тұрақты дамуды басқару Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес
	GRI 103-3 – Басқару саласындағы тәсілдеменің бағалауы	
Оқыту және білім беру		
GRI 404 – Оқыту және білім беру	GRI 404-1 – Қызметкерлерді жыныстары және санаттары бойынша бөлумен бір қызметкерге шаққандағы оқытудың орташа жылдық сағат саны	Кадрлық әлеуетті дамыту
	GRI 404-3 – мансап тиімділігінің және дамуының тұрақты шолуларын алатын қызметкерлердің пайыздық көрсеткіші	Кадрлық әлеуетті дамыту
Мемлекеттік саясат		
GRI 415 – Мемлекеттік саясат	GRI 103-1 – Тақырыптардың маңыздылығын және олардың шекараларын негіздеу	Маңызды тақырыптарды анықтау
	GRI 103-2 – Басқару саласындағы тәсілдеме және оның компоненттері	Мемлекеттік саясатты қолдау Тұрақты дамуды басқару Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес
	GRI 103-3 – Басқару саласындағы тәсілдеменің бағалауы	Мемлекеттік саясатты қолдау
Мемлекеттік саясат		
GRI 415 – Мемлекеттік саясат	GRI 415-1 – Елдер және алушылар/бенефициарлар бойынша саяси мақсаттарда қайырымдылықтардың жалпы ақшалай құны	Қоғам Елдер және алушылар/бенефициарлар бойынша саяси мақсаттарда қайырымдылықтарды жасамайды

№ 3 ҚОСЫМША

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі қамтылған

31.12.2019 жылы аяқталған жылдың шоғырландырылған қаржылық есептілігі

МАЗМҰНЫ

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі	91-96
Шоғырландырылған қаржылық есептілік	
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	97-98
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	99
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	100
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	101-102
Шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер	103-160

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
әл-Фараби д-пы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, д. 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 59 60
Факс: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 59 60
Fax: +7 727 258 59 61
www.ey.com/kz

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Акционері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ мен оның еншілес ұйымының (бұдан әрі - «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік барлық елеулі қатынастарда 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың шоғырландырылған қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының шоғырландырылған қозғалысы мен шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз одан әрі біздің есебіміздің *«Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің *Кәсіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (БХЭСК Кодексі)* (халықаралық тәуелсіздік стандарттарын қоса алғанда) сәйкес Топқа қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

EY
Building a better working world

Аудиттің шешуші мәселелері

Аудиттің шешуші мәселелері - біздің кәсіптік пайымдауымызға сай ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болып табылған мәселелер. Бұл мәселелер шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіміздің контекстінде және осы есептілік туралы пікірімізді қалыптастыру кезінде қарастырылған және біз бұл мәселелер жөнінде бөлек пікірімізді білдірмейміз. Төменде көрсетілген мәселелерге қатысты тиісті мәселенің аудитіміздің барысында қалай қарастырылғанының сипаты осы контекстіде келтіріледі.

Біз есебіміздің *«Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі»* бөлімінде сипатталған міндеттерді, оның ішінде осы мәселелерге де қатысты міндеттерді орындадық. Тиісінше, аудитімізге шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін бағалауымызға жауап ретінде әзірленген рәсімдерді орындау жатады. Аудиторлық процедураларымыздың, соның ішінде төменде көрсетілген мәселелерді қарастыру барысында орындалған процедуралардың нәтижелері қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы аудиторлық пікірімізді білдірудің негізі болады.

Аудиттің шешуші мәселесі	***Аудитіміз аудиттің шешуші мәселелесін қалайша ескерді***
Жылжымайтын мүліктің құнсыздануы	
Топтың жылжымайтын мүлігі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің және қаржылық жағдай туралы есептің басқа да айналымнан тыс активтерінің құрамына қосылған. Біз жылжымайтын мүлік нысандарын құнсыздану мәніне тестілеу бұл қалдықтардың маңыздылығына, Топқа тиесілі жылжымайтын мүлік нысандарының көптілігіне және кейбір нысандарды келешекте пайдалануға қатысты белгісіздікке орай аудиттің шешуші мәселесі болып табылады деп шештік. Сонымен бірге, теңгенің девальвациясы, инфляция өсімі және келешек экономикалық өсімге қатысты белгісіздік сияқты факторлардың үйлесімділігі Топ бизнесінің перспективаларына әсер етеді және тиісінше, Топ активтерінің құнсыздануына әкеп соқтыра алады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік пен басқа да айналымнан тыс активтер туралы ақпарат осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 6 және 13-ескертпелерінде ашылып көрсетілген.	Біз Топ басшылығы орындаған құнсыздану индикаторларының талдауын қарастырдық. Біз жылжымайтын мүліктің нарықтық құны сияқты құнсыздану көрсеткіштерін талдау кезінде басшылық пайдаланған жорамалдарды жылжымайтын мүлік нарығы туралы деректермен салыстырдық. Біз басшылықтың жылжымайтын мүлік нарығындағы келешек бағаларға және сату көлемдеріне қатысты үміттерін бағаладық. Біз инвестициялық жылжымайтын мүлік пен басқа да айналымнан тыс активтерге қатысты Топ ашып көрсеткен ақпаратты талдадық.

EY
Building a better working world

Қаржы активтерінің құнсыздануы	***Аудитіміз аудиттің шешуші мәселелесін қалайша ескерді***
2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың берілген қарыздар бойынша айтарлықтай берешегі және қаржылық жалдау бойынша берешегі, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелерде депозиттері бар. Топ өзінің қаржы активтері бойынша күтілетін несиелік залалдардың резервін 9 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес бағалайды. Берілген қарыздар бойынша берешектің күтілетін несиелік залалдардың резервін, қаржылық жалдау бойынша берешектің, ақша қаражаты мен оның баламаларының және кредиттік мекемелердегі депозиттердің өтелімділігін бағалау күрделі болып табылады, едәуір дәрежеде субъективті және атап айтқанда, дебитордың болжамды төлем жасай алу қабілеттігі туралы жорамалдарға негізделген. Осы себептермен, бұл мәселе біздің аудитіміз үшін барынша маңыздылардың бірі болып табылады. Берілген қарыздар бойынша берешек, қаржылық жалдау бойынша берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі қаражат туралы ақпарат шоғырландырылған қаржылық есептіліктің 9, 10, 15 және 17-ескертпелерінде ашылып көрсетіледі.	Біз берілген қарыздарға, қаржылық жалдау бойынша берешекке, ақша қаражаты мен оның баламаларына және кредиттік мекемелердегі қаражатқа қатысты күтілетін несиелік залалдар резервін есептеу процесін түсініп, Топтың тиісті есеп саясатын бағаладық. Біз Топ резервтеу матрицасында пайдаланған ақпаратты Топ берген қарыздар, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек, ақша қаражаты мен оның баламалары және кредиттік мекемелердегі депозиттер мен баршаға қолжетімді экономикалық болжамдар туралы тарихи деректермен салыстырдық. Сондай-ақ біз берілген қарыздар бойынша берешек, қаржылық жалдау бойынша берешек, берешектің мерзімдер бойынша пайда болу құрылымы, есепті күнге дейінгі және кейінгі есептеулер туралы ақпаратты қарастырдық. Біз үшінші тараптармен болған келіссөздердің ағымдағы мәртебесі мен түскен хат-хабарларды қарастырдық. Біз берілген қарыздар бойынша берешекке, қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекке, ақша қаражаты мен оның баламаларына, сондай-ақ кредиттік мекемелердегі депозиттерге қатысты Топ ашып көрсеткен ақпаратты және 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерін талдадық.

Топтың 2019 жылғы жылдық есебіне қосылған басқа да ақпарат

Басқа да ақпаратқа Топтың 2019 жылғы жылдық есебінде қамтылған ақпарат жатады, бірақ шоғырландырылған қаржылық есептілік пен сол туралы біздің аудиторлық есебіміз жатпайды. Басқа да ақпарат үшін жауапкершілікті басшылық көтереді. Топтың 2019 жылғы Жылдық есебі, жорамалмен, бізге осы аудиторлық есеп күнінен кейін ұсынылады.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікіріміз басқа ақпаратқа таралмайды және біз бұл ақпаратқа қатысты қандай да бір нысанда сенімділікті білдіретін тұжырымды ұсынбаймыз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудитті жүргізуімізге орай біздің міндетіміз жоғарыда аталған басқа ақпаратпен, ол бізге ұсынылған кезде танысу және бұл ретте басқа да ақпарат пен шоғырландырылған қаржылық есептіліктің немесе аудит барысында ие болған біліміміз арасында елеулі сәйкессіздіктердің болуы және басқа да ақпарат өзге елеулі бұрмалануларды қамтылмайтындығы мәселесін қарастыру болып табылады.

Басшылықтың және Директорлар кеңесінің шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Топ басшылығы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ХҚЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қателіктің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Топты таратқысы келген, басшылықтың қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Директорлар кеңесі Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігінің дайындалу процесін қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептілік бүтіндей адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық есепті шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымды сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымды сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайтындығының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адал емес әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген күйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз кәсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына кәсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- адал емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедураларды жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негіздеме ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, адал емес әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі жоғары, өйткені адал емес әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында емес, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедураларды әзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсінеміз;
- қолданылатын есеп саясатының лайықты сипатын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізділігін бағалаймыз;
- басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану заңдылығы туралы тұжырым жасаймыз және түскен аудиторлық дәлелдердің негізінде Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінде айтарлықтай күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық есебімізде шоғырландырылған қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық есебіміз жасалған күнге дейін түскен аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Топтың өз қызметін үздіксіз жалғастыру қабілетінен айырылып қалуына әкеп соқтыра алады;
- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ шоғырландырылған қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікірді білдіру үшін ұйымның қаржылық ақпаратына және Топ ішіндегі шаруашылық қызметке қатысты жеткілікті болатын лайықты аудиторлық дәлелдерді аламыз. Біз жалпы басшылық ету, бақылау және Топ аудитінің жүргізілуі үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін жеке дара жауапты болып табыламыз.

EY
Building a better working world

Біз Директорлар кеңесіне кіретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Сондай-ақ біз Директорлар кеңесіне кіретін тұлғаларға тәуелсіздікке қатысты барлық тиісті этикалық талаптарды сақтағандығымыз туралы мәлімдеме жасадық және осы тұлғаларды барлық өзара қарым-қатынастар мен аудитордың тәуелсіздігіне әсер етеді деп негізделген түрде есептеуге болатын басқа да мәселелер туралы, ал қажетті жағдайларда - тиісті сақтық шаралары туралы хабардар еттік.

Біз «Samruk - Kazyna Construction» АҚ-ның Директорлар кеңесіне кіретін тұлғалардың назарына жеткізген мәселелерден біз ағымдағы кезең үшін шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудиті үшін барынша маңызды болған және тиісінше, аудиттің шешуші мәселелері болып табылатын мәселелерді айқындаймыз. Біз бұл мәселелерді аудиторлық есебімізде сипаттаймыз, тек бұл мәселелер туралы ақпаратты жария ету заңмен немесе нормативтік актімен тыйым салынған жағдайдан немесе қандай да бір мәселе туралы ақпарат біздің есебімізде хабарланбауы тиіс екендігі туралы тұжырымға келген сирек жағдайлардан басқа, өйткені мұндай ақпаратты хабарлаудың теріс салдары оның хабарлануынан қоғамдық маңызы бар пайдадан асады деп жорамал жасауға болады.

Соның нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы аудиторлық есебі шығарылған, аудиттің жүргізілуіне жауапты Партнер, - Адиль Сыздыков.

„Эрнст энд Янг" ЖШС

Адиль Сыздыков
Аудитор

Аудитордың 2013 жылғы 23 желтоқсандағы № МФ-0000172 біліктілік куәлігі

Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС
Бас директоры

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі 2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлық қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия

Әл-Фараби д-лы, 77/7, «Есентай тауэр» ғимараты,
050060, Алматы қ, Қазақстан Республикасы

2020 жылғы 25 ақпан

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2019 жылғы 31 желтоқсанға

Мың теңгемен	Ескер.	2019 жыл	2018 жыл
Активтер			
Айналымнан тыс активтер			
Негізгі құралдар	5	**244.152**	246.479
Инвестициялық жылжымайтын мүлік	6	**4.004.550**	4.653.092
Қауымдасқан компанияға инвестиция	12	**–**	59.437
Құрылыс компанияларына берілген аванстар	8	**4.439.252**	18.954.990
Материалдық емес активтер		**52.029**	38.081
Ұзақ мерзімді қаржы активтері	9	**53.436.693**	38.836.344
Кредиттік мекемелердегі қаражат	10	**37.629.383**	41.802.336
Басқа да айналымнан тыс активтер	13	**6.754.759**	21.388.544
		106.560.818	125.979.303
Айналымдағы активтер			
Тауар-материалдық қорлар		**4.065**	4.776
Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік	7	**7.151.461**	20.340
Берілген аванстар	8	**–**	4.868
Сауда дебиторлық берешек	14	**6.164.853**	53.040
Берілген қарыздар	15	**9.549.482**	42.314.338
Табыс салығы бойынша алдын ала төлем		**379.294**	147.984
Ағымдағы қаржы активтері	16	**12.372.753**	9.508.664
Кредиттік мекемелердегі қаражат	10	**139.332**	134.583
Басқа да айналымдағы активтер	11	**394.327**	15.454
Ақша қаражаты мен оның баламалары	17	**23.347.106**	11.305.249
		59.502.673	63.509.296
Активтердің жиыны		**166.063.491**	189.488.599

103-160 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
Капитал және міндеттемелер			
Капитал			
Жарғылық капитал	18	**19.990.162**	19.990.162
Қосымша төленген капитал	18, 19	**3.437.245**	3.437.245
БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының резерві		**103.955**	72.401
Бөлінбеген пайда		**21.527.367**	16.068.014
Капитал жиыны		**45.058.729**	39.567.822
Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер	20	**2.531.928**	1.811.358
Келешек кезеңдер кірістері		**137.758**	153.064
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	28	**23.288**	362.948
		2.692.974	2.327.370
Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Бас компаниядан алынған қарыздар	19	**108.657.480**	121.376.545
Кредиторлық берешек	21	**198.299**	135.044
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	22	**3.968.763**	6.059.596
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	23	**5.487.246**	20.022.222
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны		**118.311.788**	147.593.407
Міндеттемелер жиыны		**121.004.762**	149.920.777
Капитал мен міндеттемелер жиыны		**166.063.491**	189.488.599
Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)	18	**2.788,92**	2.432,97

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

103-160 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескер.	2019 жыл	2018 жыл*
Түсім	24	**21.902.246**	16.257.842
Өзіндік құны	25	**(12.482.293)**	(9.212.928)
Мемлекеттік субсидия		**1.341**	1.717.236
Жалпы пайда		**9.421.294**	8.762.150
Жалпы және әкімшілік шығыстар	26	**(2.169.159)**	(1.655.599)
Қаржы активтері бойынша күтілетін несие залалдарының резервін (есептеу)/қалпына келтіру	10, 11, 15, 17	**(1.779.290)**	595.973
Қаржылық емес активтер бойынша құнсызданудан болған залалдарды қалпына келтіру/(есептеу)	13	**737.713**	(4.134.855)
Операциялық кірістер		**6.210.558**	3.567.669
Қаржыландырудан болған кірістер	27	**1.366.971**	1.843.826
Қаржыландыру шығыстары	27	**(2.646.271)**	(1.499.120)
Қауымдасқан компанияның кірістеріндегі үлес	12	**903**	12.283
Өзге де кірістер		**3.069.485**	3.366.538
Өзге де шығыстар		**(62.080)**	(70.160)
Салық салынғанға дейінгі пайда		**7.939.566**	7.221.036
Табыс салығы бойынша шығыстар	28	**(1.148.977)**	(1.783.616)
Есепті жылғы пайда		**6.790.589**	5.437.420
Акцияға пайда			
Жай акцияларды ұстаушыларға келетін жылғы базалық пайда (теңгемен)	18	**417,95**	334,66
Есепті жылғы пайда		**6.790.589**	5.437.420
Келесі кезеңдерде пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелуге жататын басқа да жиынтық кіріс			
Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері бойынша таза кірістер		**31.554**	72.401
Салықтар шегерілген есепті жылғы өзге жиынтық кіріс		**31.554**	72.401
Салықтар шегерілген есепті жылғы жиынтық кірістің жиыны		**6.822.143**	5.509.821

* *Осы бағанда келтірілген кейбір сомалар 2018 жылғы қаржылық есептілікпен үйлеспейді, өйткені жасалған қайта жіктеулерді көрсетеді, олар туралы толық ақпарат 2ескертпеде келтірілген.*

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

103-160 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Жарғылық капитал	Қосымша төленген капитал	Сату үшін қолда бар құралдарды қайта бағалау резерві	БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының резерві	Бөлінбеген пайда	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсанға	19.990.162	3.437.245	(289.241)	–	16.857.119	39.995.285
9 ХҚЕС-ті қолданудан болған әсер	–	–	289.241	–	(5.075.387)	(4.786.146)
2018 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелген)	19.990.162	3.437.245	–	–	11.781.732	35.209.139
Есепті кезеңдегі пайда	–	–	–	–	5.437.420	5.437.420
Басқа да жиынтық кіріс	–	–	–	72.401	–	72.401
Жиынтық кіріс жиыны	–	–	–	72.401	5.437.420	5.509.821
Дивидендтер *(18-ескертпе)*	–	–	–	–	(1.151.138)	(1.151.138)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	19.990.162	3.437.245	–	72.401	16.068.014	39.567.822
Есепті кезеңдегі пайда	**–**	**–**	**–**	**–**	**6.790.589**	**6.790.589**
Басқа да жиынтық кіріс	**–**	**–**	**–**	**31.554**	**–**	**31.554**
Жиынтық кіріс жиыны	**–**	**–**	**–**	**31.554**	**6.790.589**	**6.822.143**
Дивидендтер *(18-ескертпе)*	**–**	**–**	**–**	**–**	**(1.331.236)**	**(1.331.236)**
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**19.990.162**	**3.437.245**	**–**	**103.955**	**21.527.367**	**45.058.729**

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

103-160 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

Мың теңгемен	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
Операциялық қызметтен болған ақша ағындары			
Өнім мен тауарларды өткізу		**1.005.190**	371.660
Алынған пайыздар		**3.798.385**	3.618.776
Жалдаудан түсімдер		**14.177.890**	8.177.689
«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша түсімдер		**1.963.312**	2.692.071
Өзге де түсімдер		**3.415.980**	1.682.442
Тауарлар мен қызметтер үшін өнім берушілерге төлемдер		**(1.193.787)**	(838.383)
Берілген аванстар		**(48.501)**	(35.260)
Жалақы бойынша төлемдер		**(1.129.765)**	(721.889)
Алынған қарыздар мен облигациялар бойынша сыйақыны төлеу		**(2.891.302)**	(2.130.603)
Корпоративтік табыс салығы		**(1.719.946)**	(1.533.738)
Бюджетке төленетін басқа да төлемдер		**(667.374)**	(445.044)
Басқа да төлемдер		**(4.149.955)**	(1.867.856)
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		**12.560.127**	8.969.865
Инвестициялық қызметтен болатын ақша ағындары			
Жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алуға алдын ала төлем	8	**(3.165.321)**	(18.490.293)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу		**(96.307)**	(51.170)
Банк салымдарын орналастыру		**–**	(2.549.463)
Банк салымдарын алу		**2.742.537**	1.158.371
Үшінші тараптарға берілген қарыздар		**(424.496)**	(20.203.473)
Үшінші тараптардан қарыздарды қайтару		**27.213.777**	44.141.772
Басқа түсімдер/(төлемдер)		**2.214.745**	(174.905)
Инвестициялық қызметтен түскен таза ақша ағындары		**28.484.935**	3.830.839

103-160 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (жалғасы)

Мың теңгемен	Ескерт.	2019 жыл	2018 жыл
Қаржылық қызметтен түскен ақша ағындары			
Алынған қарыздар бойынша түсімдер	19	**2.280.184**	34.527.713
Облигацияларды шығару	23	**5.203.442**	20.000.000
Алынған қарыздар бойынша негізгі борышты төлеу		**(15.154.644)**	(81.244.543)
Шығарылған облигацияларды өтеу	31	**(20.000.000)**	–
Төленген дивидендтер	18	**(1.331.236)**	(1.151.138)
Қаржылық қызметтен болған таза ақша ағындары		**(29.002.254)**	(27.867.968)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс		**12.042.808**	(15.067.264)
Күтілетін несие залалдары бойынша резервтегі өзгеріс	17	**(951)**	–
1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары		**11.305.249**	26.372.513
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	17	**23.347.106**	11.305.249

Экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директор Д.К. Досжанов

Бас бухгалтер Б.К. Сипульдина

103-160 бет аралығында қоса берілген есеп саясаты мен түсіндірме жазба осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. Корпоративтік ақпарат

«Samruk-Kazyna Construction» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 6 наурыздағы № 265 қаулысымен құрылды.

Компанияның кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, «Есіл» ауданы, Е 10, 17/10-үй.

Мемлекет меншігінде Компанияның 100% қатысу үлесі бар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Бас компания») арқылы Компанияға бақылау жүргізеді.

Компания миссиясы сапалы әрі қолжетімді тұрғын-үйді ұсыну арқылы Қазақстан Республикасы халқының өмір жағдайларын жақсарту, сондай-ақ құрылыс тиімділігін арттыру және «Самұрық-Қазына» АҚ компаниясы Тобының жобаларын басқару болып табылады.

Компанияның негізгі қызметіне мыналар кіреді:
- мемлекеттік бағдарламаларға қатысуды аяқтау;
- жылжымайтын мүлікті басқару;
- құрылысты басқару, оның ішінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ компаниялар тобының жобалары аясында техникалық қадағалауды және жобаларды басқаруды енгізу;
- жобалау және салу сатысында компанияның үлестерін сенімгерлік басқару.

Компанияның миссиясы мен көзқарасы Бас компанияның даму стратегиясы мен көзқарасын ескере отырып қалыптасты. Миссия компанияның стратегиялық басымдықтарын және оның Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуындағы рөлін көрсетеді.

Еншілес және қауымдасқан ұйымдар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы және 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компанияның келесі ұйымдарда қатысу үлестері болды:

Атауы	Тіркеу орны	Негізгі қызметі	Қатысу үлесі 2019 жыл	Қатысу үлесі 2018 жыл
«ФН Менеджмент» ЖШС	Қазақстан	Жылжымайтын мүлікті сату және жалға беру	–	49%
«СК Девелопмент» ЖШС	Қазақстан	Девелопмент, жылжымайтын мүлік объектілерін қаржыландыру және кейіннен басқару/өткізу, техникалық қадағалау	100%	100%

2019 жылғы 5 желтоқсанда Компания «ФН Менеджмент» ЖШС-тегі қатысу үлесінің 49% өткізді.

Компания мен оның еншілес ұйымы бұдан әрі бірлесіп Топ деп аталады.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік шоғырландырылған негізде Топтың 2019 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін қызметінің қаржылық нәтижелерін және көрсетілген күнге оның қаржылық жағдайын білдіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

1. Корпоративтік ақпарат (жалғасы)

Топтың қаржы нәтижелері құрылыс саласының ерекшелігіне байланысты болады, әрі оған ұзақ өндірістік цикл тән, өйткені жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысы, орташа, 1,5 жылдан 3 жылға дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте құрылыс және құрылысқа инвестициялау кезеңінде жылжымайтын мүлік объектілерін өткізуден түсетін кірістердің төмендеуі, құрылыс объектілеріне шығындардың капиталдануының / құрылыс ұйымдарына берілген аванстардың ұлғаюы байқалады. Тиісінше, жылжымайтын мүлік объектілері тапсырылғаннан кейін Топтың негізгі қызметінен түсетін кірістердің өсімі байқалады.

Осыдан басқа, Топтың қаржылық нәтижелеріне, мемлекеттік бағдарламалардың орындалуын қаржыландырудан берілген және алынған пайыздық кірістер мен шығыстарды және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің депозиттеріндегі уақытша бос ақша қаражатын орналастырудан болған пайыздар бойынша кірістерді қоса алғанда, ақша қаражатын басқарудан туындайтын қаржы құралдарын мойындау және оларды кейіннен бағалау әсер етеді *(31-ескертпе)*.

Жалпы, жылдар бойынша негізгі қызметтен түсетін кірістердің құбылуы құрылыс индустриясында жұмыс істейтін көптеген жергілікті және шетелдік компанияларға тән.

Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін шоғырландырылған қаржылық есептілігін Топ басшылығы 2020 жылғы 25 ақпанда шығаруға бекітті.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, егер өзгесі есеп саясатында және осы шоғырландырылмаған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде аталмаса, бастапқы құны бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленген. Шоғырландырылған қаржылық есептілік қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – «теңге») көрсетілген, ал барлық сомалар, өзгесі көрсетілген жағдайлардан басқа, бүтін мыңдықтарға дейін дөңгелектенген.

Шоғырландыру негізі

Шоғырландырылған қаржылық есептілік бас компанияның және оның еншілес компаниясының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топтың инвестицияларға қатысудан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдері болса немесе соларға ұшыраса немесе мұндай кірісті алуға құқығы болса, сондай-ақ инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерінің көмегімен кіріске ықпал етуге мүмкіндігі болса ғана, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек егер келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар объектісін бақылайды:

- Топтың инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктерінің болуы (яғни, инвестициялар нысанының маңызды қызметін ағымдағы басқару мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар);
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы кіріспен байланысты тәуекелдерге ұшырағыштығының немесе мұндай кірісті алуға құқықтарының болуы;
- Топтың инвестициялау объектісіне қатысты өз өкілеттіктерін жүзеге асырудың көмегімен кіріске әсер ету мүмкіндігі бар.

Әдетте, дауыс беру құқықтарының көп болуы бақылаудың болуын білдіреді деп болжанады. Мұндай жорамалды растау үшін және Топтың инвестициялар объектісіне қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар объектісіне қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді:

- инвестициялар объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім;
- басқа келісімдермен негізделген құқықтар;
- Дауыс беру құқығы және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес компанияға бақылауды алған кезде еншілес компанияның шоғырлануы басталады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Пайда немесе залал және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының меншік иелеріне және егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс сальдоға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес компаниялардың қаржылық есептілігі мұндай компаниялардың есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топішілік барлық активтер мен міндеттемелер, меншікті капитал, кірістер, шығыстар және Топ ішінде операцияларды жасау нәтижесінде туындайтын ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады.

Бақылаудан айырылмастан еншілес компанияға қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес компанияға бақылау жасау құқығынан айырылса, ол активтердің (оның ішінде гудвилдің), тиісті міндеттемелердің; бақыланбайтын қатысу үлестерінің және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарының мойындалуын тоқтатады және пайданың немесе шығынның құрамында пайда болған пайданы немесе шығынды мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

3. Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін әзірлеу Топ басшылығынан пікір білдіруін, есепте көрсетілетін түсім сомаларына, шығыстарға, активтер мен міндеттемелерге, сондай-ақ шартты міндеттемелер туралы ақпараттың ашылып көрсетілуіне ықпал ететін бағалау мәндері мен жорамалдарды айқындауды талап етеді. Осы жорамалдар мен бағалау мәндеріне қатысты белгісіздік мұндай жорамалдар мен бағалаулар қабылданатын активтердің немесе міндеттемелердің ағымдағы құнына қатысты келешекте едәуір түзетулер жасауды қажет етуі мүмкін нәтижелерге әкеліп соқтыруы мүмкін.

Болашақ туралы негізгі болжаулар және есепті күнге бағалаулардағы айқынсыздықтың басқа да негізгі көздері төменде қаралады, олар келесі қаржы жылы ішінде активтердің баланстық құны мен міндеттемелерге елеулі түзетулердің себебі болуы мүмкін.

Топтың жорамалдары мен бағалау мәндері ол шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау сәтіне қолында болған бастапқы деректерге негізделген. Дегенмен ағымдағы міндеттемелер мен келешекке қатысты жорамалдар нарықтық өзгерістерге немесе Топ бақыламайтын жағдайларға орай өзгеруі мүмкін. Мұндай өзгерістер олар болатын шамаға қарай жорамалдарда көрсетіледі.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Егер активтің немесе ақша ағындарын тудыратын бөлімшенің теңгерімдік құны сату шығындарын шегергендегі әділ құн және пайдаланудан болған құндылық өлшемдерінің ең көбі болып табылатын өтелетін құннан асатын болса орын алады. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергендегі әділ құнның есебі ұқсас активтерді сатудың міндетті күші бар коммерциялық мәмілелері бойынша қолда бар ақпаратқа немесе активтің шығарылуына байланысты шегілген қосымша шығындарды шегергенде қадағаланатын нарықтық бағаға негізделеді. Пайдалану құндылығының есебі дисконтталған ақша ағындарының моделіне негізделген. Ақша ағындары бюджеттен келесі бес жылға алынады және оған Компанияның жүргізуге әлі де болса міндеттемелері жоқ қайта құрылымдау бойынша қызмет немесе ақша ағындарын жасайтын бөлімшенің құнсыздану мәніне тексерілетін активтің нәтижелерін жақсартатын келешектегі елеулі инвестициялар жатпайды. Өтелетін құн дисконтталған ақша ағындарының үлгілеріне пайдаланылатын дисконттау мөлшерлемесіне, сондай-ақ ақша қаражатының күтілетін ағындарына және экстраполяция мақсатында пайдаланылған өсу қарқындарына барынша сезімтал.

Күтілетін несие залалдары

Топ берілген қарыздар, кредиттік мекемелердегі қаражаттар және ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша КНЗ есептеу үшін бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланады. Бағалау резервтерінің мөлшерлемелері залалдардың ұқсас сипаттамалары бар (яғни, географиялық өңір, өнім типі, сатып алушылардың типі мен рейтингісі, аккредитивтер арқылы қамсыздандыру және несие тәуекелдерін сақтандырудың басқа да нысандары бойынша) түрлі клиенттік сегменттердің топтары үшін төлемді жасау мерзімін ұзартып алудың күндеріне қарай белгіленеді.

Бастапқыда бағалау резервтері матрицасының негізінде өткен кезеңдерде дефолттардың пайда болуының қадағаланатын деректері жатыр. Топ болжамды ақпаратты ескере отырып несие залалдарының пайда болуының бұрынғы тәжірибесін түзетіп алу үшін матрицаны жаңартып отырады. Мысалға, егер келесі жылдың ішінде болжамды экономикалық талаптардың (мысалы. ЖІӨ) нашарлауы күтілетін болса, әрі ол өндірістік секторда дефолт жағдайларының ұлғаюына әкеп соқтыра алса, дефолттың тарихи деңгейі түзетіледі. Әрбір есепті күнге алдыңғы кезеңдердегі дефолттың деңгейі туралы қадағаланатын деректер жаңартылып отырады және болжамды бағалаулардың өзгерістері сараланады.

Экономикалық талаптармен болжанатын дефолттың тарихи қадағаланатын деңгейлері мен және КНЗ арасындағы өзара байланысты бағалау едәуір есепті бағалау болып табылады. КНЗ көлемі жағдайлардағы және болжанатын экономикалық талаптардағы өзгерістерге сезімтал келеді. Топтың несие залалдарының пайда болуының бұрынғы тәжірибесі мен экономикалық талаптардың болжамы сатып алушының келешектегі іс жүзіндегі дефолты үшін көрнекі болып табылмауы мүмкін.

Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ұзақ мерзімді және ағымдағы қаржы активтерінің құрамында қаржылық жалдау бойынша берешектің едәуір қалдықтары бар. Қаржылық жалдау бойынша берешек Нұрлы жер мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалға алушы – 8.000 астам жеке тұлғаға тиесілі дербес елеусіз қалдықтардан тұрады. Топ басшылығы 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жалдау берешегі бойынша күтілетін несие залалдарына резервті есептемеді. Топ басшылығы баланстың 100%-ы өтелуге жатады деп есептейді, өйткені қаржылық жалдау берешегі жалдау бойынша активтермен, жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілген, әрі оның әділ құны қаржылық жалдау берешегінің баланстық құнынан айтарлықтай асады.

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Аванстар жылжымайтын мүлік объектілерін сатып алу мақсатында құрылыс компанияларына берілді. Құрылыс компанияларына берілген аванстар қаржы құралдары болып табылмайды және тиісінше, құрылыс компанияларына аударылған ақша қаражатының мөлшерінде ескеріледі.

Операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – Топ жалға беруші ретінде

Топ инвестициялық жылжымайтын мүлік портфелінің шеңберінде ескерілетін коммерциялық жылжымайтын мүлікті жалдау шарттарын жасады. Шарттардың талаптарын талдау негізінде (мысалы, соларға сай жалдау мерзімі коммерциялық жылжымайтын мүлік объектісін экономикалық пайдалану мерзімінің негізгі бөлігін білдірмейді және жалдау бойынша ең аз төлемдердің келтірілген құны коммерциялық жылжымайтын мүліктің бүкіл әділ құнына тең болады), Компания аталған мүлікке меншік құқығымен байланысты барлық елеулі тәуекелдер мен пайданы сақтап қалатындығын және тиісінше, бұл шарттарға операциялық жалдау шарттары үшін айқындалған есепке алу тәртібін қолданатындығын белгіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің жіктелуі

Топ жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік немесе инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылатындығын былайша айқындайды:

- Инвестициялық жылжымайтын мүлікке Топтың қызметінде пайдалану үшін қолданылмайтын, операциялық қызметте сатуға арналмаған, бірінші кезекте жалға беруден кіріс немесе капитал құнының өсімінен кіріс алу үшін ұсталатын пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар кіреді.
- Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке операциялық қызметте сатуға арналған жылжымайтын мүлік кіреді. Негізінен, бұл Топ құрылыс аяқталғаннан кейін сатқысы келген пәтерлер, паркингтер және коммерциялық үй-жайлар.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің және сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құны

Инвестициялық жылжымайтын мүлік өзіндік құны бойынша бухгалтерлік есепте жинақталған тозу мен құнсыздану бойынша жинақталған шығындарды шегеру арқылы көрсетіледі. Әділ құн соған ұқсас сипаттамалары мен орналасқан жері бар жылжымайтын мүлікпен жуырда жасалған мәмілелердің негізінде айқындалады. Инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны *6-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Сатуға арналған жылжымайтын мүлік өзіндік құнының ең азы және таза өткізу құны (ТӨҚ) бойынша көрсетіледі. Сатуға арналған жылжымайтын мүлік үшін ӨТҚ есепті күнге қолданылатын нарықтық конъюнктура мен бағаларды ескере отырып бағаланады және Топ тиісті жуырдағы нарықтық операцияларды назарға ала отырып айқындайды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

3. Елеулі есепті пайымдаулар, бағалау мәндері және жорамалдар (жалғасы)

Сенімгерлік басқару шарттары

2019 жылдың ішінде Топтың байланысты тарап «Біріккен химия компаниясы» ЖШС-пен (бұдан әрі – «БХК») БХК-ның келесі еншілес компаниялардағы үлестерін басқаруға арналған сенімгерлік басқару шарттары қолданылды: «Тараз химиялық парк» Арнайы экономикалық аймақты басқарушы компания» АҚ, «Karabatan Utility Solutions» ЖШС, «ХИМ-плюс» ЖШС. Сенімгерлік басқару шарттары жобалардың құрылысы аяқталғанға дейін қолданылады: «Тараз химиялық парк» Арнайы экономикалық аймақта инфрақұрылымды салу», «Ұлттық индустриалды мұнай-химия паркі» Арнайы экономикалық аймақтың инфрақұрылым объектілерін салу», тиісінше «Глифосфат, үшхлорлы фосфор, каустикалық сода мен хлор өндірісі». Топ сенімгерлік басқару шарттарын сенімгерлік басқарудың өтуіне орай БХК еншілес компаниялары бақылауының болуына саралады және БХК еншілес компанияларындағы қатысу үлестерін бақылау амалы Топқа 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді.

2019 жылғы 24 қаңтарда Топ пен Бас компания Офистік ғимаратты сенімгерлік басқару шартын жасады. Топ көрсетілген шартты сенімгерлік басқаруға өтуіне орай бақылаудың болуына саралады және ғимаратты бақылау амалы Топқа 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша өтпеді деген тұжырымға келді. Топ әкімшілік ғимаратты басқару қызметтерін көрсетеді – үй-жайларды басқа ұйымдарға, негізінен байланысты тараптарға жалға береді.

Бұрын шығарылған есептілікті қайта жіктеу

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау барысында алдыңғы есепті кезең үшін салыстырмалы ақпаратты қайта жіктеу амалдары орындалды. Қайта жіктеуден болған әсер келесі кестеде ұсынылған:

Мың теңгемен	Бұрын көрсетілгендей	Қайта жіктеулер және түзетулер	Ескерт.	Түзетілген
2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп				
Қаржы активтерінің құнсыздану шығыстары	(471.920)	471.920	[1]	–
Қаржы активтері бойынша күтілетін несие залалдарының резервін (есептеу)/ қалпына келтіру	(3.066.962)	3.662.935	[1]	595.973
Қаржылық емес активтер бойынша құнсыздануан болған залалдарды қалпына келтіру/(есептеу)	–	(4.134.855)	[1]	(4.134.855)
Операциялық кірістер	**3.567.669**	**–**		**3.567.669**

[1] 2019 жылы Топ қаржылық емес активтердің құнсыздану залалдарын есептеу бойынша қаржы активтері мен шығыстары бойынша күтілетін несие залалдарының резервін есептеу шығыстарының таныстырылымын қайта қарады. Бұл қайта жіктеулер Топтың таза пайдасына әсерін тигізбеді.

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер

Топ *«Жалдау»* 16 ХҚЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолданды. Қаржылық есептіліктің бұл стандартын қолданумен негізделген өзгерістердің сипаты мен әсері төменде сипатталған.

2019 жылы стандарттарға кейбір басқа түзетулер және Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеген түсіндірулер алғаш рет қолданды. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Әр түзетудің сипаттамасы мен әсері төменде сипатталған:

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) *«Жалдау»* ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) *«Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау»* түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) *«Операциялық жалдау – стимулдар»* түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) *«Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау»* түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Топ жалға алушы болып табылатын шарттар жоқ.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 КРМФО (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болған талаптарда пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл *«Пайда салықтары»* 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 ХҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді түсіндіреді:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Топ әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындайды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады. Бұл түсіндіру Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Жаңа стандарттар, түсіндірмелер және қолданыстағы стандарттар мен түсіндірмелерге түзетулер (жалғасы)

«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 ХҚЕС–ке (IFRS) түзетулер

9 ХҚЕС-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» болып табылатындығы («ақша ағындары» критерийлері) және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемақыны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан «ақша ағындарының» критерийлерін қанағаттандыратындығын түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

19 ХҚЕС–ке (IAS) түзетулер «Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу»

19 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезең ішінде болған жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу жылдық есепті кезеңнің ішінде болса, ұйым белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақы мен мұндай оқиғадан кейін бағдарламаның активтерін көрсететін актуарлық жорамалдарға сүйене отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын айқындауы тиіс. Сондай-ақ ұйым бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыларды көрсететін белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бұл оқиғадан кейін бағдарлама активтерін; және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты пайыздардың таза көлемін айқындау. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

28 ХҚЕС–ке (IAS) түзетулер «Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар»

Түзетулер, ұйым 9 ХҚЕС-ті (IFRS) соларға үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ мәнінде қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын (ұзақ мерзімді салымдар) қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарды қолдануы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 ХҚЕСте(IFRS) күтілетін несие залалдарының моделі қолданылады.

Сондай-ақ түзетулерде, 9 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен залалдарды, не болмаса *«Қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар»* 28 ХҚЕС (IAS) қолдану салдарынан туындайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның түзетулері ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалдарды назарға алмайтындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың оларда қарастырылатын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдары жоқ.

ХҚЕС–ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015–2017 жылдар

3 ХҚЕС (IFRS) «Бизнестерді біріктіру»

Түзетулерде, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау алса, бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі қатысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалауды қоса алғанда, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бизнестерді біріктіруге қатысты талаптарды қолданылуы тиіс екендігі түсіндірілген. Бұл ретте иемденуші бірлескен операциялардағы бұрын болған барлық қатысу үлесін қайта бағалауы тиіс.

Бұл түзетулер Топтың көрсетілген кезеңдерде ұқсас операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

11 ХҚЕС (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік»

Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ бірлескен бақылауы жоқ тарап бірлескен операцияларға бірлескен бақылауды ала алады, солардың шеңберіндегі қызмет бұл термин 3 ХҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай бизнесті білдіреді. Түзетулерде мұндай жағдайларда осындай бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестерінің қайта бағаланбайтындығы түсіндіріледі.

Бұл түзетулер Топтың соның шеңберінде бірлескен бақылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

12 ХҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»

Түзетулер, дивидендтерге қатысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқиғалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, ұйым ұйымның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде мойындағандығына қарай дивидендтерге қатысты салық салдарын пайда немесе залал, басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Бұл түзетулерді алғаш рет қолдану кезінде ұйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолданылуы тиіс.

Көрсетілген түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

23 ХҚЕС (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар»

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды ортақ мақсаттарға арналған қарыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Ұйым бұл түзетулерді ұйым түзетулерді алғаш рет немесе осы күннен кейін қолданатын жылдық есепті кезеңнің басталу күніне орын алатын қарыз алулар бойынша шығындарға қатысты қолдануы тиіс. Көрсетілген түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Шығарылған, бірақ күшіне әлі енбеген стандарттар

Төменде шығарылған жаңа стандарттар, түзетулер мен түсіндірмелер келтірілген, бірақ Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі шығарылған күніне күшіне енбеген. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп күтілуде.

- 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру келісімшарттары»*;
- Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негізі;
- ХҚЕС-на (IFRS) түзетулер *«Бизнесті біріктіру»*;
- 8 ХҚЕС-на (IAS) және 1 ХҚЕС-на (IAS) түзетулер *«Нақтылықты анықтау»*;
- 7 ХҚЕС-на (IFRS) түзетулер *«Қаржылық құралдары: ақпаратты ашу» және – 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» – «Пайыздық мөлшерлемелер. Эталондарды реформалау»*;
- 1 МСБУ-ға (IAS) түзетулер *«Қаржылық есептілікті ұсыну» – «Қаржылық міндеттемелерді қысқа және ұзақ мерзімді етіп жіктеу»*.

Шетел валютасын қайта есептеу

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі Компанияның және оның еншілес ұйымының функционалдық валютасы және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген.

Теңге Компания және оның еншілес ұйымы қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда Топ компанияларымен операция тану критерийлерін қанағаттандырған күнге қолданылатын спот-бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі.

Шетел валютасында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның спот-бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық айырмалар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі.

Қазақстан Республикасында ресми айырбас бағамдары ретінде Қазақстан қор биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа алынған валюта бағамдары қолданылады.

ҚҚБ 2019 жылғы 31 желтоқсанда белгілеген АҚШ долларының айырбас бағамы 1 АҚШ долларына шаққанда 381,2 теңгені құрады (2018 жылы: 1 АҚШ долларына шаққанда 384,2 теңге).

Қауымдасқан компанияға инвестициялар

Қауымдасқан компания – бұл соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Едәуір ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын айқындау кезінде ескерілетін факторлар. Еншілес компанияларға бақылаудың болуын айқындау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас.

Топтың оның қауымдасқан компаниясына инвестициялары үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі.

Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алған күннен кейін туындайтын қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Егер қауымдасқан компанияның капиталында тікелей танылған өзгерістер болса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылғанда бұл фактіні ашады.

Топтың қауымдасқан компаниямен операциялары бойынша туындайтын жұмсалмаған пайда мен зияндар Топтың қауымдасқан компанияда қатысу үлесінің болған дәрежесінде алынып тасталды.

Қауымдасқан компанияның пайдасындағы Топ үлесі жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте тікелей көрсетілген. Ол қауымдасқан компанияның акционерлеріне келетін пайданы білдіреді, және сондықтан қауымдасқан компаниялардың еншілес компанияларындағы салық салу мен бақыланбайтын қатысу үлесін есептегеннен кейін пайда ретінде айқындалады.

Қауымдасқан компанияның қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігіндей есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісі қолданылғаннан кейін Топ өзінің қауымдасқан компаниясына инвестициясы бойынша құнсыздануды келген қосымша залалын тану қажеттігін айқындайды.

Әрбір есепті кезеңде Топ қауымдасқан компанияға құйылған инвестициялардың құнсыздануының объективті куәлігінің болуын белгілейді. Мұндай куәліктер болған жағдайда. Топ құнсыздану сомасын қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен оның баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Қауымдасқан компанияның пайдасындағы үлес» бабы бойынша пайда мен зияндарда мойындайды.

Қауымдасқан компанияға айтарлықтай ықпалдан айырылған жағдайда, Топ қалған инвестицияларды әділ құны бойынша бағалап, мойындайды. Едәуір ықпалдан айырылу сәтіне қауымдасқан компанияның баланстық құны мен қалған инвестициялардың әділ құны және шығарылудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында мойындалады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Активтер мен міндеттемелерді айналымдағы/қысқа мерзімді және айналымнан тыс/ұзақ мерзімді етіп жіктеу

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың айналымдағы және айналымнан тыс етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда, егер:
- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға немесе тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде қолданылатын міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айырбастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе оның баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер айналымнан тыс ретінде жіктеледі. Міндеттеме мына жағдайларда, егер:
- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- Топтың есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді.

Кейінгі қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер айналымнан тыс/ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Әділ құнды бағалау

Топ мұндай қаржы құралдарын қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті жасаудың әрбір күніне әділ құны бойынша туынды құралдар ретінде бағалайды. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құну және әділ құны қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс қаржылық емес активтер туралы ақпарат тиісінше *31-ескертпеде* және *6-ескертпеде* ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін түскен немесе бағалау күніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шеңберінде міндеттемелердің берілгені үшін төленген баға әділ құн болып табылады. Әділ құны бойынша бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:
- немесе бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не болмаса негізгі нарықтың жоқтығы шарттарында, бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта.

Топ негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізе алуы тиіс.

Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік мүдделерінде әрекет етеді деп болжануда.

Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Топ мұндай бағалау әдістерін пайдаланады, әрі олар қалыптасқан жағдайларда қолайлы болып табылады және солар үшін әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болып табылады, бұл ретте орынды қадағаланатын бастапқы деректерді пайдалана отырып, қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше аз пайдаланады.

Әділ құны қаржылық есептілікте бағаланатын немесе ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер *31-ескертпеде* сипатталған әділ құн көздері иерархиясының шеңберінде жіктеледі.

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімді мойындау

Топ қызметі жылжымайтын мүлікті басқарумен және құрылыспен байланысты. Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім тауарларға бақылау сатып алушыға берілгенде және өтемақыны көрсететін сомада бағаланған кезде танылады, соған құқықты Топ мұндай тауарларға немесе қызметтерге айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Топ түсім алуды көздейтін өзі жасаған шарттарда әдетте ол принципал ретінде болады деген тұжырымға келді, өйткені әдетте Топ тауарлар сатып алушыға берілгенге дейін оларды бақылап отырады.

Топ шартта айқындалған төлем талаптарын ескере отырып және салықтарды немесе алымдарды шегере отырып түсімді алуды көздейтін өзі жасаған барлық шарттар бойынша принципал ретінде болады деген тұжырымға келді.

Жылжымайтын мүлікті сату

Жылжымайтын мүлікті сатудан түскен кіріс, әдетте, жылжымайтын мүлікті иелік етуден болған едәуір тәуекелдер мен пайдалар сатып алушыға өткенде мойындалады. Аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілеріне талап ету құқықтарын қайта табыстаудан түскен кірістер сатып алушыға қатысты талап ету құқықтарына байланысты елеулі тәуекелдер мен пайданы беру кезінде мойындалады.

Жалдан түскен кіріс

Операциялық жалға берілген инвестициялық жылжымайтын мүліктен түскен кіріс жалдау мерзімінің ішінде тік сызықты әдіс бойынша ескеріледі және оның операциялық сипатына орай түсім құрамына қосылады.

Пайыздық кіріс

Амортизациялық құны және қолда бар сатуға арналған ретінде жіктелген пайыздық қаржы активтері бағаланатын барлық қаржы құралы бойынша пайыздық кіріс тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі қолданылып танылады, ол күтіліп отырған болашақ төлемдері немесе қаржы құралын пайдаланудың болжамды мерзімі ішінде ақша қаражаттың түсуін немесе, егер бұл орынды болса, қаржы активінің таза баланстық құнына немесе міндеттемеге дейін шамалы кезеңге дәл шегереді.

Құрылыс компанияларын қаржыландырудан түскен пайыздық кіріс негізгі қызметтен болған кірістердің құрамына және басқа да пайыздық кірістер бөлігінде қаржыландырудан болған кірістердің құрамына қосылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Шығыстарды мойындау

Шығыстар пайда болу шамасына қарай танылады және олар есептеу әдісінің негізіне жатқызылған сол кезеңде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Қарыздар бойынша шығындар

Топтың ниетіне сәйкес пайдалануға немесе сатуға дайындау үшін ұзақ уақыт кезеңін міндетті түрде талап ететін активті сатып алумен, салумен немесе өндірумен тікелей байланысты қарыздар бойынша шығындар мұндай активтің бастапқы құны ретінде капиталданады. Қарыздар бойынша барлық өзге шығындар келтірілген есепті кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қарыздар бойынша шығындарға пайыздардың төленуі және Топ қарызға алынған қаражатқа байланысты Топ шеккен басқа да шығындар кіреді.

Табыс салығы

Ағымдағы табыс салығы

Активтер және ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттемелер салық органдарынан өтелуге немесе салық органдарына төлеуге болжанып отырған сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңнама.

Тікелей меншікті капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, меншікті капиталдың құрамында мойындалады. Топ басшылығы соған қатысты тиісті салық заңнамасы әртүрлі түсіндірілуі мүмкін салық декларацияларында көрсетілген позицияларды мерзімді етіп бағалайды және қажетіне қарай бағалау міндеттемелерін құрады.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық активтер мен міндеттемелердің салық базасы мен олардың баланстық құны арасындағы есепті күнге қаржылық есептілік мақсаттары үшін уақытша айырмаларды айқындау арқылы міндеттемелер әдісі бойынша есептеледі.

Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- кейінге қалдырылған салық міндеттемесі бизнестерді біріктіру болып табылмайтын операцияның барысында гудвилді, активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейді;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен байланысты салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты егер уақыт айырмасын қалпына келтіру мерзімін бақылау мүмкін болса уақытша айырмасы жақын болашақта қалпына келтірілмейді деген айтарлықтай ықтималдылық болса, уақытша айырмалар мойындалмайды.

Кейінге қалдырылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылатын пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын шамада барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, келешек кезеңдерге ауыстырылған пайдаланылмаған салық жеңілдіктерін және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- есептен шығарылатын уақыт айырмасына қатысты кейінге қалдырылған салық активі бизнестерді біріктірудің салдарынан емес пайда болған және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік табысқа да, сол сияқты салық салынатын табысқа немесе шығынға ықпал етпейтін активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындау нәтижесінде туындайды;
- еншілес ұйымдарға, қауымдасқан ұйымдарға инвестициялармен, сондай-ақ бірлескен кәсіпкерлікке қатысу үлестерімен байланысты есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты кейінге қалдырылған салық активтері уақыт айырмалары келешекте қалпына келтіріледі және соған қарсы уақыт айырмалары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда орын алады деген ықтималдылық бар дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтерінің баланстық құны әрбір есепті күнге қайта қаралып, кейінге қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын пайданы алу ықтималдылығы шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Мойындалмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін өтеуге мүмкіндік береді деген ықтималдық туындаған дәрежеде ғана мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын немесе іс жүзінде қабылданған салық мөлшерлемелеріне (және салық заңнамасына) сүйене отырып активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңінде қолданылады деп күтілетін салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Пайда немесе шығын құрамында мойындалған баптарға қатысты кейінге қалдырылған салық пайда немесе шығын құрамында мойындалмайды. Мерзімі ұзартылған салықтар баптары олардың негізіндегі операцияларға сәйкес не болмаса басқа да жиынтық кірістің құрамында немесе тікелей меншікті капиталда мойындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен кейінге қалдырылған салық міндеттемелері, егер заңи тұрғыдан қорғалған ағымдағы салық активтері мен міндеттемелерді есепке алу құқығы болса және кейінге қалдырылған салықтар дәл сол салық салынатын ұйымға немесе салық органына қатысты болса, бір біріне қарсы есепке алынады.

Қызметкерлерге сыйақы

Әлеуметтік салық

Топ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әлеуметтік салық төлейді. Әлеуметтік салық бойынша шығыстар олардың пайда болу сәтіндегі шығыстарға жатады.

Белгіленген жарналары бар зейнетақы жоспарлары

Топ зейнетақы қоры жарна ретінде өз қызметкерлерінің жалақысынан 10% дейін ұстап қалады. Заңнаманың талаптарына сәйкес зейнетақы төлемдері бойынша жауапкершілік Топтың мойнында жатыр, бұл ретте Топтың қызметкерлерге еңбек қызметін аяқтағаннан кейін өтемақыларды төлеу бойынша ағымдағы немесе келешек міндеттемелері жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Қаржы активтері

Бастапқы тану және бағалау

Қаржы активтері алғаш рет танылғанда кейіннен амортизацияланған құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеледі. Қаржы активтерінің бастапқыда танылған кездегі жіктелуі шартта көзделген қаржы активі мен Топ бұл активтерді басқару үшін қолданатын бизнес-модель бойынша ақша ағындарының сипаттамаларына тәуелді болады. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешекті қоспағанда, Топ қаржы активтерін бастапқыда пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын қаржы активтері жағдайында мәміле бойынша шығындар сомасына ұлғайтылған әділ құны бойынша бағалайды. Қаржыландырудың едәуір компонентін қамтымайтын немесе соған қатысты Топ іс жүзіндегі сипаттың жеңілдетілуін қолданған сауда дебиторлық берешек 15 ХҚЕСке (IFRS) сәйкес айқындалған мәміленің бағасы бойынша айқындалады.

Қаржы активін амортизацияланған құны бойынша немесе басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша жіктеу және бағалау үшін осы активтің шарттық талаптары борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне «борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана» болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздеуі қажет. Мұндай бағалау SPPI-тест деп аталады және әрбір құралдың деңгейінде жасалады.

Топ қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-модель ақша ағындарын әкелу мақсатында Топ өзінің қаржы активтерін басқаратын тәсілді сипаттайды. Бизнес-модель ақша ағындарының шартта көзделген ақша ағындарын алудың, қаржы активтерін сатудың немесе екеуінің де салдары болатындығын айқындайды.

Заңнамамен немесе белгілі бір нарықта қабылданған ережелермен белгіленген мерзімде активтердің берілуін талап ететін қаржы активтерін сатып алу немесе сату бойынша барлық мәмілелер («стандартты талаптарда» жасалатын сауда) мәміленің жасалу күніне, яғни Компания активті сатып алу немесе сату міндеттемесін өз мойнына алған күнге мойындалады.

Топтың қаржы активтеріне ақша қаражаты мен оның баламалары, қаржылық жалдау бойынша берешек, берілген қарыздар, мемлекеттік облигациялар, сауда және басқа да дебиторлық берешек жатады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржы активтері төрт санатқа жіктеледі:
- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктей отырып басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар);
- мойындау тоқтаған кезде жинақталған пайда мен зияндарды кейіннен қайта жіктеместен басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын, ұйымның қарауына қарай жіктелген қаржы активтері (үлестік құралдар);
- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Бұл санат Топ үшін барынша орынды болып табылады. Топ қаржы активтерін амортизацияланған құны бойынша бағалайды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалса:
- қаржы активі бизнес-модельдің шеңберінде ұсталады, оның мақсаты қаржы активтерін шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін ұстау болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып бағаланады және оларға құнсыздануға қатысты талаптар қолданылады. Пайда немесе зияндар активтің мойындалуы тоқтаған, ол түрлендірілген немесе құнсызданған жағдайда пайданың немесе зиянның құрамында мойындалады. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына Топ берілген қарыздарды, сауда және басқа да дебиторлық берешекті, қаржылық жалдау берешегін жатқызады.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері (борыштық құралдар)

Топ борыштық құралдарды, егер келесі талаптардың екеуі де орындалатын болса, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланады:
- бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын қаржы активі, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу, сол сияқты қаржы активтерін сату болып табылады; және
- қаржы активінің шарттық талаптары көрсетілген күндерге борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне борыштың негізгі сомасы мен пайыздардың есебінен төлемдер ғана болып табылатын ақша ағындарын алуды негіздейді.

Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар болған жағдайда, пайыздық кіріс, валюта бағамдарының қайта бағалануы және мұндай залалдардың құнсыздануынан немесе қалпына келтірілуінен болған залалдар пайда немесе зиян туралы есепте танылады және амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріндей дәл осылайша есептеледі. Әділ құнның қалған өзгерістері басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады. Мойындалу тоқтаған кезде басқа да жиынтық кірістің құрамында танылған әділ құн өзгерістерінің жинақталған сомасы пайданың немесе зиянның құрамына қайта жіктеледі. Басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдар санатына, Топ басқа да айналымнан тыс қаржы активтерінің құрамына қосылған, бағасы белгіленетін борыштық құралдарға жасалған инвестицияларды жатқызады. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың мемлекеттік облигациялары – басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері бар.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Топтың қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген қаржы құралдары (үлестік құралдар)

Бастапқы мойындау кезінде Топ өз қарауына қарай, бірақ одан кейіннен бас тарту құқығынсыз, үлестік құралдарға жасалған инвестицияларды басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктеу жөнінде шешім қабылдай алады, егер олар «Қаржы активтері: ұсыну» 32 ХҚЕС-ке (IAS) сай меншікті капиталдың анықтамасына жауап бермесе және саудаға арналмаса. Мұндай жіктеу туралы шешім әрбір құрал бойынша бөлек қабылданады. Мұндай қаржы активтері бойынша пайда мен залалдар ешқашан пайданың немесе зиянның құрамына жіктелмейді. Дивидендтер, Топ қаржы активі құнының бір бөлігінің өтемақысы ретінде мұндай түсімдерден пайда алған жағдайлардан басқа, дивидендтерді алуға құқық белгіленгенде пайда немесе зиян туралы есепте басқа да кіріс ретінде танылады. Мұндай жағдайда осындай пайда басқа да жиынтық кірістің құрамында көрсетіледі. Топтың қарауына қарай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктелген үлестік құралдар құнсыздану мәніне бағаланбайды. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың ол бастапқыда мойындалған кезде айқындалған басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын үлестік құралдары жоқ.

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің санатына саудаға арналған қаржы активтері, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп бастапқыда танылған кезде Топтың қарауына қарай жіктелген қаржы активтері немесе міндетті түрде әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері жатады. Жақын арада сату мақсатымен сатып алынған болса, қаржы активтері саудалауға арналған деп жіктеледі. Бөлек ендірілген туынды құралдарды қоса алғанда, туынды құралдар, олар Топтың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі. Солар бойынша ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және пайыздардың есебінен тек төлемдер болып табылмайтын қаржы активтері пайдаланылатын бизнес-модельге қарамастан пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша жіктеледі және бағаланады. Амортизацияланған құны бойынша немесе жоғарыда сипатталғандай басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарды жіктеуге арналған критерийлерге қарамастан бастапқыда танылған кезде Топ борыштық құралдарды өз қарауына қарай, егер мұндай жіктеу амалы есептегі сәйкессіздікті жоятын болса немесе айтарлықтай азайтатын болса, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктей алады. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері қаржылық жағдай туралы есепте әділ құны бойынша ескеріледі, ал олардың әділ құнының таза өзгеруі пайда немесе зиян туралы есепте танылады. Бұл санатқа Топ өз қарауына қарай, бас тарту құқығынсыз, басқа да жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланған деп жіктемеген туынды құралдар мен бағасы белгіленетін үлестік құралдарға инвестициялар жатады. Бағасы белгіленетін үлестік құралдар бойынша дивидендтер, оларды алу құқығы белгіленгенде, пайда немесе зиян туралы есепте басқа да кіріс ретінде танылады.

Негізгі шарттарға ендірілген туынды құралдар, жекелеген туынды құралдар ретінде ескеріледі және егер оларға тән экономикалық сипаттамалар мен тәуекелдер негізгі шарттардың тәуекелдерімен және сипаттамаларымен тығыз байланысты болып табылмаса және осы негізгі шарттар саудаға арналмаса және табыс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп жіктелмесе, әділ құны бойынша көрсетіледі. Осы сияқты ендірілген туынды құралдар әділ құны бойынша бағаланады, ал олардың әділ құнының өзгеруі қаржылық кірістердің немесе қаржылық шығыстардың құрамында есепте мойындалады. Есепке алу тәртібін қайта қарау өйтпеген жағдайда қажет болуы мүмкін ақша ағындарының елеулі өзгеруіне әкеліп соқтыратын шарт талаптарында өзгерістер болған жағдайда не болмаса қаржы активті қайта жіктелген және ол пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын санатынан аударылған жағдайда жасалады.

Мойындауды тоқтату

Қаржы активі (немесе қолданылуына қарай – қаржы активінің бір бөлігі немесе сол сияқты қаржы активтері тобының бір бөлігі) қаржылық жағдай туралы есепте мойындалуын тоқтатады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Топ активтен ақша ағымын алу құқығын берсе не болмаса үшінші тарапқа түсетін ақша ағымдарын толық көлемде және «транзиттік» келісім бойынша ешбір елеулі кідірусіз төлеу бойынша өз мойнына міндеттеме алса; және не болмаса (а) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы берсе, не болмаса (б) Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен пайданы бермей, оларды сақтамаса, бірақ осы активтің бақылауын берсе.

Егер Топ өзінің активтен ақша ағынын алу құқығын берсе не транзиттік келісім жасаса, ол меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен табысты сақтап қала алған-алмағанын және, егер сақтап қала алған болса, онда қандай көлемде екендігін бағалайды. Егер Топ активтен болатын барлық тәуекелдер мен табысты іс жүзінде бермесе және өзінде сақтамаса, сондай-ақ активке бақылауды бермесе, Топ берілген активке өзінің қатысуын жалғастыруы дәрежесінде тануын жалғастырады. Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады;

Берілген активке кепілдік нысанындағы жалғасқан қатысу активтің бастапқы ағымдағы құны немесе Топтан талап етілуі мүмкін төлемнің ең жоғары сомасы өлшемдердің ең кішісі бойынша танылады.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық құралдарға қатысты күтілетін несие залалдарына (КНЗ) бағалау резервін мойындайды. КНЗ шартқа сәйкес тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені немесе оның шамамен алынған мәнін пайдалана отырып дисконталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырманың негізінде есептеледі. Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Қаржы активтері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

НКЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несие залалдары) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несие тәуекелі айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

Сауда дебиторлық берешекке және шарт бойынша активтерге қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын борыштық құралдарға қатысты Топ төмен несиелік тәуекел туралы оңайлатуды қолданады. Әрбір есепті күнге Топ тым аса шығын немесе күш жұмсамай қолжетімді болатын барлық негізделген әрі расталатын ақпаратты пайдалана отырып, борыштық құралдың төмен несиелік тәуекелі бар құрал болып табылатындығын бағалайды. Мұндай бағалауды жүргізу кезінде Топ борыштық құралдың ішкі несие рейтингісін қайта қарайды. Сонымен бірге, Топ несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы болды деп есептейді, егер шартта көзделген төлемдер мерзімі 30 күннен артық өтсе. 2019 жылдың 31 желтоқсанына және 2018 жылдың 31 желтоқсанына Топтың бағасы белгіленетін мемлекеттік облигациялармен білдірілген БЖК арқылы бағаланатын борыштық бағалы қағаздары болды.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі ақша қаражаты мен оның баламаларына банктердегі ақша қаражаты және кассадағы қолма-қол ақша, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Қарыздар мен дебиторлық берешек

Ұзақ мерзімді депозиттерді қоса алғанда, қарыздар мен дебиторлық берешек белсенді нарықта жүрмейтін белгіленген немесе айқындалатын төлемдері бар туынды емес қаржы активтерін білдіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін осы сияқты қаржы активтері құнсыздану болған шығындарды шегере отырып, тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған амортизациялық құны бойынша бағаланады. Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану негізіндегі амортизация жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржыландырудан түскен кірістердің құрамына жатқызылады. Құнсыздануға негізделген шығыстар қарыздар болған жағдайда қаржыландыру бойынша шығындар құрамында және дебиторлық берешек болған жағдайда басқа да операциялық шығыстардың құрамында жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Қаржылық міндеттемелер

Бастапқы тану және бағалау

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда танылған кезде пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер, несиелер мен қарыз алулар немесе кредиторлық берешек ретінде жіктеледі.

Барлық қаржылық міндеттемелер алдымен олармен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды шегере отырып (несиелер, қарыздар мен кредиторлық берешек болған жағдайда), әділ құны бойынша танылады.

Топтың қаржылық міндеттемелеріне кредиторлық берешек, Бас компанияның қарыздары мен купондық облигациялар жатады.

Кейінгі бағалау

Кейіннен бағалау мақсаттары үшін қаржылық міндеттемелер келесі екі санатқа жіктеледі:

- пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер;
- амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар).

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер

«Пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына Топтың қарауына қарай жіктелген саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және пайда немесе зиян арқылы бағаланатын қаржылық міндеттемелер санатында бастапқы тануға жатқызылған қаржылық міндеттемелер жатады.

Егер олар таяу арада керіп сатып алу мақсатында болса, қаржылық міндеттемелер саудаға арналған деп жіктеледі. Осы санатқа сондай-ақ Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС (IFRS) айқындалғандай хеджирлеу қатынастарының шеңберінде хеджирлеу құралдары ретінде Топтың қарауына қарай айқындалмаған туынды қаржы құралдар жатады. Бөлінген ендірілген туынды құралдар олар Топтың қарауына қарай тиімді хеджирлеу құралдары ретінде жіктелген жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша пайда немесе зияндар пайда немесе зиян туралы есепте мойындалады.

Бастапқы тану кезінде Топтың қарауына қарай пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын деп жіктелген қаржылық міндеттемелер бастапқы тану күніне осы санатқа және тек 9 ХҚЕС-тің (IFRS) критерийлерін сақтай отырып жатқызылады. Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын оның қарауы бойынша жіктелген қаржылық міндеттемелері жоқ.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Қаржылық міндеттемелер (жалғасы)

Кейінгі бағалау (жалғасы)

Амортизациялық құны бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелер (несиелер мен қарыздар)

Бұл санат Топ үшін барынша маңызды болып табылады. Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша пайда мен зияндар оларды тану доғарылғаннан кейін, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеме қолданыла отырып өтелім есептелуіне қарай танылады.

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы пайда немесе зиян туралы есепте қаржыландыру шығындарының құрамына жатқызылады.

Бұл санатқа, ең алдымен, пайыздық несиелер, қарыздар мен купондық облигациялар жатады.

Мойындауды тоқтату

Егер міндеттеме өтелсе, жойылса немесе оның қолданылу мерзімі өтіп кетсе, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есептегі қаржылық міндеттеменің мойындалуы тоқтатылады.

Егер Бас компанияның алдындағы қаржылық міндеттеме біршама айырмашылығы бар шарттарда Бас компанияның алдындағы өзге міндеттемеге ауыстырылса немесе, егер бар қаржылық міндеттеменің талаптары біршама өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгерістер бастапқы міндеттемені тануды тоқтату және жаңа міндеттемені тануды бастау деп есептеледі, ал олардың баланстық құнындағы айырма капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Қаржы құралдарының өзара есепке алынуы

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте ұсынылуы тиіс.

Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Құрылыс компанияларына берілген аванстар жылжымайтын мүлік объектілерін салу үшін төленген аванстық төлемдерді білдіреді, әрі ол кейіннен инвестициялық жылжымайтын мүлік не болмаса өткізуге арналған жылжымайтын мүлік ретінде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте танылады. Құрылыс компанияларына берілген аванстар, егер болса, құнсыздануды шегеру арқылы үлестік қатысу шарттарын жасау күніне құны (нақты аударылған сома) бойынша бағаланады. Объектіге қатысты меншік құқығының құрылыс компаниясынан Топқа ауысу сәтіне құрылыс компанияларына берілген аванстың баптары жабылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік

Инвестициялық жылжымайтын мүлікке жалдау ақысын немесе капитал құнының өсуінен түскен кірісті алу үшін ұсталатын жылжымайтын мүлік кіреді.

Жалдау талаптарында меншіктегі жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүліктің анықтамасына сәйкес келгенде инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде жіктеледі. Жалдау бойынша міндеттемелер 16 ХҚЕС (IFRS) сәйкес жалға алынатын жылжымайтын мүлік сыйақысының әділ құны бойынша танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғашында бастапқы құны бойынша бағаланады, оған мәміле бойынша шығындар қосылады. Баланстық құнға, егер оларды тану критерийлері орындалса және инвестициялық жылжымайтын мүлікке ағымдағы қызмет көрсетуге арналған шығындар қосылмаса, мұндай шығындардың пайда болу сәтіне қолдағы инвестициялық жылжымайтын мүлігінің бөліктерін ауыстыру құны кіреді. Бастапқы танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік жинақталған тозу мен жинақталған құнсыздануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Тозу оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тік әдіспен есептеледі, әрі оның мерзімі 50 жылды құрайды.

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте инвестициялық жылжымайтын мүліктің танылуы ол шығарылған кезде не болмаса, егер ол пайдаланудан шығарылған жағдайда және оның шығуынан келешекте экономикалық пайда күтілмеген жағдайда тоқтатылады. Есептен шығарылудан болған таза түсімдер мен активтің баланстық құнындағы айырма оның мойындалуы тоқтаған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктен меншік иесі алып отыратын жылжымайтын мүлік объектісіне аудару кезінде кейінгі есепке алу мақсаттары үшін шартты бастапқы құны пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне әділ құнды білдіреді. Меншік иесі алып отырған жылжымайтын мүлік объектісі инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісіне айналған жағдайда, Топ мұндай жылжымайтын мүлікті пайдалану мақсаттарын өзгерту сәтіне дейін негізгі құралдарды есепке алу саясатына сәйкес ескереді.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік оның баланстық құны жалғасып отырған пайдаланудың нәтижесінде емес, сату арқылы өтеледі деп күтілгенде, сату үшін ұсталатын айналымнан тыс активтердің санатына аударылады. Егер жылжымайтын мүлік осы сияқты жылжымайтын мүлікті сату үшін әдеттегідей болатын шарттарда өзінің ағымдағы күйінде дереу сатыла алса, сондай-ақ сату мүмкіндігі жоғары болса, мұндай шарт сақталған болып есептеледі.

Басқа да ұзақ мерзімді активтер

Басқа да ұзақ мерзімді активтерге келешекте қаржылық жалға беруге арналған жылжымайтын мүлік не болмаса сол бойынша есепті күнге оның баланстық құны қалайша өтелетіндігі анықталмаған жылжымайтын мүлік кіреді. Басқа да ұзақ мерзімді активтер мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, бастапқы құны бойынша бағаланады. Бастапқы мойындалғаннан кейін басқа да ұзақ мерзімді активтер жинақталған құнсыздануды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Басқа да ұзақ мерзімді активтер амортизацияланбайды. Басқа да ұзақ мерзімді активтер санатына не болмаса одан аудару жылжымайтын мүлікті пайдалану сипатында өзгерістер болғанда ғана жүзеге асырылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Материалдық емес активтер

Жеке сатып алынған материалдық емес активтер бастапқы тану кезінде бастапқы құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру нәтижесінде сатып алынған материалдық емес активтердің бастапқы құны сатып алу күніне олардың әділ құны болып табылады. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген бастапқы құны бойынша ескеріледі. Өнімдерді әзірлеуге капиталға айналдырылған шығындарды қоспағанда, топ ішінде жасалған материалдық емес активтер капиталға айналмайды және тиісті шығыс олар пайда болған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Материалдық емес активтердің шектелген пайдалы қызмет ету мерзімдері бар.

Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер осы мерзімнің ішінде амортизацияланады және егер мұндай материалдық емес активтің құнсыздану белгілері болса, құнсыздану мәніне бағаланады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес актив үшін амортизация кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті кезеңнің соңында қайта қаралады.

Пайдалы пайдаланудың болжамды мерзімінің немесе активте көрсетілген келешек экономикалық пайданы тұтынудың болжамды құрылымының өзгеруі кезеңнің немесе жағдайға қарай амортизацияны есептеу әдісінің өзгеруі ретінде жеке қаржылық есептілікте көрсетіледі және есепті бағалаудың өзгеруі ретінде ескереді. Пайдалы қолдану мерзімі шектеулі материалдық емес активке арналған шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте материалдық емес активтер қызметіне сәйкес шығыстар санатында танылады.

Материалдық емес активті мойындауды тоқтатудан болған кіріс немесе шығыс активтің есептен шығарылуынан түскен таза түсім мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде өлшенеді және мұндай активті мойындауды тоқтату сәтіне жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Материалдық емес активтер негізінен бағдарламалық қамтамасыз ету мен лицензиялардан құралады. Материалдық емес активтер, әдетте бес жылдан он жылға дейінгі мерзімді құрайтын олардың пайдалы қызметін есептеу мерзімі ішінде желілік негізде өтелінеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған амортизацияны және/немесе олар болған жағдайда құнсыздануды болған жинақталған шығындарды шегере отырып бастапқы құны бойынша ескеріледі. Мұндай құнға құрал-жабдықтардың бөлшектерін ауыстыру құны және егер оларды капиталдандыру критерийлері орындалса, ұзақ мерзімді құрылыс жобалары болған жағдайда қарыздар бойынша шығындар кіреді. Белгілі бір уақыт аралығында негізгі құралдардың едәуір құрамдастарын ауыстыру қажет болғанда, Топ осы сияқты құрамдастарды оларға тән болатын дербес пайдалы қызмет ету мерзімдерімен жекелеген активтер ретінде мойындайды және оларды лайықты түрде амортизациялайды. Сол сияқты, негізгі техникалық шолып тексеруді жүргізген кезде сонымен байланысты шығындар, егер мойындаудың барлық критерийлері орындалса, құрал-жабдықты ауыстыру ретінде негізгі құралдардың баланстық құнында мойындалады. Жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге жұмсалатын барлық басқа шығындар олар болған сәтте жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындалады.

Тозу активтердің пайдалы қызметін келесі есепті мерзімдерінің ішінде желілік әдіспен есептеледі:

	Жылдар
Үйлер мен ғимараттар	8-100
Машиналар мен құрал-жабдықтар	3-50
Көлік құралдары	3-15
Өзгесі	2-20

Бұрын мойындалған негізгі құралдарды мойындауын тоқтату олардың шығуы кезінде немесе егер келешекте осы активті пайдаланудан немесе шығуынан экономикалық пайданы алу күтілмеген жағдайда болады. Активті тануды доғару нәтижесінде туындайтын кіріс немесе шығыс (активтің шығуынан және теңгерімдік құнынан болатын таза түсімдер арасындағы айырмашылық ретінде есептелген) активті тану доғарылған есепті жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке кіргізіледі.

Активтерді тарату құны, пайдалы қызмет ету мерзімі және амортизация әдістері әрбір жылдық есепті кезеңнің соңында сараланады және қажет болғанда түзетіледі.

Негізгі құралдарға көбінесе әкімшілік ғимарат, жер және кеңсе жабдықтары жатады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы

Топ әрбір есепті күнге активтің ықтимал құнсыздану белгілерінің бар-жоғын айқындайды. Мұндай белгілер болғанда немесе егер активті құнсыздануға жыл сайынғы тестілеуді орындау қажет болса, Топ активтің өтелетін құнын бағалайды.

Активтің өтелетін құны немесе ақша ағындарын жасайтын бірліктің құнсыздануы – бұл келесі көлемдердің ең үлкені: есептен шығару шығындарын шегере отырып активтің (ақша ағындарын жасайтын бірліктің) әділ құны немесе активті (ақша ағындарын жасайтын бірлікті) пайдалану құндылығы. Өтелетін сома негізінен актив басқа активтер немесе активтердің топтары тудыратын ағындардан тәуелсіз ақша ағындарын тудырмайтын жағдайларды қоспағанда, жекелеген актив үшін анықталады.

Егер активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің баланстық құны оның өтелетін сомадан артып кетсе, актив құнсызданған деп саналады және өтелетін құнына дейін есептен шығарылады.

Пайдаланудан болатын құндылықты бағалау кезінде болашақтағы ақша ағындары келтірілген құнға дейін дисконттау мөлшерлемесі бойынша активке тән ақша мен тәуекелдердің уақытша құнын ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салғанға дейін дисконтталады. Есептен шығаруға арналған шығындарды шегергенде әділ құнын анықтау кезінде жуық арадағы нарықтық операциялар ескеріледі. Олар болмаған кезде бағалаудың тиісті үлгісі қолданылады. Мұндай есептеулер бағалау коэффициенттерімен, акциялар нарығында еркін айналыста болатын баға белгілеулерімен немесе әділ құнның басқа да қолжетімді көрсеткіштерімен расталады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Қаржылық емес активтердің құнсыздануы (жалғасы)

Топ жекелеген активтер жататын әрбір ақша қаражатын тудыратын бірлік үшін бөлек әзірленетін мұқият жоспарларға және болжамды есептеулерге сүйене отырып құнсыздану сомасын айқындайды. Бұл жоспарлар мен болжамды есеп айырысулар әдетте 5 (бес) жылға жасалады. Ұзақ мерзімді өсім үрдістері бесінші жылдан кейін болжанатын келешек ақша ағындарына қатысты есептеліп, қолданылады.

Қайта бағалау өзге де жиынтық кіріс құрамында танылған бұрынғы қайта бағаланған жылжымайтын мүлік объектілерін қоспағанда, құнсызданған актив қызметіне сәйкес шығыстар санаты құрамындағы жиынтық шығын туралы есепте танылатын жалғасып отырған қызметтің құнсыздануынан болатын залалдар. Мұндай жылжымайтын мүлік объектілері болған жағдайда құнсыздану залалы басқа да жиынтық кірістің құрамында бұрын жасалған қайта бағалау сомаларының шегінде танылады.

Топ әрбір есепті күнге активтің бұрын мойындалған құнсыздану шығындарының жоқ немесе қысқарған екендігінің белгілері бар-жоғын айқындайды. Егер ондай белгі бар болып шықса, Топ активтің немесе ақша қаражатын тудыратын бірліктің өтелетін сомасын есептейді. Құнсыздануан болатын бұрын танылған шығындар, егер құнсыздануан болатын шығынды соңғы рет таныған уақыттан бастап активтің өтелетін соманы айқындау үшін пайдаланылған жол берілімде өзгеріс орын алған жағдайда ғана қалпына келтіріледі.

Қалпына келтіру активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кетпеуімен, сондай-ақ амортизацияны шегеріп тастағанда баланстық құнынан аспауымен шектелген, бұл актив егер алдыңғы жылдары құнсыздануан болған зиян деп танылмаған жағдайда, баланстық құны бойынша танылуы мүмкін. Құнды бұлайша қалпына келтіру актив қайта бағаланған құны бойынша есептелген жағдайларды қоспағанда, жиынтық шығын туралы есепте танылады. Соңғы жағдайда құнның қалпына келтірілуі қайта бағалаудан болған құнның өсімі ретінде ескеріледі.

Тауар–материалдық қорлар

Тауар-материалдық емес қорлар қос мөлшердің ең азы бойынша ескеріледі: өзіндік құны және өткізудің таза құны. Шығындарға қорларды межелі жерге дейін жеткізу және оларды лайықты күйге келтіру кезінде болған шығыстар кіреді. Таза өткізу құны – өндірісті аяқтауға болжанған шығыстарды және өткізуге ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысындағы болжамды өткізу бағасы. Барлық қорлар орташа алынған құнның әдісі бойынша бағаланады.

Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік

Жалға беру немесе капитал өсімі үшін ұстау үшін емес, операциялық қызметтің барысында сату үшін сатып алынған жылжымайтын мүлік сатуға арналған жылжымайтын мүлік ретінде ескеріледі және өзіндік құнның ең азы және сатудың таза құны бойынша бағаланады. Сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына мыналар кіреді:

- меншік құқығы және жерді жалдау құқығы;
- мердігерлерге құрылыс үшін төленген сомалар;
- қарыздар бойынша шығындар, жоспарлау және жобалау шығындары, құрылыс алаңын дайындау шығындары, заңгерлік қызметтер үшін кәсіби сыйақы, меншікті беру салығы, құрылысқа үстеме шығыстар және басқа да байланысты шығыстар.

Өткізудің таза құны – бұл есепті күнге нарықтық бағаларға негізделген және ақшаның уақытша құнын бағалауды ескере отырып дисконтталған, егер бұл материалды болса, құрылысты аяқтауға арналған болжамды шығындарды және өткізуге арналған ықтимал шығындарды шегере отырып, әдеттегі қызмет барысында өткізудің болжамды бағасы.

Есептен шығарылу кезінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін сатуға арналған жылжымайтын мүліктің құнына, сатылған жылжымайтын мүлікке байланысты болған шығыстар және сатылған жылжымайтын мүліктің салыстырмалы мөлшерінің негізінде бөлінген үстеме шығыстар кіреді.

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері

Жалға алушылар салатын кепілдік төлемдері жалға алушылар қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретінде салатын сомаларды білдіреді. Жалдау мерзімінің соңында кепілдікті міндеттемелердің қаражатын жалға алушылар соңғы жалдау төлемдерін өтеу үшін пайдаланады.

Жалдау

Келісім жалға алу болып табылатындығын немесе онда жалға алу белгілері бар екендігін анықтау жалдау қатынастарының басталу күніне келісім мазмұнын талдауға негізделеді. Келісім жалдау болып табылады немесе активтерді пайдалануға тәуелді болатындығын және мұндай келісімнің нәтижесінде активті немесе активтерді пайдалану құқығы бір тараптан басқа тарапқа өтетіндігін, тіпті егер бұл келісімде анық көрсетілмесе де, анықтауды талап етеді.

Топ жалға беруші ретінде

Сол бойынша Топқа іс жүзінде жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда өтетін қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау қатынастарының басталу күніне капиталданады немесе егер осы сома аз болса, – ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша капиталданады.

Жалдау төлемдері өтелмеген актив сомасына пайыздың тұрақты мөлшерлемесі пайда болатындай етіп қаржыландыру кірістері мен қаржылық жалдау бойынша активтің ұлғаюы арасында бөлінеді. Қаржыландыру кірістері тікелей жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

Топ активті иелік етуден тәуекелдерді және табысты бермейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

Топ жалға алушы ретінде

Топқа активті иелік етуден тәуекелдер және табыс өтпейтін жалдау шарттары операциялық жалдау ретінде жіктеледі. Операциялық жалға алу бойынша төлемдер жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте шығыс ретінде барлық жалға беру мерзімі ішінде біркелкі танылады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

4. Есеп саясатының маңызды аспектілеріне шолу (жалғасы)

Резервтер

Егер Топтың өткен оқиға нәтижесінде пайда болған ағымдық міндеттемесі, осы міндеттемені өтеу үшін қажет болатын экономикалық пайдадан айрылу ықтимал болса және осындай міндеттеме сомасының сенімді бағасын алу мүмкін болса, резервтер танылады. Егер Топ резервтердің кейбір бөлігінің немесе барлығының өтемақысын алуды болжаса, мысалы, сақтандыру шарты бойынша, өтеу жекелеген актив ретінде тек өтемақының алынуы күмән келтірмеген жағдайда ғана мойындалады. Резервке қатысты шығыс өтемақыны шегере отырып, жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген.

Мемлекеттік субсидиялар

Егер мемлекеттік субсидиялар алынып, соған байланысты барлық талаптар орындалады деген негізделген сенімділік болса, субсидиялар танылады.

Егер субсидия белгілі бір шығыстарды қаржыландыру мақсатында берілсе, ол өтелуі тиіс шығындар шығыстарына есептен шығарылатын кезеңдерде жүйелі негізде кіріс ретінде мойындалуы тиіс. Егер субсидия активті қаржыландыру мақсатында берілсе, ол тиісті активті күтілетін пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде тең үлестермен кіріс ретінде мойындалады.

Топ субсидияларды монетарлық емес активтер күйінде алған жағдайларда, актив пен субсидия номиналды өлшемі бойынша ескеріліп, оның пайдалы қызмет ету мерзімінің ішінде базалық активтен пайданы тұтыну құрылымына сәйкес жыл сайын тең бөліктермен пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

5. Негізгі құралдар

2019 және 2018 жылдардағы негізгі құралдардың қозғалысы келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Жер	Ғимараттар	Офистік құралжабдықтар	Жиыны
Бастапқы құн				
2017 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	1.341.130	405.354	1.772.585
Түсімдер	–	–	56.374	56.374
Есептен шығару	–	–	(4.222)	(4.222)
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстырылды *(6-ескертпе)*	–	(1.309.217)	–	(1.309.217)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	31.913	457.506	515.520
Түсімдер	**–**	**–**	**31.254**	**31.254**
Есептен шығару	**–**	**–**	**(37.587)**	**(37.587)**
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**26.101**	**31.913**	**451.173**	**509.187**
Жинақталған тозу				
2017 жылғы 31 желтоқсанға	–	(178.118)	(242.047)	(420.165)
Бір жылғы есептелген тозу	–	(29.099)	(27.363)	(56.462)
Шығу кезіндегі тозу	–	–	3.614	3.614
Инвестициялық жылжымайтын мүлікке ауыстырылды *(6-ескертпе)*	–	203.972	–	203.972
2018 жылғы 31 желтоқсанға	–	(3.245)	(265.796)	(269.041)
Бір жылғы есептелген тозу	**–**	**(638)**	**(32.823)**	**(33.461)**
Шығу кезіндегі тозу	**–**	**–**	**37.467**	**37.467**
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**–**	**(3.883)**	**(261.152)**	**(265.035)**
Қалдық құны				
2018 жылғы 31 желтоқсанға	26.101	28.668	191.710	246.479
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**26.101**	**28.030**	**190.021**	**244.152**

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

6. Инвестициялық жылжымайтын мүлік

2018 және 2019 жылдардағы инвестициялық жылжымайтын мүліктің қозғалысы келесідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Ғимарат	Коммерциялық үй-жайлар	Автотұрақ орындары	Жиыны
Бастапқы құн				
2017 жылғы 31 желтоқсанға	3.541.637	111.237	598.000	4.250.874
Түзету/басқасы	–	(7.096)	–	(7.096)
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны	–	(31.492)	–	(31.492)
Негізгі құралдардан аударылғаны *(5-ескертпе)*	1.309.217	–	–	1.309.217
2018 жылғы 31 желтоқсанға	4.850.854	72.649	598.000	5.521.503
Шығу	**–**	**–**	**(114.621)**	**(114.621)**
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны *(7-ескертпе)*	**–**	**(62.304)**	**–**	**(62.304)**
Басқа да айналымнан тыс активтерге ауыстырылды *(13-ескертпе)*	**–**	**–**	**(483.379)**	**(483.379)**
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**4.850.854**	**10.345**	**–**	**4.861.199**
Жинақталған тозу және құнсыздану				
2017 жылғы 31 желтоқсанға	(474.784)	(22.481)	(94.689)	(591.954)
Түзету/басқасы	–	7.096	–	7.096
Бір жылғы есептелген тозу	(70.576)	2.956	(11.961)	(79.581)
Негізгі құралдарға аударылғаны *(5-ескертпе)*	(203.972)	–	–	(203.972)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	(749.332)	(12.429)	(106.650)	(868.411)
Бір жылғы есептелген тозу	**(105.453)**	**10.565**	**(7.971)**	**(102.859)**
Шығу	**–**	**–**	**114.621**	**114.621**
Басқа да айналымнан тыс активтерге ауыстырылды *(13-ескертпе)*	**–**	**–**	**178.399**	**178.399**
Құнсыздану	**–**	**–**	**(178.399)**	**(178.399)**
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**(854.785)**	**(1.864)**	**–**	**(856.649)**
Қалдық құны				
2018 жылғы 31 желтоқсанға	4.101.522	60.220	491.350	4.653.092
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**3.996.069**	**8.481**	**–**	**4.004.550**

2019 жылы инвестициялық жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құнын тұрақты талдаудың нәтижесінде Топ Басшылығы коммерциялық және тұрғын үй-жайлардың баланстық құны үй-жайлардың әділ құнынан аспайды деген тұжырымға келді.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылжымайтын мүлік объектілерінің әділ құны 5.136.047 мың теңгені (2018 жылы: 8.172.121 мың теңге) құрады.

7. Өткізуге арналған жылжымайтын мүлік

Мың теңгемен	Пәтерлер	Аяқталмаған құрылыс	Коммерция-лық үй-жайлар	Автотұрақ орындары	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсанға	48.135	–	–	–	48.135
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударылғаны	31.492	–	–	–	31.492
Өткізілген жылжымайтын мүлік *(25-ескертпе)*	(27.795)	–	(1.084)	(2.777)	(31.656)
Қаржылық жалдауға берілді	(31.492)	–	–	–	(31.492)
Басқа ұзақ мерзімді активтерден ауыстырылды *(13-ескертпе)*	–	–	1.084	2.777	3.861
2018 жылғы 31 желтоқсанға	20.340	–	–	–	20.340
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударылғаны *(6-ескертпе)*	**–**	**–**	**62.304**	**–**	**62.304**
Аяқталмаған құрылыстан аударылғаны *(13-ескертпе)*	**–**	**5.294.673**	**–**	**–**	**5.294.673**
Берілген аванстардың есебінен жылжымайтын мүліктен түсім *(8-ескертпе)*	**3.736.672**	**–**	**–**	**–**	**3.736.672**
Басқа ұзақ мерзімді активтерден ауыстырылды *(13-ескертпе)*	**8.740.611**	**–**	**–**	**–**	**8.740.611**
Өткізілген жылжымайтын мүлік *(25-ескертпе)*	**(5.346.162)**	**(5.294.673)**	**(804)**	**–**	**(10.641.639)**
Қаржылық жалдауға берілді	**–**	**–**	**(61.500)**	**–**	**(61.500)**
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**7.151.461**	**–**	**–**	**–**	**7.151.461**

2016 жылы Топ «Baur Development Group» ЖШС-пен «Vostochka» көпфункционалды тұрғын-үй кешенінің құрылысына инвестициялау туралы шартты жасады. Шарт талаптарына сай Топ инвестицияларының құны 16.061.752 мың теңге болды. 2019 жылғы маусымда Топ пен «Baur Development Group» ЖШС арасында құрылысқа инвестициялау туралы шартты бұзу жөнінде келісім жасалды. Келісімге сәйкес «Baur Development Group» ЖШС Топқа аяқталмаған құрылыс пен жер учаскелерін берді, олардың әділ құны, ҚҚС сомасын қоспағанда, 5.294.673 мың теңге болды. Бұл аяқталмаған құрылысты «Berkut Development» ЖШС 2019 жылғы 17 шілдеде 5.579.965 мың теңге сомаға, ҚҚС-ты қоспағанда, іске асырды (*24-ескертпе*).

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

8. Құрылыс компанияларына берілген аванстар

Топ құрылыс компанияларымен (бұдан әрі – «Салушы») пәтерлерді, коммерциялық үй-жайларды және автотұрақ орындарын сатып алуға шарттарды жасайды. Шарттардың ережелеріне сәйкес Топ Салушыларға аванстық төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенді, ал Салушылар белгіленген мерзімде құрылысты аяқтауға міндеттенді. Салушылар құрылысты аяқтағаннан кейін және оларды лайықты түрде мемлекеттік тіркеу органдарында ресімдегеннен кейін Топ тиісті объектілердің иесіне айналады.

Топтың Салушылармен жасаған шарттарында кепілдік ережелер қарастырылған, оған сәйкес Топ берген алдын ала төлемін жоғалтқан жағдайда, тәуекелдерді өтеу үшін Салушылар жер телімдері мен аяқталмаған құрылыс түрінде қамтамасыз етеді.

2018 және 2019 жылдар үшін құрылыс компанияларына берілген аванстардың қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Жыл басына	**18.959.858**	11.044.510
Бір жылда берілген аванстар	**3.165.321**	18.490.293
Берілген қарыздардан аударылғаны	**3.021.648**	2.002.594
Алынған жылжымайтын мүлік объектілері	**(19.841.570)**	(8.233.709)
Талап ету құқықтарын басқаға беру	**–**	(4.467.822)
Кепілдік төлемдері	**291.153**	127.228
Кепілдіктер бойынша берешекпен өзара есепке алу	**(1.059.978)**	–
Басқасы	**(97.180)**	(3.236)
Жыл соңына	**4.439.252**	18.959.858
Минусы: тауар-материалдық қорлар үшін берілген аванстар	**–**	(4.868)
Салынып жатқан объектілер үшін аванстар	**4.439.252**	18.954.990

Жылжымайтын мүлік объектілері қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте былайша танылды:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Басқа да ұзақ мерзімді активтер *(13-ескертпе)*	**16.104.898**	8.201.485
Сатуға арналған жылжымайтын мүлік *(7-ескертпе)*	**3.736.672**	–
Басқа	**–**	32.224
	19.841.570	8.233.709

9. Ұзақ мерзімді қаржы активтері

Ұзақ мерзімді қаржы активтері былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Қаржылық жалдау бойынша берешек	**53.436.693**	38.836.344
	53.436.693	38.836.344

Қаржылық жалдау бойынша берешек қолданыстағы қаржылық жалдау шарттары бойынша ең аз жалдау төлемдерінің сомасымен білдірілген. Қаржылық жалдау шарттары бойынша келешек кезеңдерде алынуға жататын ең аз жалдау төлемдері, сондай-ақ таза жалдау төлемдерінің дисконталған құны кестеде келтірілген:

Мың теңгемен	2019 жыл		2018 жыл	
	Ең аз төлемдер	Төлемдердің дисконталған құны	Ең аз төлемдер	Төлемдердің дисконталған құны
Бір жыл ішінде	**9.644.314**	**9.162.490**	7.047.669	6.406.972
Бір жылдан артық, бірақ бес жылдан астам емес	**37.845.467**	**28.492.916**	27.956.396	20.159.416
Бес жылдан жоғары	**57.566.562**	**24.943.777**	42.522.580	18.676.928
Ең аз жалдау төлемдерінің жиыны	**105.056.343**	**62.599.183**	77.526.645	45.243.316
Қаржылық кірістерді шегере отырып	**(42.457.160)**	**–**	(32.283.329)	–
Ең аз жалдау төлемдерінің дисконталған құны	**62.599.183**	**62.599.183**	45.243.316	45.243.316
Минусы: 12 айдың ішінде өтелуге жататын сомалар *(16-ескертпе)*		**(9.162.490)**		(6.406.972)
12 айдан кейін өтелуге жататын сомалар		**53.436.693**		38.836.344

2019 жылы қаржылық жалдау бойынша берешектің ұлғаюы сатып алу құқығымен жалға алынатын тұрғын-үй бағытымен «Нұрлы жер» бағдарламасын іске асыру шеңберінде (бұрын – «Өңірлерді дамыту бағдарламасы – 2020») Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақтау және Ақтөбе қалаларында жылжымайтын мүлікті қаржылық жалдауға берумен байланысты болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

10. Кредиттік мекемелердегі қаражат

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Қазақстандық банктердегі депозиттер	**40.238.424**	42.976.212
Күтілетін несие залалдарына резерв	**(2.469.709)**	(1.039.293)
	37.768.715	41.936.919
Минусы: есептелген пайыздар	**(139.332)**	(134.583)
Ұзақ мерзімді бөлік	**37.629.383**	41.802.336

Ұзақ мерзімді депозиттер «Жасыл квартал» жобасы бойынша жылдық 3,5% пайыздық мөлшерлемесі бар екінші деңгейдегі банктердегі теңгемен нысаналы депозиттерден тұрады.

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Жыл басына	**1.039.293**	–
9 ХҚЕС-ті қолданудан болған әсер	**–**	1.005.796
Қалпына келтіру	**(141.659)**	(4.214)
Резерв есебінен есептен шығару	**–**	(273)
Есептеу	**1.572.075**	37.984
Жыл соңына	**2.469.709**	1.039.293

Басқа да айналымдағы активтер

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
«Дельта Банк» АҚ-дағы ақша қаражаты	**5.067.902**	5.067.902
«КазИнвестБанк» АҚ-дағы ақша қаражаты	**1.407.913**	1.432.699
«Альфа Банк» АҚ-дағы ақша қаражаты	**159.010**	204.782
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ-дағы ақша қаражаты	**219.639**	–
Басқа да ағымдағы активтер	**308.205**	149.379
«Luxor.kz Company» ЖШС-тен алынуға жататын пайыздар	**–**	1.461.959
«Luxor.kz Company» ЖШС-тен алынуға жататын пайыздардың құнсыздануы	**–**	(1.461.959)
Күтілетін несие залалдарына резерв	**(6.768.342)**	(6.839.308)
	394.327	15.454

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа да ағымдағы активтер 1.407.913 мың теңге мөлшеріндегі «КазИнвестБанк» АҚ-да және «Delta Bank» АҚ-да 5.067.902 мың теңге мөлшерінде берешек бойынша міндеттемелерді ұсынды, олар үшін Топ банктердің банктік және басқа операцияларды жүргізуге лицензиясынан айырылуына байланысты күтілетін несиелік шығындар үшін 100% резерв құрды.

2017 жылғы 19 мамырда «Альфа-Банк» АҚ ЕБ мен «Казинвестбанк» АҚ уақытша әкімшілігі арасында «Казинвестбанк» АҚ-ның активтері мен міндеттемелерін бір мезгілде беру туралы шарт жасалды. 2017 жылғы маусымда «Альфа-Банк» АҚ ЕБ мен «Казинвестбанк» АҚ-нан берілген қарыздардың пулы бойынша кепіл берушілер ретінде болатын Топ арасында 247.273 мың теңге сомаға ақша қаражатының кепілі туралы шарттарға қол қойылды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ 70.966 мың теңге мөлшерінде кепілден резервті қалпына келтірді. Басқа активтер бойынша күтілетін несие залалдарының резервіндегі қозғалыс былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Жыл басына	**6.839.308**	6.691.172
Қалпына келтіру	**(70.966)**	(339)
«Luxor.kz Company» ЖШС-тен алынуға жататын пайыздардың құнсыздануы	**–**	1.461.959
Есептеу	**–**	148.475
Резерв есебінен есептен шығару	**–**	(1.461.959)
Жыл соңына	**6.768.342**	6.839.308

12. Қауымдасқан компанияға инвестиция

2019 жылғы 5 желтоқсанда Топ «ФН Менеджмент» ЖШС (бұдан әрі – «ФН Менеджмент») компаниясының жарғылық капиталында 49% қатысу үлесін өткізді. «ФН Менеджмент» ЖШС қызметінің негізгі орны және тіркеуге алынған елі Қазақстан Республикасы болып табылады. ФН Менеджмент негізгі қызметі жылжымайтын мүлікті басқару болып табылады.

Төмендегі кестеде 2019 және 2018 жылдардағы инвестицияларда болған қозғалыс көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	**59.437**	47.154
Пайдадағы үлес, нетто	**903**	12.283
5 желтоқсанға / 31 желтоқсанға сальдо	**60.340**	59.437

Төменде қаржылық есептілікке негізделген қауымдасқан компания туралы жалпылама қаржы ақпараты көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жылғы 5 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
Ұзақ мерзімді активтер	**13.060**	7.997
Қысқа мерзімді активтер	**290.500**	187.476
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	**(24.885)**	–
Қысқа мерзімді міндеттемелер	**(155.532)**	(74.172)
Таза активтер	**123.143**	121.301
Иелік ету үлесі	**49%**	49%
5 желтоқсандағы / 31 желтоқсандағы жағдай бойынша инвестициялардың ағымдағы құны	**60.340**	59.437

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

12. Қауымдасқан компанияға инвестиция (жалғасы)

Мың теңгемен	1 қаңтар мен 5 желтоқсан аралығындағы кезең үшін 2019 жылғы	2018 жыл
Өткізілген өнімнен және көрсетілген қызметтерден түскен түсім	**538.635**	627.923
Жалғасып отырған қызметтен болған бір жылғы пайда	**1.843**	25.068
Топтың пайдадағы үлесі	**903**	12.283

2019 жылғы 5 желтоқсанда Топ «КАН Групп» ЖШС-пен 12.500 мың теңге сомаға «ФН Менеджмент» ЖШС жарғылық капиталының үлесін сатып алу-сату шартын жасады. Осыған орай 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ 47.840 мың теңге сомасында залалды жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің басқа да шығыстар құрамында мойындады.

13. Басқа да айналымнан тыс активтер

Мың теңгемен	Дайын жылжымайтын мүлік объектілері	Аяқталмаған құрылыс	Өзгесі	Жиыны
2017 жылғы 31 желтоқсанға	8.648.765	8.113.114	71.756	16.833.635
Жылжымайтын мүлік объектілерін берілген аванстардан аудару *(8-ескертпе)*	3.715.056	4.486.429	–	8.201.485
Аяқталмаған құрылыстан аударылғаны	9.075.648	(9.075.648)	–	–
Қайта жіктеу	–	–	6.184.903	6.184.903
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны *(7-ескертпе)*	(3.861)	–	–	(3.861)
Қаржылық жалдауға берілді	(5.701.989)	–	–	(5.701.989)
Қаржылық жалдау шартын бұзу	83.753	–	–	83.753
Басқасы	–	–	(8.855)	(8.855)
Құнсыздану резервін есептеу	–	–	(4.200.527)	(4.200.527)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	15.817.372	3.523.895	2.047.277	21.388.544
Жылжымайтын мүлік объектілерін берілген аванстардан аудару *(8-ескертпе)*	**13.022.861**	**3.082.037**	**–**	**16.104.898**
7Аяқталмаған құрылыстан аударылғаны	**6.671.670**	**(6.671.670)**	**–**	**–**
Инвестициялық жылжымайтын мүліктен аударылғаны *(6-ескертпе)*	**304.980**	**–**	**–**	**304.980**
Берешекті төлеу есебінен алынды	**–**	**5.294.673**	**–**	**5.294.673**
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны *(7-ескертпе)*	**–**	**(5.294.673)**	**–**	**(5.294.673)**
Қаржылық жалдауға берілді	**(21.191.772)**	**–**	**–**	**(21.191.772)**
Қаржылық жалдау шартын бұзу	**6.000**	**–**	**–**	**6.000**
Сатуға арналған жылжымайтын мүлікке ауыстырылғаны *(7-ескертпе)*	**(8.740.611)**	**–**	**–**	**(8.740.611)**
Ақша қаражатымен өтелді	**–**	**–**	**(2.241.255)**	**(2.241.255)**
Басқасы	**(126.353)**	**65.738**	**214.852**	**154.237**

Мың теңгемен	Дайын жылжымайтын мүлік объектілері	Аяқталмаған құрылыс	Өзгесі	Жиыны
(Есептеу)/Құнсыздану резервін қалпына келтіру	**(361.317)**	**–**	**1.331.055**	**969.738**
2019 жылғы 31 желтоқсанға	**5.402.830**	**–**	**1.351.929**	**6.754.759**

Басқа да айналымнан тыс активтерге Топтың пайдалану бойынша анық жоспарлары жоқ дайын әрі аяқталмаған жылжымайтын мүлік объектілері жатады.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте қаржылық емес активтердің құнсыздануына арналған резервті қалпына келтіру бөлігі ретінде 969.738 мың теңге сомасында құнсыздануан болған резервтер қалпына келтірілді (2018 жыл: 4.200.527 мың теңге).

14. Сауда дебиторлық берешек

Топтың сауда дебиторлық берешегі тұрғын және коммерциялық үй-жайларды операциялық жалға беруден, тікелей сатудан және өткізуден болған дебиторлық берешекті білдіреді.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына дебиторлық берешек теңгемен көрсетілген. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына сауда дебиторлық берешек мерзімі өтпеген және құнсызданбаған болды. 6.055.965 мың теңге мөлшеріндегі дебиторлық берешек іске асырылған аяқталмаған құрылыс бойынша «Berkut Development» ЖШС-тен берешекпен білдірілген және келісімнің талаптарына сай 2020 жылдың ішінде төленуге жатады.

15. Берілген қарыздар

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-не берілген қарыз	**5.485.733**	9.009.248
«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыс компанияларына берілген қарыздар	**4.524.904**	34.749.078
Басқа компанияларға берілген қарыздар	**1.150.024**	1.150.051
Минусы: күтілетін несие залалдарына бағалау резерві	**(1.611.179)**	(2.594.039)
	9.549.482	42.314.338

«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС–не берілген қарыз

«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-пен 2012 жылғы 6 сәуірде жасалған «Ақкент» ТК құрылысына инвестициялау шартына және 2013 жылғы 12 тамыздағы пәтерлерді сату туралы келісімге сай Компания объектілерді сату құқығы үшін сыйақыны есептей отырып құрылыстың қаржыландыруын ұсынды. Инвестициялау шартының талаптарына сәйкес Топ жылжымайтын мүлік объектісінің құрылысы барысында 11.114.252 мың теңге сомасына аванстық төлемдерді жасады. 2019 жылғы 31 желтоқсанға амортизацияланған құн 5.485.733 мың теңге (2018 жыл: 9.009.248 мың теңге) болды.

«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС Бас компанияның алдындағы 2010 жылғы 3 наурыздағы несие шарты бойынша «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС ЖШС-ке берілген өткізу және берешек құқығы үшін есептелген сыйлықақымен бірге пәтерлердің негізгі құнын кейіннен өтеу мақсатында объектіні еркін бағамен сату құқығына ие болды.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

15. Берілген қарыздар (жалғасы)

«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС–не берілген қарыз (жалғасы)

2014 жылғы желтоқсанда Топ және «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС жол беру туралы келісімге қолдарын қойды, соған сай «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС өз міндеттемелерін толық орындау есебінен 2015 жылдың соңына дейін 11.114.252 мың теңге сомасында ақша қаражатын, сондай-ақ 5% мөлшерлememен 1.426.232 мың теңге сомасында сыйақыны төлейді. Осы келісім бойынша ақының төленуіне Түріктік «Sekerbank» акционерлік қоғамы кепілдігін берді. Тиісінше, Топ қаржыландыру сомасын құрылыс компанияларына қарызға берілген аванстардан қайта жіктеді. Мойындау сәтіне бұл қаржы құралы 8,2% мөлшерлемесі бойынша дисконтталған қарыз бойынша келешек ақша ағындарына тең болатын әділ құны бойынша ескеріледі, бұл Қазақстанда құрылыс объектілерін қаржыландыру бойынша нарықтық мөлшерлемені білдіреді.

2015 жылғы қазанда «Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-тің міндеттемелерін өтеу талаптарының өзгеруіне орай, Топ жаңа құрылысқа және 11,3% құраған әділ құны бойынша қарызды мойындау үшін қайта құруға берілген несиелер бойынша дисконттау мөлшерлемесін қайта қарады. Нәтижесінде, 2015 жылы қаржыландырудың номиналды құны мен оның әділ құны арасындағы 2.534.007 мың теңге сомасындағы айырма жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте өзіндік құн құрамында пайыздық шығыстар ретінде көрсетілді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша амортизацияланбаған дисконт сомасы 91.235 мың теңге болды (2018 жыл: 577.109 мың теңге). 2019 жылғы дисконт амортизациясының сомасы 485.874 мың теңге (2018 жылы: 564.384 мың теңге) болды. 2019 жылғы есептелген сыйақы сомасы 295.055 мың теңге болды (2018 жыл: 366.645 мың теңге) *(25-ескертпе)*.

«Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша құрылыс компанияларына берілген қарыздар

2016 жылы Топ коммерциялық тұрғын-үйлерді жеке меншік тұрғызушыларды қолдау бөлігінде коммерциялық бағыттағы «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болды. Бұл бағдарламаға сай Топ бүкіл қаржыландыру кезеңіне 7,5% пайыздық мөлшерлемемен 24 айға дейінгі кезеңге құрылыс компанияларына қарыздар берді.

Топ қарыздардың өтелуін қайта қаралған шарттық талаптарға сәйкес 2020 жылдың соңына дейін күтіп отыр.

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топ құрылыс компанияларына 424.496 мың теңге жалпы сомаға қарыздар берді, бұл ретте 2019 жылы берілген сомалар бойынша дисконт 306.088 мың теңге болды (2018 жылы: тиісінше 19.865.061 мың теңге және 3.268.609 мың теңге) *(25-ескертпе)*. 2019 жылғы дисконттың амортизацияланған сомасы 1.020.508 мың теңге (2018 жыл: 6.070.311 мың теңге) болды *(24-ескертпе)*, ал 2019 жылғы сыйақы сомасы – 463.827 мың теңге (2018 жыл: 2.795.877 мың теңге) мөлшерінде есептелді.

Басқа компанияларға берілген қарыздар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқа компанияларға берілген қарыздарға негізінен «Каспий даму орталығы» ЖШС-тің – 613.704 мың теңге, «Өміруzақ & Ко» ЖШС-тің – 296.706 мың теңге, «Капиталстройсервис» ЖШС-тің – 144.889 мың теңге сомасындағы берешек жатады (2018 жыл: «Каспий даму орталығы» ЖШС – 613.704 мың теңге, «Өміруzақ & Ко» ЖШС – 296.724 мың теңге, «Капиталстройсервис» ЖШС – 144.889 мың теңге).

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша берілген қарыздар теңгемен көрсетілген.

Берілген қарыздар бойынша күтілетін несие залалдарының резервіндегі қозғалыс былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Жыл басына	**2.594.039**	1.082.281
9 ХҚЕС-ті қолданудан болған әсер	**–**	3.767.363
Қалпына келтіру	**(1.066.694)**	(4.289.097)
Резерв есебінен есептен шығару	**(1.401.749)**	(26.982)
Есептеу	**1.485.583**	2.060.474
Жыл соңына	**1.611.179**	2.594.039

16. Ағымдағы қаржы активтері

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Амортизациялық құн бойынша бағаланатын қаржы активтері		
Қаржылық жалдау бойынша берешек *(9-ескертпе)*	**9.162.490**	6.406.972
Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландыру	**–**	94.751
Басқасы	**526.418**	130.375
	9.688.908	6.632.098
БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары	**2.683.845**	2.524.461
	2.683.845	2.524.461
Пайда және зияндар арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері		
Әділ құны бойынша ескерілетін опцион	**–**	352.105
	–	352.105
Ағымдағы қаржы активтерінің жиыны	**12.372.753**	9.508.664

Мемлекеттік облигациялар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жылдық 6,7% сыйақы мөлшерлемесімен купондық облигацияларын білдіреді. 2019 жылы мемлекеттік облигациялар бойынша жұмсалмаған кірістер 31.554 мың теңге (2018 жылы: кірістер 72.401 мың теңге) болды. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы қаржы активтері теңгемен көрсетілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

17. Ақша қаражаты мен оның баламалары

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Қысқа мерзімді депозиттер	**16.650.793**	4.222.735
Бастапқы өтеу мерзімі 3 айдан кем болатын «кері РЕПО» шарттары	**4.174.429**	–
Банктердегі шоттар	**2.524.607**	7.084.286
Күтілетін несие залалдарына резерв	**(2.723)**	(1.772)
	23.347.106	11.305.249

2019 жылдың 31 желтоқсанына ақша қаражаты мен оның баламаларына теңгемен банктердегі ағымдағы шоттар кірді. Ағымдағы банк шоттарындағы ақша қалдықтарына 2,5%-дан 8,25% дейінгі (2018 жыл: 2,5%-дан 8,0% дейінгі) түрлі мөлшерлемелер бойынша пайыздар есептеледі.

Қысқа мерзімді депозиттерге екінші деңгейдегі банктерде 7,0-7,5% пайыздық мөлшерлемемен орналастырылған өтеу мерзімі 3 айдан аспайтын теңгемен депозиттер кіреді.

Ақша қаражаты мен оның баламалары бойынша күтілетін несие залалдары резервінің қозғалысы былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Жыл басына	**1.772**	–
9 ХҚЕС-ті қолданудан болған әсер	–	12.987
Қалпына келтіру	**2.008**	1.562
Есептеу	**(1.057)**	(12.777)
Жыл соңына	**2.723**	1.772

18. Жарғылық капитал

Топтың жарғылық капиталын толығымен Бас компания төледі және 16.247.541 жай акциядан тұрады: номиналды құны 1.000 теңге болатын 15.000.000 дана, номиналды құны 4.000 теңге болатын 1.247.540 дана және номиналды құны 2.490 теңге болатын бір акция.

Қосымша төленген капитал

19-ескертпеде ашылып көрсетілгендей, 2009 және 2010 жылдары Топ Бас компаниядан қарыз алды. Компания ұқсас шарттары бар мемлекеттік облигациялар бойынша транштарды алу күніне кірістілік мөлшерлемелерін қолдана отырып алынған соманы дисконттады. Тиісінше, 11.356.866 мың теңге жалпы сомасындағы алынған қаражат сомалары мен олардың әділ құны арасындағы айырма қосымша төленген капитал ретінде көрсетілді. Бас компанияның талабы бойынша қарыз қаражатын мерзімінен бұрын өтеу кезінде қарыздар қайта қаралған тиімді пайыздық мөлшерлемелер бойынша қайта есептелді және 7.919.621 мың теңге (2011 жылы – 3.744.974 мың теңге және 2012 жылы – 4.174.647 мың теңге) сомасындағы амортизацияланбай қалған дисконт сомасы капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қарыз шарттарының өзгеру нәтижесі ретінде қосымша төленген капиталдың азаюы ретінде танылды. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына амортизацияланбай қалған дисконт 3.437.245 мың теңгені құрады.

Дивидендтер

2019 жылы Топ өзінің жай акциялары бойынша 1.331.236 мың теңге сомасына дивидендтерді жариялап, төледі (2018 жылы: 1.151.138 мың теңге).

Акцияға пайда

Акцияға базалық пайда сомасы кезеңде болған таза пайданы жай акциялардың орташа алынған санына бөлу арқылы есептелген. Топтың 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдың ішінде орташа алғандағы жай акциялардың саны 16.247.541 дана мөлшерінде болды (2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда: 16.247.541 дана). 2019 және 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін бір акцияға шаққандағы базалық пайда тиісінше 417,95 теңге және 334,66 теңге болды.

Акцияның баланстық құны

«Қазақстан қор биржасы» АҚ (бұдан әрі – «ҚҚБ») Биржалық кеңесінің 2010 жылғы 4 қазандағы шешіміне сәйкес қаржылық есептілікте ҚҚБ бекіткен ережелерге сәйкес есептелген, есепті күнге бір акцияның (жай және артықшылықты) баланстық құны туралы деректер болуы тиіс.

Мың теңгемен	31 желтоқсан 2019 жылғы	31 желтоқсан 2018 жыл
Бір акцияның баланстық құнын есептеу:		
Активтер жиыны	**166.369.928**	189.488.599
Минусы: материалдық емес активтер	**(52.029)**	(38.081)
Минусы: міндеттемелер жиыны	**(121.004.762)**	(149.920.777)
Таза активтер	**45.313.137**	39.529.741
Жай акциялардың саны, дана	**16.247.541**	16.247.541
Бір акцияның баланстық құны (теңгемен)	**2.788,92**	2.432,97

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

19. Бас компаниядан алынған қарыздар

Мың теңгемен	% мөлшерлеме	Өтеу	2019 жыл	2018 жыл
№ 1 несие желісі	0,02-2%	2024 жыл		
Кезең басындағы қалдық			**12.171.334**	16.978.750
Есептелген пайыздар			**189.258**	280.183
Төлемдер			**(3.368.226)**	(5.087.599)
Кезең соңындағы қалдық			**8.992.366**	12.171.334
№ 3 несие желісі	2,0%	2032 жыл		
Кезең басындағы қалдық			**77.169.535**	66.880.310
Қарыздар алу			**2.280.184**	15.869.667
Есептелген пайыздар			**1.535.128**	1.415.693
Төлемдер			**(7.380.657)**	(6.996.135)
Кезең соңындағы қалдық			**73.604.190**	77.169.535
№ 4 несие желісі	2,0%	2034 жыл		
Кезең басындағы қалдық			**28.004.142**	29.000.000
Есептелген пайыздар			**542.650**	568.771
Төлемдер			**(2.485.868)**	(1.564.629)
Кезең соңындағы қалдық			**26.060.924**	28.004.142
№ 5 несие желісі	0,15%	2019 жыл		
Кезең басындағы қалдық			**4.031.534**	52.191.953
Қарыздар алу			**–**	18.658.046
Есептелген пайыздар			**33**	83.991
Дисконт			**–**	(1.588.636)
Дисконт амортизациясы			**(14.424)**	4.412.438
Төлемдер			**(4.017.143)**	(69.726.258)
Кезең соңындағы қалдық			**–**	4.031.534
Бас компаниядан алынған қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі			**108.657.480**	121.376.545

№ 1 несие желісі

Мұндай несие желісі 2009 жылы аяқталған объектілердегі немесе салынып жатқан тұрғын үй құрылысы объектілеріндегі тұрғын үй және тұрғын емес үй-жайларды сатып алу үшін 225 миллиард теңге бастапқы жалпы сомасымен және негізгі борышты төлеу бойынша үш жылдық жеңілдік кезеңімен ашылды. 2010 жылдың тамызында несие желісінің бастапқы сомасы 155 миллиард теңгеге дейін азайтылды. Сондай-ақ несие желісінің пайыздық мөлшерлемесі де қайта қаралып, алынған күннен бастап алғашқы екі жылдың ішінде жылдық 0,02% мөлшерінде және кейінгі жылдары жылдық 2% мөлшерінде белгіленді.

Мойындау күніне (2010 жыл) Топ транштарды алу күніне ұқсас мемлекеттік облигациялар бойынша кірістілік мөлшерлемелерін қолдана отырып алынған соманы дисконттады. Тиісінше, алынған қаражат сомалары мен олардың әділ құны арасындағы айырма ретінде көрсетілген дисконт қосымша төленген капиталдың құрамында көрсетілді. 2012 жылы қарыз қаражатын мерзімінен бұрын өтеу кезінде қарыздар қайта қаралған тиімді пайыздық мөлшерлемелер бойынша қайта есептелді және 4.174.647 мың теңге сомасындағы амортизацияланбай қалған дисконт сомасы капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қарыз шарттарының өзгеру нәтижесі ретінде қосымша төленген капиталдың азаюы ретінде танылды. 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына амортизацияланбай қалған дисконт 3.437.245 мың теңгені құрады.

2013 жылдың желтоқсанында несие желісінің шарттарына қосымша өзгерістер енгізілді. Бас компанияның кез келген сәтте несие желісінің шеңберінде берілген транштарды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығы елеулі өзгеріс болып табылады.

2019 жылдың ішінде Топ 3.365.898 мың теңге мөлшерінде негізгі соманы және 2.328 мың теңге (2018 жыл: тиісінше 5.026.394 мың теңге және 61.205 мың теңге) сомада пайыздарды өтеді. Пайыздар жартыжылдық негізде төленеді.

№ 3 несие желісі

Мұндай несие желісі 2012 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 31 желтоқсандағы № 922 қаулысымен бекітілген «Нұрлы жер» Бағдарламасының шеңберінде, бағыты – сатып алу құқығымен жалдау тұрғын үйі, (бұрынғы – «Өңірлерді дамыту бағдарламасы-2020») тұрғын үй құрылысының жобаларын қаржыландыруға 99.053.000 мың теңге жалпы сомаға ашылды. Шарт талаптарына сай Бас компания берілген қаражаттың төленуін мерзімінен бұрын талап етуге құқылы. Пайыздар жартыжылдық негізде төленеді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша осы несие желісі бойынша игерілмей қалған ақша қаражатының қалдығы 4.284.106 мың теңгені (2018 жыл: 6.564.290 мың теңгені) құрайды.

2019 жылдың ішінде Топ 5.845.529 мың теңге мөлшерінде борыштың негізгі сомасын және 1.535.128 мың теңге (2018 жыл: тиісінше 5.580.442 мың теңге және 1.415.693 мың теңге) сомада пайыздарды өтеді.

№ 4 несие желісі

2016 жылы Топ жылдық 2% сыйақы мөлшерлемесімен 18 жыл мерзімге «Жасыл квартал» әкімшілік-тұрғын үй кешенінің құрылысы бойынша жобаны қаржыландыруға 29.000.000 мың теңге жалпы сомаға несие шартын жасады. Шарт талаптарына сай Бас компания берілген қаражаттың төленуін мерзімінен бұрын талап етуге құқылы. 2016 жылдың ішінде Топ қарыздың бүкіл сомасын алды.

2019 жылдың ішінде Топ 1.943.218 мың теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасын және 542.650 мың теңге (2018 жыл: тиісінше 995.858 мың теңге және 568.771 мың теңге) сомада пайыздарды өтеді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

19. Бас компаниядан алынған қарыздар (жалғасы)

№ 5 несие желісі

2016 жылы Топ коммерциялық тұрғын-үйлерді жеке меншік тұрғызушыларды қолдау бөлігінде коммерциялық бағыттағы «Нұрлы жер» Мемлекеттік бағдарламасының қатысушысы болды. Бұл бағдарламаға сай Топ Бас компаниядан жылдық 0,15% пайыздық мөлшерлемемен 2026 жылға дейінгі мерзімге 97 миллиард теңге мөлшерінде қарыз алды. Алынған қарыз Топқа нарықтық мөлшерлемеден төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша берілгендіктен, бұл қарыз әділ құны бойынша берілу күніне бағаланады.

2016 жылы Топ осы бағдарламаның шеңберінде 42.875.500 мың теңге мөлшерінде қарыз алды, бастапқы дисконт 23.706.680 мың теңге болды және келешек кезеңдер кірістерінің құрамында танылды, солардың 4.326.492 мың теңгесі мемлекеттік субсидиялаудан түскен кірістер ретінде танылды.

2017 жылғы қыркүйекте Топ несие шартына қосымша келісімді жасады, әрі ол қосымша келісімнің жаңа талаптарын көздейді – инвестицияланған қаражат қайтарылған жағдайда Топтың несиені есепті тоқсаннан кейінгі 30 күнтізбелік күннен кешіктірмей тоқсан сайын мерзімінен бұрын өтеп отыру міндеттемесі. Бұл талап несиені әділ құны бойынша мойындау үшін пайдаланылатын жекелеген жорамалдарды қайта қарауды, атап айтқанда дисконттаудың нарықтық мөлшерлемесі бойынша дисконталатын ақша ағындарының көлемін есептеудің өзгерістерін қайта қарауды болжайды. Қайта есептелген әділ құн бастапқы әділ құннан айтарлықтай ерекшеленгендіктен, Топ бастапқы қарызды мойындауды тоқтатып, жаңа қарызды мойындады.

Несие қаражатының айналымдылығын болдырмау туралы қосымша келісімнің жасалуына орай, Топ Несие шартының бұрынғы талаптары бойынша алынған транштарды мойындауды тоқтатты және қосымша келісім жасалған күннен бастап әділ құнды жоғарыда сипатталған жорамалдарға сүйене отырып мойындайды.

Алынған транштардың әділ құны 50.913.339 мың теңге болды, ал дисконт – 4.070.464 мың теңге. Аталған қарызды жаңа талаптармен мойындау кезінде Топ дисконтты пайыздық кірістер ретінде негізгі қызметтен болған кірістердің құрамында мойындады және әрбір транштың тиісті мерзімдерінің ішінде пайыздық шығыстар арқылы амортизацияланады.

2019 жылдың ішінде Топ 4.000.000 мың теңге мөлшерінде негізгі борыш сомасын және 17.143 мың теңге (2018 жыл: негізгі борыш – 69.641.849 мың теңге; есептелген сыйақы – 84.409 мың теңге) сомада есептелген сыйақыны толық өтеді.

Барлық түскен қаражат кепілдік берілмеген және кепілсіз негізде алынды.

20. Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер

Басқа да ұзақ мерзімді міндеттемелер жалға алушылар Топтың қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз ету ретінде салатын кепілдік төлемдерін білдіреді. Топ кепілдік төлемдерін жалға алушылардың жалдау мерзімінің соңында қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелерін өтеу үшін пайдаланады.

21. Кредиторлық берешек

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына кредиторлық берешекке Топтың операциялық қызметі үшін тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді жеткізушілердің алдындағы берешек кірді. 198.299 мың теңге (2018 жыл: 135.044 мың теңге) мөлшеріндегі кредиторлық берешек теңгемен білдірілген және пайызсыз болып табылады.

22. Басқа да ағымдағы міндеттемелер

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Эдельвейс және Ақкент ТК бойынша СБШ бойынша берешек	**1.438.832**	710.754
Алынған аванстар	**646.146**	277.002
Кепілдік берілген төлемдер бойынша міндеттемелер	**558.023**	532.775
«Нұрлы жер» бағдарламасының шеңберінде салушылар алдындағы берешек	**334.689**	3.940.157
Жалақы бойынша берешек	**333.707**	257.698
«Айт Хаузинг Комплекс» ЖШС-тің операторлық қызметтері бойынша төлемдер	**222.786**	166.758
Офистік ғимарат бойынша СБШ бойынша берешек	**219.639**	–
Табыс салығынан басқа, салықтар бойынша берешек	**125.294**	39.466
Келешек кезеңдер кірістері	**15.306**	16.647
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	**74.341**	118.339
	3.968.763	6.059.596

Эдельвейс және Ақкент ТК бойынша СБШ бойынша берешек

2014 жылы Топ пен Бас компания арасында Эдельвейс және Ақкент тұрғын-үй кешендерінде орналасқан жылжымайтын мүлікті сенімгерлік басқару шарты жасалды. СБШ бойынша берешек Бас компанияның алдындағы кредиторлық берешекпен білдірілген. СБШ сай Топ жалға алушылардан ақша қаражатын алып, оны Бас компанияға береді.

«Нұрлы жер» бағдарламасының шеңберінде салушылар алдындағы берешек

«Нұрлы жер» бағдарламасының шеңберінде құрылыс салушылардың алдындағы берешек «Samruk-Kazyna Construction» АҚ арнайы шотында жинақталатын салушылардың өткізуден болған үлестерін білдіреді. Бұл қаражат салушылар инвестициялау шарттарына сай барлық келісімшарттық міндеттемелерді орындаған кезде солардың шоттарына аударылады.

Кепілдікті төлемдер бойынша міндеттемелер Топтың бұл қаражатты объектілер пайдалануға берілгеннен кейін бір жыл өткен соң объектілердің құрылысын аяқтаған құрылыс ұйымдарына төлеу міндеттемесін білдіреді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

23. Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер

2018 жылғы 25 желтоқсанда Топ Астананың Халықаралық биржасында бір данасы үшін 1.000 теңге номиналды құнымен және жылдық 10% купондық сыйақы мөлшерлемесімен 20.000.000 мың теңге жалпы сомаға купондық облигацияларды орналастырды. 2019 жылдың ішінде Топ негізгі борыш пен купондық облигациялар бойынша есептелген сыйақы берешегін белгіленген мерзімде толық көлемде өтеді. 2019 жылғы 25 маусымда Топ Қазақстанның қор биржасында бір данасы үшін 1.000 теңге номиналды құнымен және жылдық 10,5% купондық сыйақы мөлшерлемесімен және 2020 жылғы 25 маусымға дейінгі өтеу мерзімімен 5.203.442 мың теңге жалпы сомаға корпоративтік облигацияларды орналастырды. 2019 жылға есептелген сыйақы 283.804 мың теңге болды.

24. Түсім

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Дайын тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүлік объектілерін сатудан түскен кіріс	**6.373.576**	38.955
Аяқталмаған құрылысты іске асырудан түскен кіріс *(7-ескертпе)*	**5.579.965**	–
Қаржылық жалдаудан түскен кірістер	**5.342.733**	4.721.542
«Жасыл квартал» бағдарламасының шеңберінде нысаналы депозиттер бойынша сыйақылар	**1.468.732**	1.499.268
Дисконт амортизациясы *(15-ескертпе)*	**1.020.508**	6.070.311
Сыйақыны есептей отырып құрылыс компанияларын қаржыландырудан болған пайыздық кіріс *(15-ескертпе)*	**758.882**	3.162.522
Құрылысты басқару және техникалық қадағалау үшін түскен кірістер	**561.927**	–
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	**386.146**	326.215
Мүлікті басқару үшін сыйақы	**350.196**	378.488
Өзге де кірістер	**59.581**	60.541
	21.902.246	16.257.842

Тауарлар мен қызметтерді өткізуден түскен түсімді мойындау мерзімдері былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Түсімді мойындау мерзімдері		
Тауарлар белгілі бір уақыт сәтінде беріледі	**11.953.541**	38.955
Қызметтер уақыт кезеңінің ішінде көрсетіледі	**9.948.705**	16.218.887
	21.902.246	16.257.842

2019 және 2018 жылдардың ішінде тауарлар мен қызметтер Қазақстан Республикасының аумағында өткізілді.

25. Өзіндік құны

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Өткізілген тұрғын және коммерциялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құны *(7-ескертпе)*	**5.346.966**	31.656
Өткізілген аяқталмаған құрылыстың өзіндік құны	**5.294.673**	–
Пайыздық шығыстар	**729.612**	869.174
Жылжымайтын мүлік объектілеріне қызмет көрсету	**492.153**	212.595
Берілген қарыз бойынша дисконтты мойындау *(15-ескертпе)*	**306.088**	3.268.609
Операциялық салықтар	**161.157**	170.744
Тозу және амортизация	**102.859**	79.581
Дисконт амортизациясы *(19-ескертпе)*	**(14.424)**	4.412.438
Басқасы	**63.209**	168.131
	12.482.293	9.212.928

26. Жалпы және әкімшілік шығыстар

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Жалақы және тиісті салықтар	**1.320.711**	933.617
Қосылған құн салығы бойынша шығыстар	**270.456**	43.713
Кәсіби қызметтер	**178.417**	159.452
Мемлекеттік баж	**161.670**	190.383
Тозу және амортизация	**43.533**	63.489
Жалдау	**41.435**	18.204
Іссапар шығыстары	**37.456**	13.247
Жөндеу және техникалық қызмет көрсету	**19.984**	7.263
Директорлар кеңесін ұстау бойынша шығыстар	**12.915**	74.079
Байланыс	**12.725**	11.687
Материалдар	**8.187**	7.271
Банктердің комиссиялары	**3.894**	2.741
Ғимаратты күтіп ұстау бойынша шығыстар	**1.677**	47.344
Басқа да салықтар және бюджетке төленетін міндетті төлемдер	**970**	33.918
Басқасы	**55.129**	49.191
	2.169.159	1.655.599

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

27. Қаржыландырудан түскен кірістер / (қаржыландыру шығыстары)

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Қаржыландырудан болған кірістер		
Банктік депозиттер мен ағымдағы банктік шоттар бойынша пайыздық кіріс	**1.027.103**	1.676.908
Мемлекеттік облигациялар бойынша кіріс	**167.203**	166.918
«Кері РЕПО» келісімдері бойынша кіріс	**122.978**	–
Қаржы құралдары бойынша әділ құнның өзгеруінен түскен кіріс	**49.687**	–
	1.366.971	1.843.826
Қаржыландыру шығыстары		
Бас компаниядан алынған қарыздар бойынша пайыздық шығыстар	**(1.537.456)**	(1.476.898)
Шығарылған облигациялар бойынша пайыздық шығыстар	**(1.055.635)**	(22.222)
Корпоративтік облигацияларды шығарумен байланысты шығыстар	**(53.180)**	–
	(2.646.271)	(1.499.120)

Табыс салығы бойынша шығыстар

2019 және 2018 жылдардағы табыс салығы бойынша шығыстар былайша көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар	**1.740.829**	1.992.800
Өткен кезеңдердің табыс салығын түзету	**(252.192)**	–
Уақытша айырмалардың туындауының және қайтарылуының нәтижесінде кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік	**(339.660)**	(209.184)
	1.148.977	1.783.616

Төменде 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына табыс салығы бойынша шығыстармен бірге ресми белгіленген мөлшерлеме бойынша салық салынғанға дейінгі бухгалтерлік кіріске қолданылатын табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру берілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Салық салынғанға дейінгі пайда	**7.939.566**	7.221.036
Салықтың ресми мөлшерлемесі	**20%**	20%
Салықтың ресми мөлшерлемесі бойынша есептелген табыс салығы	**1.587.913**	1.444.207
Мемлекеттік бағалы қағаздардың купондық сыйақылары бойынша кірістер	**(58.036)**	(33.384)
Берілген қарыздар бойынша дисконтты тану	**58.333**	653.722
Алынған қарыз бойынша дисконт амортизациясы	**–**	882.488
Өткен кезеңдердің табыс салығын түзету	**(252.192)**	–
Күмәнді берешек бойынша резервті есептеу	**208.315**	518.834
Субсидиялаудан болған кіріс	**(268)**	(343.447)
Қаржы құралдары бойынша дисконт амортизациясы	**(204.102)**	(1.214.062)
Берілген қарыздар бойынша кейінге қалдырылған күтілетін сыйақыны түзету	**(235.339)**	–
Басқа да тұрақты шығыстар / (салық салынбайтын кірістер)	**44.353**	(124.742)
	1.148.977	1.783.616

2019 жылдың ішінде Топ жасалған шарттар бұзылған құрылыс компанияларына берілген қарыздардың есептелген сыйақылары бойынша құнсыздануды мойындады. Осыған орай Топ берілген қарыздар бойынша күтілетін сыйақылардың кейінге қалдырылған салық міндеттемесін түзетті.

31 желтоқсанға кейінге қалдырылған салық бойынша активтер мен міндеттемелердің компоненттері төмендегідей көрсетілген:

Мың теңгемен	Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп		Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	
	2019 жыл	2018 жыл	2019 жыл	2018 жыл
Кейінге қалдырылған салық активтері				
Берілген қарыздарға резервтер, ағымдағы қаржы активтері мен дебиторлық берешек	**261.010**	261.010	**–**	42.808
Салықтар	**2.638**	1.194	**1.444**	(1.653)
Капиталдандырылған сыйақылар	**8.291**	14.096	**(5.805)**	(18.356)
Келешек кезеңдер кірістері	**30.613**	30.613	**–**	(6.123)
Басқасы	**71.809**	59.183	**12.626**	33.936
	374.361	366.096	**8.265**	50.612
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері				
Негізгі құралдар	**(397.649)**	(427.387)	**29.738**	4.376
Берілген қарыздар бойынша күтілетін сыйақылар	**–**	(301.657)	**301.657**	154.196
	(397.649)	(729.044)	**331.395**	158.572
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	**(23.288)**	(362.948)		
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза жеңілдік			**339.660**	209.184

Кейінге қалдырылған таза салық міндеттемелерін салыстыру:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
1 қаңтарға арналған сальдо	**362.948**	572.132
Пайда немесе зиян құрамында мойындалған есепті жыл үшін кейінге қалдырылған салық бойынша жеңілдік	**(339.660)**	(209.184)
31 желтоқсанға сальдо	**23.288**	362.948

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың кейінге қалдырылған мойындалмаған салық активтері болмады.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

29. Байланысты тараптармен операциялар

Байланысты тараптар Топтың негізгі басқарушы персоналын, Топтың негізі басқарушы персоналына біршама қатысу үлесі тікелей немесе жанама түрде тиесілі ұйымды, сондай-ақ Үкімет бақылайтын өзге де кәсіпорындарды қамтиды. Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды.

«Бас компания бақылайтын ұйымдар» санатына Бас компания бақылайтын ұйымдар кіреді.

Байланысты тараптармен операциялар тараптардың арасында келісілген шарттарда жасалды. Сатып алу және сату бойынша транзакциялар нарықтық шарттар бойынша жасалды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтардың қамтамасыз етуі жоқ, олар қысқа мерзімді болып табылады, ал есеп айырысулар, төменде сипатталған жағдайларды қоспағанда, ақшалай жасалады.

2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына Топ байланысты тараптардың дебиторлық берешегінің құнсыздануын көрсетпеді. Мұндай бағалау әрбір қаржы жылы байланысты тараптың қаржылық жағдайын және оның қызметі жүзеге асырылған нарықты тексеру арқылы жасалды.

2019 және 2018 жылдар үшін байланысты тараптармен негізгі мәмілелер төменде көрсетілген.

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Бас компания бақылайтын ұйымдар		
Операциялық жалдаудан түскен кірістер	**482**	26.424
Байланысты тараптарға сатулар	**913.000**	402.170
Байланысты тараптардан сатып алу	**30.284**	213.398
	943.766	641.992

Жоғарыда көрсетілген тармақтардың нәтижесінде Топтың 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша байланысты тараптарға алынуға жататын / (төленетін) келесі сомалары болды:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Бас компания бақылайтын ұйымдар		
Сауда дебиторлық берешек	**44.304**	100
Кредиторлық берешек	**(223.210)**	(27.141)

Бас компаниядан алынған қарыздар

Бас компаниядан алынған қарыздың егжей-тегжейі *19-ескертпеде* ашылып көрсетілген.

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

2019 жылы негізгі басқарушы персонал алты адамды құрады (2018 жыл: жеті адам). Еңбекақы бойынша шығындарға енгізілген, негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақының жалпы сомасы есепті кезең бойынша 113.739 мың теңгені құрады (2018 жыл: 158.528 мың теңге). Негізгі басқарушы персоналға берілетін сыйақыға жыл қорытындылары бойынша жалақы мен сыйлықақы кіреді.

Топтың негізгі басқарушы қызметкерлердің мүшелеріне қатысты байланысты тараптарды анықтау үшін қосымша бақылау рәсімдерін жасады. Мұндай рәсімдердің нәтижесінде басқарушы персонал арқылы байланыстылық анықталмады.

30. Қаржылық және шартты міндеттемелер

Шарттық міндеттемелер

2019 жылдың 31 желтоқсанына Топтың құрылыс компаниялармен жасалған шарттары бойынша 1.388.420 мың теңге (2018 жылы: 8.581.047 мың теңге) жалпы сомаға шартты міндеттемелері болды.

2019 жылғы 24 қаңтарда, Топ Бас компаниямен Әкімшілік ғимаратты сенімгерлік басқару шартын жасады. Топ коммерциялық алаңдарды байланысты және үшінші тараптарға жалға беру арқылы оларды басқарады. Шарт талаптарына сай Топ мүліктің сақталуын, лайықты қызмет етуін және пайдаланылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Қаржылық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер – Топ жалға беруші ретінде

Топ белгілі бір тұрғын және тұрғын емес алаңдардан тұратын жылжымайтын мүлікті қаржылық жалдау шарттарын жасады. Бұл жалдау шарттары 10-20 жыл аралығындағы кезеңге жасалды.

Салық салу

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдері. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Айыппұлдық ықпалшараға 2,5-ке көбейтілген, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен белгіленген, қайта қаржыландырылған мөлшерлемесі бойынша есептелген өсімпұл мен қосымша есептелген салық сомасынан 50-80% көлемінде болатын айыппұлдар кіреді. Нәтижесінде, айыппұл мен өсімпұл сомалары қоса есептелуге жататын салық сомаларынан бірнеше есе артық болуы мүмкін. Қаржылық кезеңдер тексеру жүргізілетін жылдың алдындағы күнтізбелік бес жыл ішінде салық органдары тексеру үшін ашық болып қалады. Белгілі жағдайларда тексерулер ұзақ мерзімді қамтуы мүмкін. Қазақстандық салық салу жүйесінің екі ұштылығынан, салықтардың, егер олар болған жағдайда айыппұл санкциялары мен өсімақылардың түпкілікті сомасы қазіргі кезеңге жатқызылған және 2019 жылғы 31 желтоқсанға есептелген шығындар сомасынан асып кетуі мүмкін. Басшылық 2019 жылдың 31 желтоқсанына қолданыстағы заңнаманы талқылау сәйкес болып табылады және осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көзделгендерді немесе басқа да тәсілмен ашылған жағдайларды қоспағанда, Топтың салықтар бойынша ұстанымы расталады деген мүмкіндік бар деп есептейді.

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

31. Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты

Топтың негізгі қаржылық міндеттемелеріне Бас компаниядан алынған қарыздар, кредиторлық берешек, басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер және басқа да ағымдағы міндеттемелер жатады. Аталған қаржылық міндеттемелер негізінен Топтың операциялық қызметін қаржыландыруға тарту үшін пайдаланылып отыр. Топтың ақша қаражаты мен оның баламалары, қаржылық жалдау бойынша берешек, сауда дебиторлық берешек, банктік депозиттер мен мемлекеттік облигациялар сияқты түрлі қаржылық активтері бар.

Осы қаржы құралдары бойынша туындайтын негізгі тәуекелдерге өтімділік тәуекелі мен несие тәуекелі жатады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі – бұл Топта қаржылық міндеттемелерге байланысты міндеттемелерді өтеуге қажетті қаражат алуда туындайтын қиындықтар. Өтімділік тәуекелі активтерді олардың әділ құнына жақын баға бойынша уақытылы сатуға қабілетсіздігі салдарынан туындауы мүмкін.

Топ өтімді қаражаттар қажеттілігін үнемі қадағалап отырады және басшылық кез келген орын алатын міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті болатын көлемде қаражатпен қамтамасыз етеді. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың ағымдағы міндеттемелері оның ағымдағы активтерінен 58.809.115 мың теңгеге (2018 жыл: 84.084.111 мың теңге) асты. Мұндай асып түсу негізінен Бас компанияның мұндай қарыздарды мерзімінен бұрын өтеуді талап ету құқығына байланысты 108.657.480 мың теңге сомасында Бас компаниядан алынған қарыздарды қысқа мерзімді деп жіктеуден қалыптасты. Басшылық өзінің операциялық қызметін кеңейту арқылы, сондай-ақ Бас компаниядан алынатын қаржыландыру арқылы өтімді құралдардағы мұқтаждықты қамтамасыз етеді.

Төмендегі кестеде 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігіндегі Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша шарттық дисконтталмаған төлемдері туралы қорытынды ақпарат берілген:

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	3 айға дейін	3-12 ай	1-5 жыл	Астам 5 жыл	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға						
Бас компаниядан алынған қарыз	**108.657.480**	**–**	**–**	**–**	**–**	**108.657.480**
Кредиторлық берешек	**–**	**198.299**	**–**	**–**	**–**	**198.299**
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	**–**	**–**	**5.749.803**	**–**	**–**	**5.749.803**
Өзге ағымдағы міндеттемелер	**–**	**–**	**3.968.763**	**–**	**–**	**3.968.763**
	108.657.480	**198.299**	**9.718.566**	**–**	**–**	**118.574.345**

Мың теңгемен	Талап етілгенге дейін	3 айға дейін	3-12 ай	1-5 жыл	Астам 5 жыл	Жиыны
2018 жылғы 31 желтоқсанға						
Бас компаниядан алынған қарыз	117.345.011	4.017.110	–	–	–	121.362.121
Кредиторлық берешек	–	135.044	–	–	–	135.044
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	–	–	20.794.053	–	–	20.794.053
Өзге ағымдағы міндеттемелер	–	–	6.059.596	–	–	6.059.596
	117.345.011	4.152.154	26.853.649	–	–	148.350.814

Қаржылық қызметтің нәтижесінде туындаған міндеттемелердегі өзгерістер

Төмендегі кестеде 2019 және 2018 жылдардағы қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердегі өзгерістер көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жылғы 1 қаңтарға	Ақша қаражатының түсуі	Ақша қаражатының кетуі	Дисконт	Төленген пайыздар	Басқасы*	2019 жылғы 31 желтоқсанға
Бас компаниядан алынған қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	121.376.545	**2.280.184**	**(15.154.644)**	**–**	**(1.782.661)**	**1.938.056**	**108.657.480**
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	20.022.222	**5.203.442**	**(20.000.000)**	**–**	**(794.053)**	**1.055.635**	**5.487.246**
Міндеттемелер жиыны	141.398.767	**7.483.626**	**(35.154.644)**	**–**	**(2.576.714)**	**2.993.691**	**114.144.726**

Мың теңгемен	2018 жылдың 1 қаңтарына	Ақша қаражатының түсуі	Ақша қаражатының кетуі	Дисконт	Төленген пайыздар	Басқасы*	2018 жылғы 31 желтоқсанға
Бас компаниядан алынған қарыздардың ұзақ мерзімді бөлігі	1.076.322	–	–	6.067	–	(1.082.389)	–
Бас компаниядан алынған қарыздардың қысқа мерзімді бөлігі	163.974.691	34.527.713	(81.244.543)	2.846.848	(1.811.013)	3.082.849	121.376.545
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	–	20.000.000	–	–	–	22.222	20.022.222
Міндеттемелер жиыны	165.051.013	54.527.713	(81.244.543)	2.852.915	(1.811.013)	2.022.682	141.398.767

* *Басқалары, негізінен, қарыздар бойынша есептелген пайыздарды және қарыздың ұзақ мерзімді бөлігінен қысқа мерзімді бөлікке қайта жіктеулерді ашып көрсетеді. Топ төленген пайыздарды операциялық қызметтен ақша ағындары ретінде жіктейді.*

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

31. Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты (жалғасы)

Несиелік тәуекел

Топты несиелік тәуекелге нақты ұшырататын қаржы құралдары, негізінен, банк салымдарындағы және ағымдағы банк шоттарындағы ақша қаражатынан, дебиторлық берешектен, берілген қарыздан және қаржылық жалдау берешегінен тұрады. Несиелік тәуекелдің барынша көп мөлшері әрбір қаржылық активтің баланстық құнымен берілген.

Топ өзінің операциялық қызметін және белгілі бір инвестициялық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде несиелік тәуекелге ұшырағыш келеді. Инвестициялық қызметті жүзеге асыру барысында Топ, негізінен, қазақстандық банктерде салымдарды орналастырады.

Келесі кестеде құрылған резервтерді шегере отырып «Standard & Poor's» және «Fitch» агенттіктерінің несие рейтингілерін пайдалана отырып есепті күнге банктерде орналастырылған ақша қаражаттары, банк депозиттері бойынша сальдо көрсетілген:

Мың теңгемен	Орналасқан жері	Рейтинг 2019 жыл	Рейтинг 2018 жыл	2019 жылғы 31 желтоқсан	2018 жылғы 31 желтоқсан
«АТФ Банк» АҚ	Қазақстан	**B–/тұрақты/B**	B/Негативті	**37.750.240**	41.931.458
«Қазақстанның Халық Банкі» АҚ	Қазақстан	**BB/тұрақты/B**	BB/ Негативті	**16.269.148**	10.387.249
First Heartland Jysan Bank	Қазақстан	**Рейтингсіз**	–	**4.174.428**	–
«Forte Bank» АҚ	Қазақстан	**B+/тұрақты/B**	B/Позитивті	**2.921.990**	923.415
«Альфа Банк» ЕБ АҚ	Қазақстан	**BB–/позитивті/B**	BB-/ Тұрақты	**15**	46
				61.115.821	53.242.168

Қаржы құралдарының әділ құны

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері мемлекеттік борыштық бағалы қағаздардан тұрды. Мұндай қаржы активтері әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде әділ құн көздері иерархиясының бөлігінде 1-деңгейге жатады.

Басшылық ақша қаражаты мен қысқа мерзімді депозиттердің, сауда дебиторлық берешектік, сауда кредиторлық берешектің, банктік овердрафттардың және басқа да қысқа мерзімді міндеттемелердің әділ құны, ең алдымен, мұндай құралдарды өтеудің ұзақ емес мерзімдеріне орай шамамен олардың баланстық құнына тең болатындығын анықтады.

Қаржылық есептілікке қосылған қаржы активтері мен міндеттемелерінің әділ құны мұндай мәмілені жасағысы келетін тараптардың арасындағы ағымдағы мәміленің нәтижесінде мәжбүрлі сатудан немесе таратудан басқа, құралға айырбасталуы мүмкін соманы білдіреді. Әділ құнды айқындау үшін келесі әдістер мен болжамдар пайдаланылды:

- Топ дебиторлық берешекті, қаржылық жалдау берешегін және тіркелген мөлшерлемесі бар қарыздарды пайыздық мөлшерлемелер, елге тән болатын тәуекел факторлары, клиенттің дербес төлем қабілеттілігі және қаржылық жобаға тән тәуекелдің сипаттамалары сияқты параметрлердің негізінде бағалайды. Осы бағалаудың негізінде бұл дебиторлық берешек бойынша күтілетін шығындарды есепке алу үшін резервтер құрылады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резервтерді шегере отырып мұндай дебиторлық берешектің баланстық құны шамамен оның әділ құнына тең болды.
- Бағасы белгіленетін облигациялардың әділ құны есепті күнге баға белгілеудің негізінде айқындалады. Бағасы белгіленбейтін құралдардың, банктер берген несиелердің және басқа да қаржылық берешектің, қаржылық жалдау шарттары бойынша міндеттемелердің, сондай-ақ басқа да ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелердің әділ құны өтеуге дейін қалған ұқсас шарттармен, несиелік тәуекелмен және мерзімдермен берешек үшін ағымдағы мөлшерлемелерді пайдалана отырып келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы айқындалады және әділ құн көздерінің иерархиясы бөлігінде 3-деңгейге жатады.
- Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің әділ құны белсенді нарықтарда баға белгілеуінің негізінде айқындалады.

Әділ құн бағасы көздерінің иерархиясы

Топ қаржы құралдарының әділ құнын анықтау және бағалау моделінің бөлінісінде ол туралы ақпаратты ашып көрсету үшін мынадай сатылылықты пайдаланады:

- 1-деңгей: бірдей активтер немесе міндеттемелер бойынша белсенді нарыққа арналған бағалар (ешқандай да түзетулерсіз).
- 2-деңгей: барлық шығыс деректері көрсетілетін әділ құнына айтарлықтай әсер ететін басқа да әдістер нарықта тікелей немесе жанама байқалады.
- 3-деңгей: бақыланатын нарықтық ақпаратқа негізделмейтін әділ құнды көрсетуге біршама әсер ететін бастапқы деректерде қолданылатын әдістер.

Төмендегі кестеде Топтың активтері мен міндеттемелерін әділ құны бойынша бағалау иерархиясы көрсетілген:

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша активтерді бағалау иерархиясы

Мың теңгемен	Баланстық құн	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау: Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау: Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2деңгей)	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау: Айтарлықтай бақыланбайтын бастапқы деректер (3деңгей)
Әділ құны бойынша бағаланатын активтер					
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары *(16-ескертпе)*	2.683.845	2.683.845	2.683.845	–	–
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Берілген қарыздар *(15-ескертпе)*	9.549.482	9.540.294	–	–	9.540.294
Қаржылық жалдау бойынша берешек *(9-ескертпе)*	62.599.183	55.962.468	–	–	55.962.468
Сауда дебиторлық берешек *(14-ескертпе)*	6.164.853	6.164.853	–	–	6.164.853

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

31. Қаржы тәуекелдерін басқарудың мақсаттары мен саясаты (жалғасы)

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша міндеттемелерді бағалау иерархиясы

Мың теңгемен	Баланстық құн	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2деңгей)	Айтарлықтай бақылан-байтын бастапқы деректер (3деңгей)
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Бас компаниядан алынған қарыздар *(19-ескертпе)*	**108.657.480**	**108.657.480**	**–**	**–**	**108.657.480**
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер *(23-ескертпе)*	**5.487.246**	**5.527.790**	**5.527.790**	**–**	**–**
Кредиторлық берешек *(21-ескертпе)*	**198.299**	**198.299**	**–**	**–**	**198.299**
Өзге ағымдағы міндеттемелер	**2.564.574**	**2.564.574**	**–**	**–**	**2.564.574**

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша активтерді бағалау иерархиясы

Мың теңгемен	Баланстық құн	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2деңгей)	Айтарлықтай бақылан-байтын бастапқы деректер (3деңгей)
Әділ құны бойынша бағаланатын активтер					
Қазақстан Республикасының мемлекеттік облигациялары *(16-ескертпе)*	2.524.461	2.524.461	2.524.461	–	–
Әділ құны ашылып көрсетілетін активтер					
Берілген қарыздар *(15-ескертпе)*	42.314.338	42.329.506	–	–	42.329.506
Қаржылық жалдау бойынша берешек *(9-ескертпе)*	45.243.316	40.098.263	–	–	40.098.263
Сауда дебиторлық берешек *(14-ескертпе)*	53.040	53.040	–	–	53.040

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша әділ құны бойынша міндеттемелерді бағалау иерархиясы

Мың теңгемен	Баланстық құн	Әділ құны	Пайдалана отырып әділ құнды бағалау		
			Белсенді нарықтағы баға белгілеулері (1-деңгей)	Айтарлықтай бақыланатын бастапқы деректер (2деңгей)	Айтарлықтай бақылан-байтын бастапқы деректер (3деңгей)
Әділ құны ашылып көрсетілетін міндеттемелер					
Бас компаниядан алынған қарыздар *(19-ескертпе)*	121.376.545	121.376.545	–	–	121.376.545
Басқа да қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер *(23-ескертпе)*	20.022.222	20.028.222	20.028.222	–	–
Кредиторлық берешек *(21-ескертпе)*	135.044	135.044	–	–	135.044
Басқа да ағымдағы міндеттемелер	1.449.753	1.449.753	–	–	1.449.753

Капиталды басқару

Топтың капиталын басқарудың басты мақсаты қызметін қолдау және акционерлік құнын барынша көбейту мақсатында капитал толықтығының тұрақты коэффициенттерін қамтамасыз ету болап табылады.

Топ капитал құрылымын басқарады және оны экономикалық жағдайдағы өзгерістерді ескере отырып түзетеді. Құрылған күннен бастап 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі кезең ішінде мақсаттарға, саясаттарға немесе процестерге бірде бір өзгеріс енгізілмеді.

Топ таза қарыздардың жалпы капиталға қатыстылығын білдіретін қарыз коэффициентін пайдалану арқылы капитал мониторингін жүзеге асырады. Топ Бас компаниядан алынған қарыздар, мемлекеттік облигациялар мен кредиторлық берешекті таза берешектің құрамына қосады.

Кестеде Топтың 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанына берешек коэффициенті көрсетілген:

Мың теңгемен	2019 жыл	2018 жыл
Бас компаниядан алынған қарыздар	**108.657.480**	121.376.545
Корпоративтік облигациялар	**5.487.246**	20.022.222
Кредиторлық берешек	**198.299**	135.044
Таза берешек	**114.343.025**	141.533.811
Капитал	**45.058.729**	39.567.822
Берешек коэффициенті	**2,54**	3,58

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

32. Есепті күннен кейінгі оқиғалар

2020 жылғы 6 қаңтарда, «Vostochka» көпфункционалды тұрғын-үй кешенінің құрылысын қаржыландыру мақсатында «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ-мен 7.100.000 мың теңге лимитімен несие шарты жасалды. Несие шартының мерзімі – 4 ай, сыйақы мөлшерлемесі – 10%.

2020 жылғы 24 қаңтарда «Berkut Development» ЖШС-пен Құрылысқа инвестициялау туралы шарт жасалды. Шарт талаптарына сай Топ инвестицияларының құны 7.100.000 мың теңге болды. Шарт «Vostochka» көпфункционалды тұрғын-үй кешенінің құрылысын аяқтау мақсатында жасалды.

SAMRUK-KAZYNA
CONSTRUCTION